



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
МИНИСТЕРСТВО ВНУТРЕННИХ ДЕЛ
КАРАГАНДИНСКАЯ АКАДЕМИЯ ИМЕНИ БАРИМБЕКА БЕЙСЕНОВА

KARAGANDA ACADEMY
OF THE MINISTRY OF INTERNAL AFFAIRS
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN NAMED AFTER B. BEYSENOV



ХАБАРШЫ – ВЕСТНИК

№ 2 (76)

2022

Қазақстан Республикасы ІІМ
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының
2022 жылғы 30 маусым
№ 2(76)
«ХАБАРШЫ — ВЕСТНИК» журналы

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат
министрлігінде тіркелген

31.05.2012 ж. № 12781-Ж Куәлік

Серия 1972 жылы құрылған.

Ғылыми жұмыстың негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан
Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті
ұсынатын басылымдар тізбесіне енгізілген
(Қазақстан Республикасы БҒМ 2021 жылғы 11 ақпандағы
№ 2 ҚБПУ бұйрығы).

Бас редакторы

О. Т. Сейтжанов, заң ғылымдарының кандидаты, доцент

Редакциялық алқа

М. Ю. Бурдин, заң ғылымдарының докторы, профессор
(Украина);

В. Н. Стратонов, заң ғылымдарының докторы, профессор,
Украинаның еңбек сіңірген заңгері;

А. Х. Миндагулов, заң ғылымдарының докторы, профессор
(Ресей Федерациясы);

У. Х. Мухамедов, заң ғылымдарының докторы, профессор
(Өзбекстан Республикасы);

И. А. Насонова, заң ғылымдарының докторы, профессор
(Ресей Федерациясы);

Н. С. Нижник, заң ғылымдарының докторы, профессор,
Жоғары мектептің еңбек сіңірген қызметкері
(Ресей Федерациясы);

К. М. Осмоналиев, заң ғылымдарының докторы, профессор
(Қырғызстан Республикасы);

В. В. Кожокар, заң ғылымдарының кандидаты
(Ресей Федерациясы);

П. В. Гридюшко, заң ғылымдарының кандидаты, доцент
(Беларусь Республикасы);

Уфук Айхан, қауымдастырылған профессор
(Түрік Республикасы);

И. Ш. Борчаивили, заң ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері;

С. Е. Қайыржанова, заң ғылымдарының докторы, доцент;

М. Ч. Қоғамов, заң ғылымдарының докторы, профессор;

К. С. Лакбаев, заң ғылымдарының докторы, профессор;

С. С. Молдабаев, заң ғылымдарының докторы, профессор;

Е. О. Түзелбаев, заң ғылымдарының докторы, профессор;

З. С. Тоқыбаев, заң ғылымдарының докторы, профессор;

А. Д. Шаймұханов, заң ғылымдарының докторы, профессор;

С. Қ. Алтайбаев, заң ғылымдарының кандидаты;

А. Б. Жақулин, заң ғылымдарының кандидаты, доцент;

Ж. Ш. Құсайынов, заң ғылымдарының магистрі

(жауапты хатшы).

Нөмірмен жұмыс
істегендер

Редакторлар

Лухтина Е. Ю.

Қалиев Б. А.

Дизайн,
техникалық редакциялау
және компьютерлік
беттеу:

Аубакирова С. М.

Басуға 10.03.2022 ж.
тапсырылды

Баспаға 20.06.2022 ж.
қол қойылды

Шартты баспа табақ 29,5.

Формат 60×84^{1/8}.

Офсеттік қағаз.

Баспа офсеттік.

Тапсырыс № 965.

Тиражы 200 дана.

Тоқсанына 1 рет
басылып шығарылады

Редакция материалдарды
қайтармайды.

Материалдарды қайта басып
шығару редакцияның
рұқсатымен ғана мүмкін.

Қазақстан Республикасы ІІМ
Б. Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының
2022 жылға Ведомстволық
әдебиетті басып шығарудың
тақырыптық жоспары
№ 2 позициясы.

Қазақстан Республикасы ІІМ
Б. Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының
баспаханасында басылған,
Қарағанды қ.,
Ермеков көшесі, 124.

журнал «ХАБАРШЫ — ВЕСТНИК»
Карагандинской академии
МВД РК им. Баримбека Бейсенова
№ 2 (76) за 2022 год
30 июня

Зарегистрирован в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан,
свидетельство № 12781-Ж от 31.05.2012 г.

Серия основана в 1972 г.

Включен в перечень изданий, рекомендуемых Комитетом по обеспечению качества в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан для публикации основных результатов научной деятельности (приказ МОН РК № 2 ДСП от 11 февраля 2021 года).

Главный редактор

О. Т. Сейтжанов, кандидат юридических наук, доцент

Редакционная коллегия

М. Ю. Бурдин, доктор юридических наук, профессор
(Украина);

В. Н. Стратонов, доктор юридических наук, профессор,
Заслуженный юрист Украины;

А. Х. Миндагулов, доктор юридических наук, профессор
(Российская Федерация);

У. Х. Мухамедов, доктор юридических наук, профессор
(Республика Узбекистан);

И. А. Насонова, доктор юридических наук, профессор
(Российская Федерация);

Н. С. Нижник, доктор юридических наук, профессор,
Заслуженный работник высшей школы
(Российская Федерация);

К. М. Осмоналиев, доктор юридических наук, профессор
(Кыргызская Республика);

В. В. Кожокар, кандидат юридических наук
(Российская Федерация);

П. В. Грідюшко, кандидат юридических наук, доцент
(Республика Беларусь);

Уфук Айхан, ассоциированный профессор
(Турецкая Республика);

И. Ш. Борчаишвили, доктор юридических наук, профессор,
Заслуженный деятель Казахстана;

С. Е. Каиржанова, доктор юридических наук, доцент;

М. Ч. Козамов, доктор юридических наук, профессор;

К. С. Лакбаев, доктор юридических наук, профессор;

С. С. Молдабаев, доктор юридических наук, профессор;

Е. О. Тузельбаев, доктор юридических наук, профессор;

З. С. Токубаев, доктор юридических наук, профессор;

А. Д. Шаймуханов, доктор юридических наук, профессор;

С. К. Алтайбаев, кандидат юридических наук;

А. Б. Жакулин, кандидат юридических наук, доцент;

Ж. Ш. Кусаинов, магистр юридических наук
(ответственный секретарь).

**Над номером
работали**

Редакторы

Е. Ю. Лухтина,
Б. А. Қалиев

**Дизайн,
техническое
редактирование,
компьютерная вёрстка:**

С. М. Аубакирова

Сдано в набор 10.03.2022.
Подписано в печать 20.06.2022.

Усл. печ. л. 29,5.
Формат 60×84¹/₈.
Бумага офсетная.
Печать офсетная.
Заказ № 965.
Тираж 200 экз.

Издается 1 раз в квартал

Материалы редакцией
не возвращаются.
Перепечатка материалов
возможна только
с разрешения редакции.

Тематический план издания
ведомственной литературы
Карагандинской академии
МВД РК им. Б. Бейсенова
на 2022 г., позиция № 2.
Отпечатано в типографии
Карагандинской академии
МВД РК им. Б. Бейсенова,
г. Караганда,
ул. Еремеева, 124.

**The journal «KHABARSHI — VESTNIK»
of the Karaganda Academy
of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan
No. 2 (76) for 2022
June 30**

**Registered with the Ministry of Culture and
Information of the Republic of Kazakhstan,
certificate No. 12781-Zh of 31.05.2012**

The series was founded in 1972.

It is included in the list of publications recommended by the
Committee for Quality Assurance in the Field of Education and
Science of the Ministry of Education and Science of the Republic
of Kazakhstan for the publication of the main results of scientific
activity (Order of the Ministry of Education and Science of the
Republic of Kazakhstan No. 2 for official use dated
February 11, 2021).

Chief editor

O. T. Seyitzhanov, *Candidate of Law, Associate Professor*

Editorial board

M. Y. Burdin, *Doctor of Law, Professor*
(Ukraine);

V. N. Stratonov, *Doctor of Law, Professor,*
Honored Lawyer of Ukraine;

A. Kh. Mindagulov, *Doctor of Law, Professor*
(Russian Federation);

U. H. Mukhamedov, *Doctor of Law, Professor*
(Republic of Uzbekistan);

I. A. Nasonova, *Doctor of Law, Professor*
(Russian Federation);

N. S. Nizhnik, *Doctor of Law,*
Professor, Honored Worker of Higher Education
(Russian Federation);

K. M. Osmonaliev, *Doctor of Law, Professor*
(Kyrgyz Republic);

V. V. Kozhokar, *Candidate of Law*
(Russian Federation);

P. Gridyushko, *candidate of legal Sciences, associate Professor*
(Republic Of Belarus);

Ufuk Ayhan, *Associate Professor*
(Turkish Republic);

I. Sh. Borchashvili, *doctor of law, Professor,*
honored worker of Kazakhstan;

S. E. Kairzhanova, *doctor of legal Sciences, associate Professor;*

M. H. Kogamov, *doctor of law, Professor;*

K. S. Sakbaev, *doctor of law, Professor;*

S. S. Moldabaev, *doctor of law, Professor;*

E. O. Tuzelbaev, *doctor of law, Professor;*

Z. S. Tokubaev, *doctor of law, Professor;*

A. D. Shaimukhanov, *doctor of law, Professor;*

S. K. Altybaev, *candidate of legal Sciences;*

A. B. Jakulin, *candidate of legal Sciences, associate Professor;*

Zh. Sh. Kussainov, *Master of Laws*
(Executive Secretary).

Worked on the issue:

Editors:

E. Yu. Lukhtina,
B. A. Kaliev

Design,
technical editing,
computer layout:

S. M. Aubakirova

Submitted to the set on
10.03.2022.

Signed to the press in 20.06.2022.

Conditional printed sheet 29,5.

The format is 60×84¹/₈.

Offset paper.

Offset printing.

Order No. 965.

Edition of 200 copies.

Published 1 time per quarter

Materials are not returned
by the editorial board.

Reprint of materials is possible
only with the permission
of the editorial board.

Thematic plan of publishing
departmental literature of the
Karaganda Academy of the
Ministry of Internal Affairs
of the Republic of Kazakhstan
named after B. Beisenov for
2022, position No.2.

Printed in the printing house of
the Karaganda Academy of the
Ministry of Internal Affairs of
the Republic of Kazakhstan
named after B. Beisenov,

Karaganda,
Yermekova str., 124.

ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ
ПРОБЛЕМЫ ПРАВА И ПРАВОПРИМЕНЕНИЯ
THE PROBLEMS OF LAW AND LAW ENFORCEMENT

ӘОЖ 10.79.51

Абугалиев Қ.Н.,

*Ғылыми-зерттеу институты ІІО тарихын зерттеу орталығының бастығы,
филология ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., e-mail: kanat_an@mail.ru)*

Алдабергенова Н.А.,

*құқықтану және халықаралық құқық кафедрасының доценті,
заң ғылымдарының кандидаты
(«Тұран» Университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
e-mail: nonna.aldabergen@mail.ru)*

**Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша
іс жүргізу мәселелері**

Аннотация. Қылмыстық процестің екі мақсаты бар: тікелей — әрбір қылмыс жасаған адам әділ жазаға тартылуы тиіс; әрбір кінәсіз адам қылмыстық жауапкершілікке тартылып, сотталмасын; жалпы — заңдылықты нығайту; қылмыстардың алдын алу және жою; азаматтарды құқықтық және адамгершілікке тәрбиелеу. Қылмыстық-процестік кодекстің 11-бөлімінде «Ерекше іс жүргізу» деген жеке бөлімде жеке санаттағы істер бойынша іс жүргізу ережелері мен тәртібі туралы төрт тарау қарастырылған. Мақалада осы ерекше іс жүргізу түрлері жайындағы мәселе қозғалған. Сондай-ақ аталған ерекше іс жүргізудегі есі дұрыс емес адамдарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істер бойынша сот ісін жүргізуге қатысты проблемалар саралана айтылып, авторлар өзіндік көзқарастары мен ұсынымдарын ортаға салған.

Негізгі сөздер: қылмыстық процесс, ерекше іс жүргізу, есі дұрыстық, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары, заңдылық, адам құқықтары, стока дейінгі тергеп-тексеру, заңды өкіл.

Қазақстан Республикасы ҚПК 11-бөлімінде «Ерекше іс жүргізу» деген жеке бөлім қарастырылған. Бұл бөлімде, жалпы тәртіпте жүргізілетін іс жүргізуден ерекшеленетін, жеке санаттағы істер бойынша іс жүргізу ережелері мен тәртібі туралы төрт тарау көзделген.

Т.В. Трубникова атап көрсеткендей, РФ ҚПК (18.12.2000 ж. қабылданған) ерекшеленетін бір көрінісі қылмыстық іс бойынша сот ісін жүргізу тәртібінің дифференциациясының үлкен деңгейі. Осылайша, қылмыстық процесте қылмыстық-процесуалдық нысанның және диспозитивтік бастаулардың кеңірек деңгейінен тұратын (кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық іс бойынша іс жүргізу) қарапайым іс жүргізуден ерекшеленетін, бірнеше сот ісін жүргізудің күрделі процесуалдық нысанында іс жүргізуді бөліп қарастыруға болады.

Бұдан ары ол былай деп көрсетеді, қылмыстық процестің аясында әртүрлі күрделілік деңгейінде және әртүрлі жария және диспозитивтік бастаулар қатынасында болатын іс жүргізулердің орын алуы, бірегей оң бағалануы тиіс [1, 191].

Осылайша, қылмыстық процестің дифференциациясы (бүтіннің әртүрлі нысанға бөлінуі) жалпы тәртіптен екі бағытта дамиды: а) жалпы тәртіптің күрделенуі; б) жалпы тәртіптің жеңілдетілуі. Қазақстан Республикасының заңнамасына келетін болсақ, ерекше іс жүргізуге жалпы тәртіптің күрделенуін де, жеңілдетілуін де жатқызады.

Қылмыстық процесс — бұл құқықтық практиканың күрделі және жоғары ұйымдастырылған саласы. Оның құрылымында қоғамдастықтың әртүрлі деңгейлерінің элементтері, ең алдымен, қылмыстық іс жүргізу қызметінің дербес кезеңдері бөлінеді. Қазіргі қылмыстық

процесте өз кезегінде компоненттерге бөлінетін сатылар ерекшеленеді. Бірақ олардың барлығы, сайып келгенде, жеке процедуралық әрекеттерді қамтиды [2, 3].

Іс бойынша іс жүргізудің ерекше сипатын анықтайтын маңызды белгілердің бірі ретінде, арнайы субъектінің болуы танылады. Сонымен қатар, арнайы субъект ерекше іс жүргізудің барлық түрлері бойынша бола бермейді. Бұл жерде сөз қылмыстық-құқықтық мағынада арнайы болып табылатын субъектілер жөнінде болып отыр. Белгілі болғандай, арнайы субъектінің белгілері төмендегідей жағдайлармен анықталады: тұлғаның лауазымдық жағдайы; тұлғаның кәсіби міндеті; тұлғаның азаматтығы; туыстық қатынастар; әскери қызметке қатыстылығы және т. б. Осы айтылғандарға байланысты А.С. Шаталовтың былай деп жазған пікірі қызығушылық тудырады: «Кәмелетке толмағандардан және психикалық ауытқулардан зардап шегетін тұлғалардан бөлек, қылмыстық сот ісін жүргізудің жалпы тәртібінен оқшаулау заң жүзінде жариялы түрде қызметпен айналысатын ауқымды арнайы субъектілердің аясына таратылған» [3, 129].

Қазақстан Республикасы ҚПК 11-бөлімінің құрылымына сәйкес, ерекше іс жүргізу төрт түрге бөлінеді:

- 1) медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша іс жүргізу;
- 2) қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу ерекшеліктері;
- 3) кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы істер бойынша іс жүргізу;
- 4) қылмыстық қудалаудан артықшылықтары мен иммунитеті бар адамдардың істері бойынша іс жүргізу ерекшеліктері [4].

Бұдан бөлек, іс жүргізудің басқа түрлерінің де ерекшеліктерге ие екендігін атап өткен жөн. Мысалы, іс жүргізудің келісушілік түрі, алқабилердің қатысуымен болатын іс жүргізуді жалпы тәртіпте өтетін іс жүргізуден айтарлықтай ерекшелігінің болуына байланысты ерекше тәртіпте болатын іс жүргізудің қатарына жатқызуға әбден болады. Алайда ҚПК заң тұрғысындағы құрылымы «Ерекше іс жүргізу» ұғымына кеңірек түсінік беруге мүмкіндік бермейді. Сондықтан, ерекше іс жүргізуді қарастыру осы аталған төрт бөлім аясында ғана болады.

Біз осы аталған ерекше іс жүргізу қатарынан есі дұрыс емес адамдарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істер бойынша сот ісін жүргізу мәселелеріне тоқталуды жөн көрдік.

Қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті тұлғаның есі дұрыс емес күйде жасауы нәтижесінде пайда болатын құқық бұзушылық Қазақстан Республикасы ҚПК 509–524-баптарымен реттеледі.

Қазақстан Республикасы ҚК 16-бабына сәйкес, көзделген қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасаған уақытта есі дұрыс емес күйде болған, яғни созылмалы психикалық ауруы, психикасының уақытша бұзылуы, ақыл-есінің кемдігі немесе психикасының өзге де дертке ұшырауы салдарынан өзінің әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін ұғына алмаған немесе оларға ие бола алмаған адам қылмыстық жауаптылыққа жатпайды. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы ҚК 75-бабының 1-бөлігіне сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін оны өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін ұғыну не оған ие болу мүмкіндігінен айыратын психикасының бұзылуы пайда болған адамды сот жазадан босатады, ал жазасын өтеп жатқан адамды сот оны одан әрі өтеуден босатады. Қазақстан Республикасы ҚК 16 және 75-баптарында көзделген адамдарға қатысты, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылады. Қазақстан Республикасы ҚК 93-бабына сәйкес бұл шаралар қатарына мынандай медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түрлері кіреді:

- 1) амбулаториялық мәжбүрлеп байқау және психиатрда емдеу;
- 2) жалпы үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу;
- 3) мамандандырылған үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу;
- 4) интенсивті байқайтын мамандандырылған үлгідегі психиат-

риялық стационарда мәжбүрлеп емдеу; 5) химиялық кастрациялау түрінде мәжбүрлеп емдеу және сексуалдық зорлық-зомбылыққа бейімділік пен сексуалдық артықшылық беруінің бұзылуын емдеу [5].

Осылайша, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану туралы істер бойынша іс жүргізудің негізі төмендегідей болмақ:

1) адам қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті есі дұрыс емес күйде жасаса; 2) адам қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті жасаған соң психикасы бұзылып ауырса.

Бірақ кез келген психикалық ауру медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану үшін негіз болып табылмайды. Заң жүзінде бұндай мәжбүрлеудің заңды болып табылатын шарттары белгіленген, яғни:

1) психикасының дертті бұзылулары өзіне немесе басқа адамдарға қауіп төндірумен байланысты болса; 2) өзге де елеулі мүліктік зиян келтіру мүмкіндігімен байланысты болса.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы іс жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасы ҚПК-де бектіліген жалпы ережелермен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ҚПК 54-тарауының ережелерінде көзделген ерекшеліктермен анықталады

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану туралы істер бойынша алдын ала тергеу жүргізу міндетті болып табылады.

Аталған істер бойынша дәлелдеу пәні күрделі сипатта болады. Дәлелдеудің жалпы пәні Қазақстан Республикасы ҚПК 113-бабының ережелеріне сәйкес анықталады. Бұдан бөлек дәлелдеудің арнайы пәні қарастырылады. Қазақстан Республикасы ҚПК 510-бабының 2-бөлігіне сәйкес алдын ала тергеу жүргізу кезінде мынадай мән-жайлар анықталуға тиіс:

1) жасалған іс-әрекеттің уақыты, орны, тәсілі мен басқа да мән-жайлары; 2) осы адамның қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті жасағаны; 3) іс-әрекетпен келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері; 4) қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті жасаған адамның оны жасағанға дейінгі, сондай-ақ одан кейінгі мінез-құлқы; 5) осы адамда бұдан бұрын психикасының бұзылуы болған-болмағаны, қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті жасау кезінде немесе істі қарау кезінде психикалық ауыру дәрежесі мен сипаты.

Дәлелдеудің жалпы және арнайы пәндерін салыстыру, Қазақстан Республикасы ҚПК 510-бабының 1, 2, 3-бөліктері 113-бабының 1-бөлігінің 1), 2), 7) тармақшаларымен сәйкес келетінін куәландырады. Яғни дәлелдеудің жалпы пәнінің аталған элементтері дәлелдеудің арнайы пәнінің элементтерінің тізімінде жаңғыртылып отыр.

Дәлелдеу пәнінің нақты деректермен қамтамасыз етілуінің маңыздылығы Қазақстан Республикасы ҚК 17-бабында көрсетілген белгілердің бар болуы туралы сұрақтарды шешумен байланысты. Сөз есі дұрыстылықты жоққа шығармайтын, психикасы бұзылып ауырған адамдардың қылмыстық жауаптылығы туралы болып отыр. Солай бола тұра, бұндай адам медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасына ұшырауы мүмкін.

Медициналық сипаттағы шараларды қолдануда заңдылық, ізгілік, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау принциптері басты басшылыққа алынады. Есі дұрыс еместің психикалық ауруының сипаты мен дәрежесін есепке ала отырып оған қатысты төмендегідей қауіпсіздік шаралары қолданылуы мүмкін:

1) денсаулық сақтау органдарын хабардар ете отырып, ауруды туыстарының, қорғаншыларының, қамқоршыларының қарауына беру; 2) психиатриялық көмек көрсететін арнаулы медициналық ұйымға орналастыру.

Психикалық аурулардан зардап шегетін адамдарға бұлтартпау шараларын қолдануға болмайды.

Ауруды туыстарының, қорғаншыларының, қамқоршыларының қарауына беру, Қазақстан Республикасы ҚПК 512-бабының ережелерімен реттеледі.

Егер ауырған адам өзі және айналасындағылар үшін қауіп төндірмесе, туыстарының, қорғаншыларының, қамқоршыларының қарауда ұстауына берілуі мүмкін. Бұндай жағдайда ауырған адамның туыстарының, қорғаншыларының, қамқоршыларының оған қарау туралы жазбаша келісімін алу қажет.

Туыстары, қорғаншылары, қамқоршылары қарауда ұстауды жүзеге асырудан бас тартқан жағдайда, ауырған адам медициналық ұйымға орналастырылуы мүмкін.

Мамандандырылған медициналық ұйымға орналастыру Қазақстан Республикасы ҚПК 513-бабының ережелерімен реттеледі.

Қауіпсіздік шараларының бұл түрінің негізінде БҰҰ-да тұтқындалғандармен қарым-қатынастың минималды стандарттарының ережесі бар (1955 ж.). Аталған ереженің 22, 24, 83-баптарына сәйкес, жан күйзелесімен ауыратын адамдарды, мәжбүрлеп тұтқындауға болмайды. Егер, адамның ауру екендігі тұтқындалғанда анықталса, оны тез арада жан күйзелісімен ауыратын адамдарға арналған ұйымға ауыстыру жөнінде шаралар қабылдануы керек, оларды қарауға алып, арнайы психиатриялық ұйымдарда дәрігердің басшылығымен емдеу керек.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану туралы істер бойынша іс жүргізудің ерекшелігін ескере отырып заң шығарушы қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті есі дұрыс емес күйде жасаған немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін психикасының бұзылуымен ауырған адамға қатысты істі бөліп шығару арқылы іс жүргізуді қарастырған.

Бұндай істің материалдарын жеке іс жүргізуге бөлу Қазақстан Республикасы ҚПК 44-бабында көзделген жалпы тәртіпте жүзеге асырылады. Бірақ, істі бөлу сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында ғана мүмкін.

Психикалық ауру адам өзінің іс-әрекеттерінің мәнін ұғына алмауымен немесе оны басқара алмауымен сипатталады. Психикалық ауру уақытша, сондай-ақ тұрақты, яғни ұзақ созылмалы сипатта болуы мүмкін. Адам психикалық ауру немесе есі дұрыс емес күйінде өздігінен өзінің құқықтарын пайдалануға және қылмыстық процестің қатысушысының міндеттерін атқаруға (мысалы, қылмыстық қудалау органына өкілетті тұлғаның шақыруы бойынша келуге), сондай-ақ өзінің заңды мүддесін қорғауға қабілетсіз болады.

Осы ерекшеліктерді ескере отырып, адамның ауру екендігінің нәтижесінде оған қатысты медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану қажет болған жағдайда, оның заңды өкілінің процеске қатысуы қамтамасыз етіледі.

Заңды өкіл процеске кіріскен жағдайда, оған Қазақстан Республикасы ҚПК 516-бабында көзделген процесуалдық құқықтарының түсіндірілгені туралы Қазақстан Республикасы ҚПК 199-бабында көрсетілген ережелерге сай хаттама жасалады.

Қорғаушының қатысуы Қазақстан Республикасы ҚПК 517-бабының ережелерімен реттеледі.

Есі дұрыс емес адамның процесуалдық әрекетсіздігі іске қорғаушының міндетті қатысуының негізі болып табылады. Қорғаушының іске жіберілуі өзіне қатысты іс жүргізіліп отырған адамның есінің дұрыс еместігі немесе психикасының бұзылуы фактісі анықталған кезден бастап міндетті болып табылады. Сонымен қатар, қорғаушы басқа да негіздер бойынша іске одан ерте кезеңде де жіберілуі мүмкін (мысалы, адамға он жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру тағайындалуы мүмкін болатын қылмысты жасады деп күдік келтірілсе жіне т. б.).

Іске кіріскен қорғаушы Қазақстан Республикасы ҚПК 70-бабында көзделген құқықтарға ие, сондай-ақ егер бұған қорғалушының денсаулық жағдайы кедергі келтірмейтін болса, қорғауындағы адаммен оңаша кездесуге құқығы бар.

Психикалық аурумен ауыратын адамның Қазақстан Республикасы ҚПК 69-бабының 1-бөлігіне сәйкес қорғаушыдан бас тартуы мүмкін емес, өйткені бұндай істер бойынша қорғаушының қатысуы міндетті.

Алдын ала тергеудің аяқталуы Қазақстан Республикасы ҚПК 518-бабының ережелерімен реттеледі.

Бұдан бұрын айтылып кеткендей, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істер бойынша алдын ала тергеу жүргізу міндетті болып табылады.

Алдын ала тергеу аяқталғаннан кейін, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам, қаулы түрінде төмендегі шешімдердің бірін қабылдайды:

1) Қазақстан Республикасы ҚПК 35-бабында және 288-бабының бесінші бөлігінде көзделген жағдайларда, сондай-ақ психикасының дертті бұзылуы өзіне немесе басқа адамдарға қауіп төндірумен не өзге елеулі зиян келтіру мүмкіндігімен байланысты болмағанда, іс жүргізудегі істі тоқтату туралы;

2) медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін істі сотқа жіберу туралы қаулы шығарады.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану туралы істер бойынша сотта іс жүргізу Қазақстан Республикасы ҚПК 519–521-баптарымен реттеледі.

Бұл санаттағы істерді, әдетте, судья жеке дара қарайды. Бірақ, аса ауыр қылмыстар бойынша соттың құрамы күрделі болады. Қазақстан Республикасы ҚПК 52-бабының ережелеріне сәйкес бұндай істер алқа билердің қатысуымен қаралады. Мұндай істер аудандық және оған теңестірілген соттардың соттылығына жатады. Қылмыстық іс бойынша бірінші сатыдағы соттың шығарған үкімін апелляциялық тәртіппен қараған кезде медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы мәселе де апелляциялық сотпен қаралуы мүмкін.

Егер апелляциялық тәртіпте аса ауыр қылмыстар бойынша істер қаралса немесе бірінші сатыда іс алқа билердің қатысуымен қаралса, онда апелляциялық тәртіпте іс қарау алқалы түрде төрағаның және алқаның кемінде екі судьясының құрамымен жүзеге асырылады.

Сот талқылауы барысында төмендегідей мәселелер:

1) қылмыстық заңда көзделген іс-әрекеттің орын алғаны-алмағаны; 2) ісі қаралып отырған адамның іс-әрекетті жасағаны-жасамағаны; 3) ісі қаралып отырған адамның іс-әрекетті есі дұрыс емес күйде жасағаны-жасамағаны; 4) осы адамның қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті жасағаннан кейін жаза тағайындау немесе оны орындау мүмкін болмайтындай психикасының бұзылуымен ауырғаны-ауырмағаны; 5) адамның психикасының дертті бұзылуы оның өзі немесе басқа адамдар үшін қауіп не оның өзге де елеулі зиян келтіру мүмкіндігін туғызатыны-туғызбайтыны; 6) медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасы және оның нақты қайсысы қолданылатыны зерттелуге және шешілуге тиіс.

Егер есі дұрыс емес адам өзінің психикалық жай-күйі бойынша қауіп төндірмейтін болса, сот істі тоқтату туралы және медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданбау туралы қаулы шығарады.

Сот осы адамның іс-әрекетті жасауға қатысқаны дәлелденген жоқ деп таныған, сол сияқты Қазақстан Республикасы ҚПК 35-бабы 1-бөлігінің 1)-12) тармақтарында («Іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар») көзделген мән-жайлар белгіленген кезде, сот өзі белгілеген негіз бойынша адамда аурудың болуына және оның сипатына қарамастан істі тоқтату туралы қаулы шығарады.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданбай іс тоқтатылған кезде, сот қаулысының көшірмесі психиатриялық көмекке мұқтаж адамдарды емдеу немесе психоневрологиялық мекемеге жіберу туралы мәселені шешу үшін бес тәулік ішінде денсаулық сақтау органдарына жіберіледі.

Соттың медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану туралы қаулысына апелляциялық тәртіппен шағым келтірілуі мүмкін. Өз кезегінде, айыптау үкімінің күшін жою туралы және Қазақстан Республикасы ҚПК 439-бабында көзделген негіздер бойынша істі тоқтату туралы апелляциялық сатыдағы соттың қаулысына кассациялық тәртіппен шағым келтіруге болады (Қазақстан Республикасы ҚПК 522-бабы). Бұндай тәртіпте шағым келтіруге

құқылы тұлғаларға қорғаушы, жәбірленуші және оның өкілі, өзіне қатысты іс қаралып отырған адамның заңды өкілі немесе жақын туысы, сондай-ақ наразылық келтіруге құқылы прокурор жатады.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану тоқтатылуы, өзгертілуі және ұзартылуы мүмкін. Нақты шешімнің қабылдануы Қазақстан Республикасы ҚК 96-бабының ережелерінде көзделген мәжбүрлеп емдеуді жүзеге асыратын ұйымының ұсынысына негізделеді. Сондай-ақ ұсыныс психиатр дәрігерлердің қорытындысының негізінде жасалады.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдануға ұшыраған адам, алты айда бір реттен кем емес психиатр дәрігерлердің куәландыруына жатады. Куәландырудың қорытындысы бойынша бұндай шараның тоқтатылуына немесе өзгертілуіне сотқа ұсыныс енгізу үшін негіздердің бар немесе жоқ екендігі туралы мәселелер шешіледі. Егер бұндай негіздер жоқ болса, онда мәжбүрлеп емдеуді жүзеге асыратын ұйымның басшысы, сотқа мәжбүрлеп емдеуді ұзарту үшін қорытынды ұсынады.

Бірінші емделуді ұзарту үшін бұндай ем басталғаннан кейін алты ай уақыттың өткендігі жеткілікті. Одан арғы ұзарту, қажет болған жағдайда жылына бір рет жүзеге асырылады.

Сот медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдануға ұшыраған адамның психикалық жай-күйі бұдан бұрын тағайындалған шараны қолдану қажеттігі жойылатын жағдайда болғанда, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын тоқтатады немесе өзгертеді.

Егер медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасының күші жазаны толық өтемеген сотталған адамның сауығуына байланысты жойылған болса, сот бұл кезде айыптау үкімін орындаудың ескіру мерзімі өтіп кетпесе, осы адамның жазаның қалған бөлігін өтеуін қайта бастау үшін қаулының көшірмесін жазаны орындайтын мекемеге немесе органға жібереді.

Медициналық ұйымда өткізілген уақыт жазаны өтеу мерзіміне есептеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Трубникова Т.В. Упрощенные судебные производства в УПК РФ // Материалы международной научно-практической конференции, посвященной принятию нового Уголовно-процессуального кодекса Российской Федерации. 4–6 февраля 2002г., г. Москва. — М., 2002. — 191–192 бб.
2. Абеуов Д.А. Некоторые особенности дифференциации процессуальных форм в уголовном процессе Республики Казахстан // «Хабаршы — Вестник» Карагандинской академии МВД РК им. Б. Бейсенова. — 2020. — № 4. — С. 3–7.
3. Шаталов А.С. Специальные субъекты в уголовном судопроизводстве России: порядок уголовного преследования // Журнал российского права. — 2016. — № 1. — 128–138 бб.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. — 2014 жылдың 4 шілдесінде қабылданған. 2015 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енді // Егемен Қазақстан. 2014. 10 шілде.
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. ҚР 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ // Егемен Қазақстан 2014. 9 шілде № 132 (28356); Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 13-1, 83-құжат.

Абугалиев К.Н.,
начальник центра по исследованию истории органов внутренних дел
Научно-исследовательского института,
кандидат филологических наук, подполковник полиции
(Карагандинская академия МВД РК им. Б. Бейсенова,
г. Караганда, Республика Казахстан, e-mail: kanat_an@mail.ru)
Алдабергенова Н.А.,
доцент кафедры юриспруденции и международного права,
кандидат юридических наук
(Университет «Туран», г. Алматы, Республика Казахстан,
e-mail: nonna.aldabergen@mail.ru)

Процессуальные вопросы по применению принудительных мер медицинского характера

Аннотация. Институт принудительных мер медицинского характера сложен и многоаспектен, он играет важную роль в решении проблемы повышения эффективности норм уголовного права в сфере обеспечения безопасности общества от социально опасных действий лиц, страдающих психическими расстройствами. В данной работе раскрываются проблемы и перспективы совершенствования института принудительных мер медицинского характера, рассмотрены характерные особенности мер, применяемых к ограниченно вменяемым и невменяемым лицам, затронуты вопросы специфики этих видов судопроизводства. Авторы предприняли попытку изложить свои взгляды применительно к данной проблеме, которые в значительной степени влияют на практическую деятельность.

Ключевые слова: уголовный процесс, особое производство, вменяемость, принудительные меры медицинского характера, законность, права человека, досудебное расследование, законный представитель.

K.N. Abugaliev,
Head of the Center for the Study of the History of Internal Affairs
of the Research Institute,
candidate of Philology, police lieutenant colonel
(Karaganda academy of the Ministry of Internal Affairs
of the Republic of Kazakhstan named after B. Beysenov, e-mail: kanat_an@mail.ru);
N.A. Aldabergenova,
Associate Professor of the Department of Jurisprudence and International Law,
Candidate of Law
(«Turan» University, Almaty, Republic of Kazakhstan,
e-mail: nonna.aldabergen@mail.ru)

Procedural issues on the application of compulsory medical measures

Annotation. The criminal process has two goals: directly — every person who has committed a crime should be subjected to fair punishment; every innocent person should be brought to criminal responsibility and not tried; in general — strengthening the rule of law; prevention and elimination of crimes; legal and moral education of citizens. In section 11 of the Code of Criminal Procedure, a separate section «special proceedings» provides for four chapters on the rules and procedure of proceedings in cases of certain categories. The article touches upon the issue of these specific types of office work. Also, in this special proceeding, the problems concerning the judicial proceedings in cases of the application of compulsory medical measures to the insane were analyzed, the authors expressed their views and recommendations.

Keywords: criminal proceedings, special proceedings, sanity, compulsory medical measures, legality, human rights, pre-trial investigation, legal representative.



ӘОЖ 343.26

Алибекова А.М.,
*арнайы заң пәндері кафедрасының доценті,
заң ғылымдарының кандидаты, кіші әділет кеңесшісі*
(Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасы жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясы, Қосшы қ., e-mail: aselam@mail.ru)

Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша бас бостандығын шектеуді құқықтық регламенттеудің кейбір мәселелері

Аннотация. Ғылыми мақалада жазаның негізгі түрлерінің бірі бас бостандығын шектеудің құқықтық реттеу сұрақтары бойынша қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасының нормаларына салыстырмалы-құқықтық талдау жасалды. Жұмысты дайындау барысында нормалар бұрын қолданыста болған қылмыстық және қылмыстық-атқару кодекстерінде қаралып отырған жаза түрінің ерекшеліктері мен мазмұндық белгілерін анықтау, бас бостандығын шектеуді оған ұқсас белгілері бар институттардан ажырату (қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жаза және шартты түрде соттау) мәселелері зерттелген. Автор талдау негізінде бас бостандығын шектеудің белгілері анықталды. Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша автор қылмыстық жаза түрі ретінде бас бостандығын шектеу туралы қылмыстық заңнама нормаларын жетілдіру бойынша қорытындылар мен ұсынымдар дайындады.

Негізгі сөздер: қылмыстық заң, қылмыстық жаза, бас бостандығын шектеу, мәжбүрлі еңбек, қылмыстық-атқару заңнамасы, құқықтық реттеу, салыстырмалы-құқықтық талдау, негізгі жаза.

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын реформалаудың қазіргі заманғы үрдістерінің бірі қылмыстық құқық бұзушылық жасауда кінәлі деп танылған адамдарға қатысты қоғамнан оқшаулауға байланысты емес қылмыстық жазаларды кеңінен қолдану болып табылады. Осындай жазалардың қатарында бас бостандығын шектеу жазасын анықтауға болады.

Қылмыстық заңнама нормаларына сәйкес бас бостандығын шектеу қылмыстық жаза ретінде сипатталады, оның мәні мамандандырылған мемлекеттік орган тарапынан оған қадағалауды жүзеге асыру жағдайында сотталушыны қоғамнан оқшауламай орындалатын, сот сотталған адамға салатын міндеттер мен тыйымдардың жиынтығын құрайды.

Бас бостандығын шектеу жазасының ерекшеліктері мен мазмұндық белгілері бұрын қолданыста болған қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамаларындағы ерекшеліктеріне талдау жасау барысында құқықтық реттеу мәселелеріне назар аударылған, қарастырылып отырған жазаның оған ұқсас белгілері бар институттардан ажырату мәселелері анықталған.

Негізгі бөлім. Бас бостандығынан шектеу жазасы қазіргі мағынадағы жазаның тәуелсіз түрі ретінде жақында қалыптасты. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі — ҚР ҚК) 40-бабының 1-бөлігіне сәйкес қолданылатын негізгі жазалардың бірі ретінде бас бостандығын шектеуді ең қатаң жазаға — бас бостандығынан айыруға балама жазалардың бірі ретінде анықтауға болады.

К.Х. Рахимбердин пікірі бойынша «бас бостандығын шектеу режимінде қарастырылған құқықтық талаптар жазалаушы сипатқа ие емес және сотталған адамның мінез-құлқымен байланысты жоғары қылмыстық қауіп көздеріне әсер ету үшін танылған, осы көздерді бұғаттап, оның әлеуметтік-бейтарап, ал болашақта пайдалы, қылмыстан кейінгі мінез-құлқын ынталандырады» [1].

Сонымен қатар, «жазаның бұл түрі қылмыстық сот төрелігін жүзеге асыруда оң аспектілерге ие, ол сотталушының әлеуметтік пайдалы байланыстардан алшақтамайтын белгілі бір өмір салтын сақтаудан тұрады. Сонымен бірге, зерттелетін жазаның мәні адамды өзінің еркін қозғалу құқығында айтарлықтай шектейді, бұл, әрине, қылмыскерге қатысты репрессивті шара ретінде қарастырылады. Салынған тыйымдар мен шектеулерге қарамастан, сотталған адам белгілі бір әлеуметтік-тәрбиелік іс-шаралардың ықпалына түседі, олардың

мақсаты сотталған адамды түзеу болып табылады» деген А.А. Примкулованың пікірін қолдаймыз [2, 187].

Жұмыс барысында өткізілген тарихи талдау бойынша кеңестік кезеңнің қылмыстық заңдарында, атап айтқанда 1922 және 1926 жж. РКФСР Қылмыстық кодекстерінде бас бостандығын шектеу түріндегі қылмыстық жаза туралы ережелер болған жоқ екендігіне көз жеткіземіз.

Қазақ КСР-інің 1959 жылғы 22 шілдедегі Қылмыстық кодексінде де жаза түрі ретінде бас бостандығын шектеу туралы норма қарастырылмаған. Бұл ретте бас бостандығын шектеуге ұқсас белгілері бар, қылмыстық іс-әрекет жасаған адамға қатысты сотталған адамды белгілі бір жерде міндетті түрде қоныстана отырып немесе белгілі бір жерлерде тұруға тыйым сала отырып, оның тұрғылықты жерінен шығарып жіберумен байланысты белгілі бір шектеулер мен тыйым салуларды қолдануға бағытталған жазалар қамтылған.

Осы кеңестік кезеңдегі қылмыстық заңнаманың ерекшелігі ретінде қылмыстық жазалар жүйесі бас бостандығынан айырудан айырмашылығы гуманистік мазмұнға ие өтпелі жазалар көздемедігін анықтауға болады.

1997 жылғы ҚР ҚК-нің қабылдануына байланысты қылмыстық жаза түрлері жүйесін құруда сапалы өзгерістер орын алды (қатандығы төмен түрлерден қатаң түрлеріне қарай). Жазалардың түрлерінің орналасуы жазаларды шартты түрде екіге бөлді: бас бостандығынан айыруға байланысты емес және нақты бас бостандығынан айыру. Жазалар жүйесінде бас бостандығын шектеу сияқты жазаның түрін қарастыра отырып, заң шығарушы бас бостандығын шектеудің құқықтық мазмұнын бас бостандығынан айыруға балама жаза ретінде анықтады. Жазаның бұл түрін енгізу қажеттілігі, біздің ойымызша, жалпы қылмыстық саясатты ізгілендіруге бағытталған өзгерістермен байланысты болды.

Токио ережелерінің нормаларына сәйкес «түрме жазасын негізсіз қолдануды болдырмау үшін қылмыстық сот төрелігі жүйесі түрмеге қамауға байланысты емес шаралардың кең таңдауын қарастыруы керек» [3]. Осыған байланысты қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жаза түрлерін кеңейту орынды болып көрінеді.

1996 жылғы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің модельдік Қылмыстық кодексі қылмыс жасағаны үшін негізгі жаза ретінде бас бостандығын шектеуді көздейді, ол сотталған адамды қоғамнан оқшаулаусыз қоныс-колонияда бір жылдан бес жылға дейінгі мерзімге қадағалауды жүзеге асыру жағдайларында ұстаудан тұрады [4]. Модельдік қылмыстық-атқару заңының нормаларына сәйкес «бас бостандығын шектеуге сотталған адамдар жазасын қоныс-колонияларда, әдетте, тұрақты тұратын немесе сотталған жері бойынша әкімшілік-аумақтық құрылу шегінде өтейді. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазасын өтеп жатқан адамдардың жұмыс орны бойынша ұйымдардың әкімшілігі денсаулық жағдайын және мүмкіндігінше оларда бар мамандықты ескере отырып, оларды еңбекке тартуды қамтамасыз етеді, кәсіптік бастауыш білім беруді немесе кәсіптік даярлықты ұйымдастырады және қажетті тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлар жасауға қатысады» [5].

1997 жылғы ҚР ҚК 45-бабының бастапқы редакциясы бас бостандығын шектеуді қолдану мерзімдері мен шарттарын белгілеу туралы нормаларын ғана емес, сонымен қатар бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу орнын да қамтиды. ҚР ҚК 1997 жылғы 45-бабының 1-бөлігіне сәйкес «бас бостандығын шектеу сотталған адамды қоғамнан оқшауламай арнаулы мекемеде бір жылдан бес жылға дейінгі мерзімде оны қадағалауды жүзеге асыру жағдайында ұстаудан тұрады» [6]. Сондай жаза өтеу орны ретінде Қазақстан Республикасының 1997 жылғы Қылмыстық-атқару кодексінің (бұдан әрі — ҚР ҚАК) 43-бабының 1-бөлігіне сәйкес «бас бостандығын шектеуге сотталған адамдар жазаны, әдетте, тұрақты тұратын немесе сотталған орны бойынша облыстың шегінде арнаулы мекемелерде — түзеу орталықтарында өтейді» делінген [7].

Жазаның осы түрін қылмыстық-құқықтық практикаға енгізу үшін сол кезеңде белгілі бір қиындықтар орын алған. Осыған байланысты заң шығарушы бас бостандығын шектеуді құқықтық регламенттеу туралы норманы қолданысқа енгізуді кейінге қалдыру туралы шешім қабылдайды. «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің күшіне енгізу туралы» 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына сәйкес «Осы Кодекстің бас бостандығын шектеу, қамауға алу, сондай-ақ өмір бойы бас бостандығынан айыру түріндегі жазалар туралы ережелері Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару кодексінің күшіне енгізілгеннен кейін жазалаудың осы түрлерін орындау үшін қажетті жағдайлар жасалуына қарай, бірақ 2003 жылдан кешіктірілмей күшіне енгізіледі» делінген [8]. Кейіннен заң шығарушы бас бостандығын шектеу түріндегі жаза туралы норманың қолданысқа енгізілу сәтін нақтылайды — 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап [9].

Бас бостандығын шектеу жазасын реттейтін норма уақыт өте келе өзгерістерге ұшырады. 1997 жылғы ҚР ҚК-дегі бас бостандығын шектеу туралы норма жаңа редакциясында «бас бостандығын шектеу сотталған адамға сот оның бостандығын шектейтін белгілі бір міндеттерді жүктеуден тұрады және мамандандырылған органның қадағалауымен оның тұрғылықты жері бойынша қоғамнан оқшаулаусыз бір жылдан бес жылға дейінгі мерзімге өтеледі» деп қарастырылған [10]. Арнаулы мекемелерде — түзеу орталықтарында жазаны өтеуге заң жүзінде тыйым салынды.

Бұл жазаның өзіне тән ерекшелігі-сотталушыға сот жүктеген белгілі бір міндеттерді орындау. Мұндай міндеттер: мамандандырылған органға хабарламай тұрақты тұратын, жұмыс істейтін және оқитын жерін өзгертпеу, мамандандырылған органның рұқсатынсыз белгілі бір жерлерге бармау, оқудан және жұмыстан бос уақытта тұрғылықты жерінен кетпеу, басқа жерлерге шықпау. Сот бас бостандығын шектеуге сотталған адамға оның түзелуіне ықпал ететін басқа да міндеттерді орындауды: маскүнемдіктен, нашақорлықтан, уытқұмарлықтан, жыныстық жолмен берілетін аурулардан емделу курсынан өтуді, отбасын материалдық қолдауды жүзеге асыруды жүктей алады. Сонымен қатар, бас бостандығын шектеу жазасын қолдануға тыйым салынған адамдар тізімі келесідей анықталды: оларға ауыр және аса ауыр қылмыс жасағаны үшін соттылығы бар адамдар, әскери қызметшілер, сондай-ақ тұрақты тұратын жері жоқ адамдар нақтыланды.

Қарастырылған жазаны жетілдіру мақсатында заң шығарушы бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу орнына-сотталған адамның қоғамнан оқшаулаусыз мамандандырылған органның қадағалауымен тұратын жеріне қатысты ұстанымын өзгерткені анықталады (ҚР 1997 жылғы ҚК 45-бабының 1-бөл.). Қылмыстық заңнаманың нормаларында жазаның осы түрін тағайындау кезінде сот жүктейтін немесе жүктеуі мүмкін орындалатын міндеттер тікелей көрсетілетін болды. Сонымен қатар, кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық жазаның көрсетілген түрін бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге қолдану отандық заңнама үшін жаңа болып табылады.

Бас бостандығын шектеуді тағайындау мерзімі 1997 жылы қылмыстық жазалар жүйесіне енгізілген сәттен бастап бір жылдан бес жылға дейін белгіленген, бірақ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық процестегі заңдылықтың кепілдіктерін күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңымен бұл жаза мерзімі бес жылдан жеті жылға дейін ұзартылды.

2014 жылы қабылданған қылмыстық заңнамада бас бостандығын шектеу жазасы жаңа редакцияда қылмыстық жазалар жүйесі қатаранды сақтала отырып, қылмыстыр жасағаны үшін қолданылатын негізгі жаза ретінде қарастырылған. Алайда оның құқықтық мазмұны бір қатар өзгерістерге ұшыраған. ҚР 2014 жылғы ҚК (бұдан әрі — ҚР ҚК) қабылдаған кезде жаза түрі ретінде бас бостандығын шектеудің құқықтық мазмұны сотталған адамға оның тұрғылықты жері бойынша қоғамнан оқшаулаусыз жылына екі жүз қырық сағаттан аспайтын

мәжбүрлі еңбекке сотталған адамды тарта отырып, бір жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге пробациялық бақылау орнатылатындығында (бұдан әрі — пробациялық бақылау) көрінеді (ҚР ҚК 44-бабы) [11].

Мәжбүрлі еңбекке тарту жазаның осы түрінің негізгі белгілерінің бірі ретінде анықталған. Мәжбүрлі еңбек ерекше біліктілікті талап етпейтін жұмыстарды орындауды білдіреді және оны жергілікті атқарушы органдар қоғамдық орындарда ұйымдастырады, сонымен қатар, осындай мәжбүрлі еңбекке тартылмайтын адамдардың белгілері анықталған.

ҚР ҚК 44-бабының қолданыстағы редакциясына сәйкес мәжбүрлі еңбектің бір жылда белгіленген сағат санын екі жүз қырық сағаттан жүз сағатқа белгілеген. Сонымен қатар, заң шығарушы жазаның төменгі шегін алты айға дейін төмендеткен.

Осы мәжбүрлі еңбекке тарту белгісімен бас бостандығын шектеу жазасы мазмұны бойынша қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаға ұқсатуға болады. Отандық қылмыстық-атқару заңнамасы да бас бостандығын шектеуге сотталғандарды мәжбүрлі еңбекке тартуды жергілікті атқарушы органдар қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны орындау тәртібін және оларды өтеу жағдайларын регламенттейтін нормаларымен реттеп, сол баптарға тікелей сілтеме қарастырған (ҚР ҚАК 63-бабының 2-бөлігі) [12].

Қылмыстық заңның 2014 жылғы жаңа редакциясында қабылдануымен бас бостандығын шектеу түріндегі жазаның мазмұнын түсіну тәсілі де өзгерді. Заң шығарушы сотталушыны мәжбүрлі еңбекке тарту қажет деп санайды. Егер бұрын ҚР ҚК 1997 жылғы редакциясында сотталғандар өздерінің біліктілігі мен даярлығына сәйкес жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырған жұмысқа тартылса, онда қазіргі редакциядағы мәжбүрлі еңбек сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша орналасқан қоғамдық орындарда Жергілікті атқарушы органдар ұйымдастыратын, белгілі бір біліктілікті талап етпейтін тегін қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындауы болып табылады. Бұл формада мәжбүрлі еңбек бостандықты шектеу түріндегі жазаның маңызды белгісі ретінде басқа қоғамдық жұмыстарға тарту жазаның белгісіне өте ұқсас. Біздің ойымызша, мұндай жағдай жазаның осы түрлерінің мазмұны мен орындылығына теріс әсер етеді. Бас бостандығын шектеуді құқықтық регламенттеуде жазаның басқа түрлерімен нақты заңнамалық аражігін ажыратуды жүргізу қажет етеді.

Бас бостандығын шектеу қолданылған адамдарға пробациялық бақылауды белгілеу, сотталған адамға заңнамада көзделген белгілі бір міндеттерді орындауды жүктеу бөлігінде шартты соттау институтын қолдану шарттарымен ұқсастықтар бар (ҚР ҚК 63-бабының 3-бөлігінде ҚР ҚК 44-бабына тиісті сілтеме бар).

Біздің ойымызша, әртүрлі мазмұндағы институттарда осындай ұқсас белгілердің болуы құқық қолдану мәселесіне қиындықтарға әкеп соғады. Қоғамдық жұмыстарға тарту және бас бостандығын шектеу қылмыстық жазаларының мазмұндары, оларды қолдану әсері әр түрлі болу қажет. Шартты түрде соттау және бас бостандығын шектеу қылмыстық құқық институттары ретінде де бірдей белгілерге ие бола алмайды.

Бас бостандығынан айыру сияқты жазаға балама ретінде бас бостандығын шектеудің құқықтық мазмұнын нақты регламенттеуді белгілеу мақсатында сотталған адамды қоғамнан оқшаулаусыз арнаулы мекемеде-түзеу орталығында ұстауды қылмыстық заңда белгіленген мерзімдерде оны қадағалауды жүзеге асыру жағдайларында белгілей отырып, жазаны өтеу шарттарын өзгерту қажет деп санаймыз.

Қорытынды. Бас бостандығын шектеуге сотталғандарды ұстау жөніндегі арнаулы мекемелер — түзеу орталықтары туралы ереже 1997 жылғы редакциядағы ҚР ҚК және ҚАК-да анықталған. Бас бостандығын шектеуге сотталған адамдарға арналған арнаулы мекемелер — түзеу орталықтарына қатысты осыған ұқсас нормалар посткеңестік кеңістіктегі кейбір елдердің (Украина және Тәжікстан) қолданыстағы Қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасының нормаларында да көзделеді.

Қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамаларына жүргізілген салыстырмалы-құқықтық талдау бас бостандығын шектеу түріндегі қылмыстық жазаны құқықтық регламенттеуде белгілі проблемалар бар екенін көрсетеді. Бас бостандығын шектеу туралы қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-атқару нормаларын жетілдіру жөніндегі жоғарыда көрсетілген ұсыныс, ең алдымен, осы саладағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Рахимбердин К.Х. Альтернативы лишению свободы в Республике Казахстан: современное состояние и перспективы // https://bureau.kz/analiz/kommentarii_i_zaklyucheniya/alternativy-lisheniyu-svobody/.
2. Примкулова А.А. Еркіндікті шектеу түріндегі жазаның теориялық және құқықтық аспектісі // Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының «Хабаршы — Вестник» журналы. — 2021. — № 3 (73). — 182–187 б.
3. Түрмеге қамауға алумен байланыссыз шараларға қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымының минималды стандарт ережелері (Токио ережелері) БҰҰ Бас Ассамблеясының 1990 ж. 14 желтоқсандағы 45/110 қарары // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O9000000004>
4. Модельдік Қылмыстық кодекс. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына арналған ұсынымдық заңнамалық акт. 1996 жылғы 17 ақпанда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясының қаулысымен қабылданды // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30074120&pos=6;-108#pos=6;-108
5. Модельдік Қылмыстық-атқару кодексі. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына арналған ұсынымдық заңнамалық акт. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясының қаулысымен қабылданды. 1996 жылғы 2 қараша // https://iacis.ru/baza_dokumentov/modelnie_zakonodatelnie_akti_i_rekomendacii_mpa_sng/modelnie_kodeksi_i_zakoni
6. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі № 167 Қылмыстық кодексі. Күші жойылды // https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/K970000167_/16.03.2001
7. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі 1997 жылғы 13 желтоқсан № 208-I (Күші жойылды) // https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/Z970000208_/16.07.2001
8. «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін күшіне енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңы 1997 жылғы 16 шілдедегі № 168 (Күші жойылды) // https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/Z970000168_/05.05.2000
9. «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін күшіне енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2002 жылғы 30 қазан № 349-II // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000349_
10. «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Қылмыстық-атқару кодекстеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2002 жылғы 21 желтоқсан № 363-II // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000363_
11. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. // <https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/K1400000226/03.07.2014>
должен определить перечень вопросов, которые будут касаться не только непосредственно события уголовного правонарушения, но и особенностей организации оказания соответствующего вида медицинской помощи в целом и в больнице в частности, механизма взаимодействия и функций, возложенных на каждого из медицинских работников, участвовавших в оказании помощи. Целесообразно также поставить конкретный вопрос о возможных причинах и условиях, которые могли способствовать такому уголовному правонарушению, чтобы выяснить позицию допрашиваемого. Это означает, что следователь, прокурор и судья в ходе расследования и судебного разбирательства уголовных правонарушений, в частности, связанных с ненадлежащим исполнением профессиональных обязанностей, должны направлять свои усилия не только на изучение события уголовного правонарушения, но и изучать фоновые явления, способствовавшие их совершению.

Список использованной литературы:

1. Большой юридический словарь [Белов В.А., Бойцова В.В., Бойцова Л.В. и др.] / Под ред. А.Я. Сухарева, В.Е. Крутских. — М.: ИНФРА-М, 2000. — 704 с.
2. Карпец И.И. Проблема преступности. — М.: Юрид. лит., 1969. — 168 с.
3. Белкин Р.С. Криминалистика: проблемы, тенденции, перспективы. Общая и частные теории. — М.: Юрид. лит., 1987. — 272 с.
4. Иванов И.И. Криминалистическая превенция: комплексное исследование генезиса, состояния, перспектив: Дис. ... д-ра юрид. наук: 12.00.09. — М.: РГБ, 2004. — 418 с.
5. Зудин В.Ф. Предотвращение и расследование преступлений (По материалам нарушений правил безопасности в угольных шахтах). — Саратов: Изд-во Саратовск. ун-та, 1963. — 315 с.
6. Фридман И.Я. Вопросы профилактики преступлений при криминалистическом исследовании документов / Юрид. комис. при Совете Министров УССР. Киевский науч.-исслед. ин-т судебной экспертизы. — Киев, 1968. — 87 с.
7. Иванов И.И. Криминалистическая превенция (комплексное исследование генезиса, состояния, перспектив): Автореф. дис. ... д-ра юрид. наук: спец. 12.00.09 «Уголовный процесс; криминалистика и судебная экспертиза; оперативно-розыскная деятельность». — СПб., 2004. — 40 с.
8. Яблоков Н.П. Криминалистическая методика расследования: (Некоторые теорет. положения). — М.: Изд-во МГУ, 1985. — 97 с.
9. Вандышев В.В. Криминалистическая профилактика в системе криминалистики // Правоведение. — 1982. — № 2. — С. 86–90.
10. Зуйков Г.Г. Выявление причин преступности и предупреждение преступлений: Общие положения // Роль органов охраны общественного порядка в выявлении причин преступности и осуществления мер предупреждения преступлений / Под ред. д-ра юрид. наук проф. М.И. Якубовича и канд. юрид. наук доц. Г.Г. Зуйкова. — М., 1967. — 179 с.
11. Корж В.П. Теоретические основы методики расследования преступлений, совершаемых организованными преступными образованиями в сфере экономической деятельности: Монография. — Харьков: Изд-во Нац. ун-та внутр. дел, 2002. — 412 с.
12. Яблоков Н.П. Криминалистика: Учебник / Отв. ред. Н.П. Яблоков. 2-е изд., перераб. и доп. — М.: Юристъ, 2001. — 718 с.
13. Еспергенова Е.В. К вопросу о социально-экономических причинах преступности в сфере медицины // «Хабаршы — Вестник» Карагандинской академии МВД Республики Казахстан им. Б. Бейсенова. — 2018. — № 3. — С. 26–29.
14. Фридман И.Я. Вопросы профилактики преступлений при криминалистическом исследовании документов. — Киев, 1968. — 87 с.

Сейданов А.Б.,

*қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқұтышысы,
заң ғылымдарының магистрі*

*(ББМ «Alikhan Bokeikhan University», Қазақстан Республикасы,
Семей қ., e-mail: aibeksb@mail.ru);*

Құсайынов Ш.Қ.,

*қылмыстық құқық және процесс кафедрасының профессоры,
заң ғылымдарының кандидаты*

*(Орталық Қазақстан академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.,
e-mail: dahar0001@mail.ru)*

Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың криминалистикалық профилактикасының ерекшеліктері

Аннотация. Мақалада заң ғылымындағы медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудың негізгі бағыттары, сондай-ақ белгілі ғалымдардың криминалистика пәні аспектісінде осы мәселені зерттеу негіздері қарастырылған. Қазіргі заманғы криминалистика үшін қылмыстық құқық бұзушылықтарды олардың себептері мен жағдайларын белгілеу негізінде тергеп-тексеру процесіндегі профилактикалық қызметтің өзекті аспектілері келтіріледі. Процессуалдық, сонымен қатар процессуалдық емес нысанда жүзеге асырылатын қылмыстық құқық бұзушылықтарды алдын алу бойынша тергеушінің қызметі, сонымен қатар қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін мән-жайларды сараптамалық зерттеу жүргізу кезінде анықталатын сарапшының қызметі негізінде медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтарды қазіргі заманғы криминалистикалық алдын алудың дамуы түсіндіріледі.

Негізгі сөздер: криминалистика, алдын алу, медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар, тергеу, сараптама, арнайы алдын алу.

A.B. Seidanov,

*senior teacher of department of criminal law disciplines of the juridical faculty,
master of law*

*(«Alikhan Bokeikhan University», the city of Semey, Republic of Kazakhstan,
e-mail: aibeksb@mail.ru);*

Ch.K. Kusainov,

*Professor of the Department of Criminal Law and Procedure,
Candidate of Legal Sciences*

*(Central-Kazakhstan Academy, the city of Karaganda, Republic of Kazakhstan,
e-mail: dahar0001@mail.ru)*

Peculiarities of forensic prevention of medical criminal offenses

Annotation. The article contains considerations of famous scientists regarding main directions in prevention of medical criminal offenses in legal science, and describes basis of research of this issue in the aspect of a subject of criminalistics. The aspects of preventive activities in the process of investigation of criminal offenses on the basis of establishing their causes and conditions are given. These aspects are quite topical for modern criminalistics. Development of modern criminalistics prophylaxis of medical criminal offences on the basis of investigator's activity as well as an expert's activity are explained. The prophylaxis considers actions performed by an investigator both in procedural and non-procedural form, and regards experts revealing circumstances that contributed to committing a criminal offence during an expert examination.

Keywords: criminalistics, prevention, medical criminal offenses, investigation, expertise, special prevention.



ӘОЖ 343.140.02

Сүлейменов Т.Н.,
қылмыстық процесс кафедрасының бастығы,
заң ғылымдарының кандидаты,
полиция полковнигі
(e-mail: temirlan_suleymenov@mail.ru);

Өмірзақова Д.Ә.,
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру факультетінің магистранты, полиция майоры
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., e-mail: umirzakova7788@mail.ru)

Сотқа дейінгі тергеп тексеруде дәлелдеу

Аннотация. Мақалада сотқа дейінгі тергеп тексеруде дәлелдеу кезінде тергеушінің қызметі қарастырылған. Қазақстан Республикасы Қылмыстық процесстік заңнамасында көрсетілген мән-жайларды анықтауға бағытталған дәлелдеу субъектісінің өкілеттіктері де айтуға болады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде дәлелдеу процесі — бұл белгілі болғандардың негізінде белгісіз мән-жайларды білу ғана емес, сонымен бірге олардың негізінде қабылданған шешім, оны оқыған әрбір адам үшін сенімді болатындай анықталған фактілерді тексеру процесі деп сипатталады. Тергеуші тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде дәлелдеме болып табылмайтын үлкен көлемдегі мәліметтерді қабылдайды, өйткені олар әлі тиісті процесстік формада тиісті іс жүргізу құжаттарында бекітілген. Қылмыстық іс жүргізудегі дәлелдемелер заңда көрсетілген белгілі бір мән-жайларды анықтауға бағытталған.

Негізгі сөздер: дәлелдемелер, дәлелдеу, сотқа дейінгі тергеп-тексеру, дәлелдеу процесі, шешім қабылдау, тергеу әрекеттерін жүргізу, қылмыстық іс, тергеуші.

«Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Құқық қорғау институттарын күшейту. Конституцияның ең жоғары заңдық күші бар. Ата заңымыз — еліміздің бүкіл құқықтық жүйесінің тірегі. Алайда, белгілі бір заң актісі немесе шешім оған сай келе ме деген сұраққа нақты жауап беру қиындық тудыратын кездер болады. Қазақстандағы түрлі құқық нормаларын Конституциялық кеңес түсіндіреді. Бірақ, азаматтар осындай түсініктеме алу үшін бұл органға тікелей жүгіне алмайды. Көптеген мемлекетте Конституциялық сот институты бар. Оған кез-келген адам өзінің сауалын жолдай алады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мұндай орган Қазақстанда болған. Сарапшылар Ата заң ережелерінің мүлтіксіз сақталуын осы мекеме тиімді қамтамасыз етеді деп санайды. Соны ескере отырып, мен елімізде Конституциялық сот құруды ұсынамын. Бас прокурор мен Адам құқығы жөніндегі уәкілге де Конституциялық сотқа жүгіну мүмкіндігін берген жөн. Бұл бастамалар әділ әрі құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызды қадам болады деп сенемін. Сондай-ақ, институционалдық тұрғыдан тепе-теңдікті сақтауға ықпал етеді. Оған қоса азаматтарымыздың конституциялық құқығының қорғалуын жақсарта түседі. Азаматтардың іргелі құқықтарын қорғау мәселесіне менің айрықша мән беретінімді баршаңыз білесіздер. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің қатысуымен бұдан басқа да бірқатар заманауи бастамалар жүзеге асырылды. Қылмыспен күресуде және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету — әрбір құқықтық мемлекеттің міндеті болып табылады» — деп атап кеткен [1].

Сотқа дейінгі тергеп тексеруде жетекші орындардың бірін тергеуші алады, ол қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды бейтараптықпен, тез және толық ашу, тергеп-тексеру, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану, адамдарды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғау болып табылады. Фактілерді жинау процесін бастай отырып, тергеуші көбінесе бұл ақпаратты жинаудың түпкілікті нәтижесін алдын-ала білмейді, өткен оқиғаның толық психикалық моделін жасай алмайды. Танымдық іс-

әрекеттің бұл ерекшелігі алынған ақпаратты жинауда, іріктеуде және бағалауда айтарлықтай қиындықтар туғызады, белгілі бір фактілердің нақты құндылығының табиғаты, жеке фактілер арасындағы байланыс туралы көптеген нұсқаларды ұсыну және тексеру қажеттілігі туындайды [2, 67].

Сотқа дейінгі тергеп тексеруде дәлелдеу құқығының мәнін осылай түсіну оның өзіне тән белгілерін тұжырымдауға мүмкіндік береді. Дәлелдеу құқығының белгілері мыналардан көрінеді: Дәлелдеу құқығының тәсілдері мен құқықтық реттеу тақырыбы қылмыстық іс жүргізуді дәлелдеу саласында қалыптасатын құқықтық қатынастардан тұрады. Аталған құқықтық қатынастарды дәлелдеу құқығымен реттеу тәсілдері қылмыстық іс жүргізу тәсілдерін, ішінара дәлелдемелерді жинақтауға, тексеруге және бағалауға бағытталған тәсілдердің шеңберінен шықпайды, яғни дәлелдеу құқығының нормалары қылмыстық іс жүргізу құқығы нормаларының құрамдас бөлігі болып табылады; дәлелдеме және дәлелдеу мәселелері бойынша дәлелдеу құқығының мақсаттары қылмыстық іс жүргізу құқығы мақсаттарының бір бөлігімен сәйкес келеді және әрбір қылмыстық іс бойынша шындыққа қол жеткізуді және сот әділдігін жүзеге асыруды қамтамасыз етуді көздейді; дәлелдеу құқығын дамытудың кейбір деңгейге дейін дербес сипаты болады, мұның өзі қылмыстық іс жүргізу құқығы шегінде жаңа ережелерді қалыптастыру және қолда барды терендету процесіне дәлелдеу құқығының оң ықпал етуінің негізі болып табылады; дәлелдеу құқығы нормаларының құрылымы тұтас алғанда қылмыстық іс жүргізу құқығы нормаларының құрылымына сәйкес келеді, сонымен бірге дәлелдеу құқығының жекелеген нормаларының ерекшелігі қылмыстық іс жүргізу құқығы нормаларын құрудың ерекшелігін көрсетеді. Қылмыстық қудалау органдарының мақсаттарын, міндеттері мен жүзеге асырылатын функцияларын дұрыс айқындаумен тікелей байланысты олардың кәсіби қызметінің тергеу сапасы мен тиімділігін арттыру ұйым мен қызметті жетілдіру, сондай-ақ тергеушілер мен анықтаушылардың кәсіби шеберлігін арттыру, қылмыстық іс жүргізу заңнамасындағы олқылықтар мен қайшылықтарды жою қажеттігіне әкеп соғады.

Қылмыстарды тергеу кезінде тергеушіге оның процедуралық тәуелсіздігін қамтамасыз ететін кең өкілеттіктер берілген. Ол істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеуге барлық шараларды қолдануға, өзіне қатысты қылмыстық құқық бұзушылық жасағанын көрсететін жеткілікті дәлелдемелер жиналған адамды күдіктінің іс-әрекетін саралау, оған заңға сәйкес бұлтартпау шарасын таңдау, қылмыстық құқық бұзушылықтың мән-жайларын баяндай отырып және жиналған дәлелдемелерді сипаттай отырып, айыптау актісін жасау арқылы қылмыстық қудалауды жүзеге асыруға міндетті [3, 69]. Заңда прокурордың, соттың санкциясын немесе сот шешімін алу көзделген жағдайларды қоспағанда, тергеуші сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу кезінде барлық шешімдерді дербес қабылдайды және олардың заңды әрі уақтылы орындалуы үшін толық жауапты. Сотқа дейінгі тергеп тексеруде дәлелдемелер мен дәлелдеу қылмыстық процестің мәні мен мазмұнын анықтайтын негізгі мәселелері болып табылады. Дәлелдеу істі заңды, негізді және әділ шешу үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында дәлелдемелерді жинаудан, зерттеуден, бағалаудан және пайдаланудан тұрады [4]. Дәлелдеу қылмыстық сот ісін жүргізу барысындағы қызметтің мәні болғандықтан, ол әрбір сатыда жүзеге асырылады. Сондықтан, қылмыстық іс бойынша әртүрлі сатылардағы іс жүргізуді реттейтін нормалар іс жүргізудің әрбір сатысына дәлелдеудің процестік нысанынан қатысты ерекшеліктері бар. Сотқа дейінгі тергеп тексеруде дәлелдемелер адамның шындықты білуінің бір түрі болып табылады. Ол теория мен практиканың барлық салаларында танымдық әрекетке тән жалпы заңдылықтарға сәйкес жүзеге асырылады [5, 86]. Объективті дүниенің кез келген құбылысын білуде негізінен әрекет ететін белгілі бір логикалық ережелермен зерттелетін оқиғаның мән-жайын білу ретінде дәлелдеу болып танылады. Бастапқыда белгілі бір фактілік материал жинақталады, ол талданады, бөліктерге

бөлінеді, жеке мәліметтер, зерттелетін фактілердің аспектілері нақтыланады, содан кейін бүкіл зерттелетін оқиға туралы жалпылау, синтездеу қорытынды жасалады.

Кез келген таным процесі сияқты қылмыстық істегі дәлелдеу процесі де оған қатысушылардың психикалық әрекеті болып табылады. Дәлелдер сотқа дейінгі тергеп тексеру жүргізудің бүкіл процесінің өзегі болып табылады. Қылмыстық істі тергеудің барлық сатыларында дәлелдеу пәні бірдей, бірақ дәлелдеу жүзеге асырылатын іс жүргізу нысандары әр түрлі болуы мүмкін.

Бұл нысаны процестің әрбір кезеңінде шешілетін міндеттердің ерекшеліктерімен анықталады. Осы ерекшелікке байланысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық процестік кодексінің 113-бабтарында көрсетілген мән-жайларды анықтауға бағытталған дәлелдеу субьектісінің өкілеттіктері де айтуға болады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде дәлелдеу процесі - бұл белгілі болғандардың негізінде белгісіз мән-жайларды білу ғана емес, сонымен бірге олардың негізінде қабылданған шешім, оны оқыған әрбір адам үшін сенімді болатындай анықталған фактілерді тексеру процесі деп сипатталады [4, 49].

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудегі дәлелдемелер оны адам танымының басқа нысандарынан ерекшелендіретін бірқатар маңызды белгілерге ие. Дәлелдемелер қылмыстық істерде, яғни қылмыстық жауаптылық мәселесін шешуге байланысты құқық қолдану әрекеттері жүзеге асырылатын нақты өмірлік істерде қолданылады. Ол қандай да бір емес, әдетте, белгілі бір тұлғаның қылмыстық жауаптылығы туралы сұраққа жауап беретін қылмыстық іс бойынша процестік шешім қабылдауға болатын осындай мән-жайларды ғана белгілеу үшін қолданылады [6, 76]. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде дәлелдеуді, әдетте, сотқа дейінгі тергеп тексеру барысында, шешім қабылдау және көмекші сипаттағы іс-әрекеттерді орындау үшін қолданылатын кейбір басқа білу әдістерінен ажырату керек. Дәлелдеу іс үшін маңызы бар мән-жайларды анықтаудың және тексерудің жалғыз процестік тәсілі, бірақ шындықты танудың жалғыз жолы емес. Сондықтан, тергеуші тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде (қарап -тексеру, беттестіру, тінту, куәлардан жауап алу және т. б.) дәлелдеме болып табылмайтын үлкен көлемдегі мәліметтерді қабылдайды, өйткені олар әлі тиісті процестік формада тиісті іс жүргізу құжаттарында бекітілген. Қылмыстық іс жүргізудегі дәлелдемелер заңда көрсетілген белгілі бір мән-жайларды анықтауға бағытталған. Қылмысқа қатысы бар және қылмыстық істі дұрыс шешуге мүмкіндік беретін мән-жайлар ғана дәлелдеуге жатады.

Қазақстан Республикасының ҚПК 113-б. қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайлар атап кетуіміз жөн: Қылмыстық іс бойынша оқиға және қылмыстық заңда көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері (оның жасалған уақыты, орны, тәсілі және басқа да мән-жайлары); қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті кімнің жасағаны; адамның қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті жасаудағы кінәлілігі, оның кінәсінің нысаны, жасалған іс-әрекеттің себептері, заңдық және іс жүзіндегі қателіктері; күдіктінің, айыпталушының жауаптылық дәрежесі мен сипатына әсер ететін мән-жайлар; күдіктінің, айыпталушының жеке басын сипаттайтын мән-жайлар; жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың салдарлары; қылмыстық құқық бұзушылықтан келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері; әрекеттің қылмыстық құқыққа қайшылығын жоққа шығаратын мән-жайлар; қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатуға әкеп соғатын мән-жайлар дәлелденуге жатады [4].

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде қылмыс жасауға ықпал ететін мән-жайлар да анықталуы керек. Дәлелдемелер құқықтық біліктілік тұрғысынан бұрыннан қалыптасқан мән-жайларды бағалауды қамтымайды, тек фактілік мәнімен шектеледі. Сонымен бірге дәлелдеу, ең алдымен, белгіленген жағдайларды олардың сенімділігі, яғни шындыққа сәйкестігі тұрғысынан бағалауды болжайды.

Сотқа дейінгі тергеп тексеруде дәлелдеудің процестік нысанын сақтау келесі қамтамасыз ететінін атап өтуіміз жөн: қылмыстық іс бойынша шындықты білудің ең қолайлы тәртібі, сот

ісін жүргізудің көп ғасырлық тәжірибесі дәлелдеудің процестік ережелерінде қылмыстық істердің мән-жайын білудің ең жақсы тәсілдері болып табылады; сот ісін жүргізуге қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау; жиналған дәлелдемелерді тергеп — тексеру үшін жағдай жасайтын және осының негізінде тікелей дәлелдемелер жинайтын дәлелдеу субъектілері, сонымен бірге істің мән-жайын сенімді түрде көрсететін дәлелдеу қызметінің нәтижелерін куәландыру (бекіту), жоғары тұрған іс жүргізу органдары (прокурор, сот) және қылмыстық процеске басқа да қатысушыларды атауға болады. Дәлелдемелерді тексеру оларды қылмыстық іс бойынша бар, басқа дәлелдемелермен салыстыру, сондай-ақ олардың көздерін анықтау, басқа дәлелдемелерді алу арқылы жүзеге асырылады.

Әрбір дәлелдеме — оның қатыстылығы, жол берілетіндігі, анықтығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер өз жиынтығында қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалануға тиіс [7, 57]. Судья, прокурор, тергеуші, анықтаушы дәлелдемелерді Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодекстің 25-бабына сәйкес заң мен ар-ожданدى басшылыққа ала отырып, дәлелдемелерді жиынтығымен жан-жақты, толық және объективті қарауға негізделген өздерінің ішкі сенімі бойынша бағалайды. Егер дәлелдеме осы іс үшін маңызы бар мән-жайлардың бар екендігі туралы түйіндерді растайтын, теріске шығаратын немесе күмән туғызатын нақты деректерді білдіретін болса, ол іске қатысты дәлелдеме деп танылады [4]. Дәлелдеу теориясында дәлелдеу көзі — нақты деректер көзі деген ұғымды қолданылады. Нақты деректерді алудың әрбір көзіне қатысты заң оларды алу және істер бойынша бекіту тәртібін белгілейді.

Қылмыстық іс жүргізу қызметінің негізі — жасалған қылмыстың мән-жайын білу деп есептейміз. Осылайша, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары жүргізетін білімдердің ерекшелігі олар не болғанын өздеріне ғана емес, сонымен бірге осы ақпаратты растауға міндетті, олар біріктіріліп, сот отырысының қылмыстық іс бойынша материалдарында көрсетілуі тиіс. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезіндегі білім қанағаттанарлық сипатта болады, сондықтан қылмыстық іс бойынша дәлелдеме деп атаған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы ««Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» 2022 жылғы 16 наурыз // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340>
2. Рахимов С.С. Организационно-распорядительная деятельность следователя в ходе досудебного расследования // Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының «Хабаршы — Вестник» журналы. — 2018. — № 1. — 67 б.
3. Никандров В.И. Общие условия производства предварительного следствия в советском уголовном процессе: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — М., 1973.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілде. (өзгерістер және толық-р.) 01.07.2021 ж. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>
5. Победкин А.В., Яши В.Н. Уголовный процесс: Учебн. — М., 2005.
6. Кронов Е.В. О реализации принципов состязательности и равноправия сторон в уголовном процессе. — М. 2013.
7. Аверина Ю.С. Судебные доказательства: Общетеоритическое доказывание. — М. 2009.

Сулейменов Т.Н.,
начальник кафедры уголовного процесса,
кандидат юридических наук,
полковник полиции
(e-mail: temirlan_suleymenov@mail.ru);

Умирзакова Д.У.,
магистрант факультета послевузовского образования, майор полиции
(Карагандинская академия МВД РК им. Б. Бейсенова,
г. Караганда, Республика Казахстан, e-mail: umirzakova7788@mail.ru)

Доказывание в досудебном расследовании

Аннотация. В данной статье рассматривается деятельность следователя при доказывании в досудебном расследовании. Процесс доказывания в досудебном расследовании характеризуется как процесс не только познания неизвестных обстоятельств на основании известных, но и проверки фактов, на основании которых было принято решение, которое является достоверным для каждого, кто его читает. Следователь при производстве следственных действий принимает большой объем сведений, не являющихся доказательствами, поскольку они еще не закреплены в соответствующих процессуальных документах в соответствующей процессуальной форме. Доказательства в уголовном производстве направлены на установление определенных обстоятельств, указанных в законе.

Ключевые слова: доказательства, доказывание, досудебное расследование, процесс доказывания, принятие решения, производство следственных действий, уголовное дело, следователь.

T.N. Suleimenov,
head of the department of Criminal Procedure,
Candidate of Law,
Police Colonel
(e-mail: temirlan_suleymenov@mail.ru);

D.U. Umirzakova,
Master's student of the Faculty of Postgraduate Education, Police Major
(Karaganda academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan
named after B. Beysenov, e-mail: umirzakova7788@mail.ru)

Proving in pre-trial investigation

Annotation. This article provides for the activities of the investigator in the case of evidence in the pre-trial investigation. The powers of the subject of proof aimed at establishing the circumstances specified in the Criminal Procedure legislation of the Republic of Kazakhstan can also be mentioned. Evidence process in pre-trial investigation - it is characterized not only as knowledge of unknown circumstances based on what is known, but also as a process of verifying established facts in such a way that the decision made on their basis is reliable for every person who reads it. When conducting investigative actions, the investigator accepts a large amount of information that is not evidence, since they are still fixed in the relevant procedural documents in the appropriate procedural form. Evidence in criminal proceedings is aimed at establishing certain circumstances specified in the law.

Keywords: evidence, proof, pre-trial investigation, proof process, decision-making, investigative actions, criminal case, investigator.



ӘОЖ 343.82

Тоқыбаев З. С.,

*Академияның бірінші проректоры, ғылым және стратегиялық даму жөнінде проректор,
заң ғылымдарының докторы, профессор*

*(Орталық Қазақстан академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.,
e-mail: zairulla_@mail.ru);*

Кайнар Е.Е.,

*жалпы заң пәндері кафедрасының бастығы,
(PhD) философия докторы, полиция подполковнигі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы,
Қазақстан Республикасы, Қостанай қ., e-mail: kainar-1986@mail.ru)*

ҚАЖ мекемелеріндегі қылмыстық элементтердің деструктивті діни идеологиялармен «Біте-қайнасуының» алдын алу мәселелері

Аннотация. Авторлар мақалада пенитенциарлық мекемелердегі деструктивті діни идеологияның пайда болу және даму себептерін, белсенді діни идеологияны ұстанушылар санының тез өсу себептерін және олардың қылмыстық элементтермен бірігу белгілерін қарастырады. Пенитенциарлық мекемелердегі теологиялық оңалту жұмысы саласында жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимылдың кейбір проблемаларын ашады, оның барысында негізгі жұмысты іске асыруға мүмкіндік бермейтін проблемалар туындайды. Пенитенциарлық мекемелердің негізгі міндеттерін іске асырудың өзекті мәселелері қаралды, қылмыстық-атқару мекемелерінің тиісті бөлімдері қызметкерлерінің Пенитенциарлық мекемелерде деструктивті діни идеологияға негізделген сотталғандарды теологиялық оңалту бағыты бойынша өзара іс-қимыл жасаудағы кейбір кемшіліктерді зерделеу ұсынылды.

Негізгі сөздер: Қылмыстық-атқару жүйесі, пенитенциарлық жүйе, сотталған азаматтар, қылмыстық субмәдениет, қылмыстық элементтер, деструктивті діни идеология, біте-қайнасу, экстремизм, мекемелер, радикализация.

Еліміздің қылмыстық-атқару жүйесі соттың үкімімен бас бостандығынан айырылған азаматтарды оқшаулаумен ғана емес, олардың дұрыс жолға түсуіне, қылмыстардың қайталанбауына және қылмыстық элементтердің радикалды діни идеологиялармен біте қайнасуының алдын алуына үлес қосу арқылы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін маңызды құрылымдардың бірі болып табылады. ҚАЖ мекемелерінің алдына қойылатын міндеттерді жүзеге асыру оңай емес, себебі олардың қоғамнан ерекшеленген қылмыскерлермен және ғасырлық тарихы бар қылмыстық субмәдениеттен туындайтын мәселелермен кездесіп отырады.

XXI ғасыр қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріне жаңа қауіп түрін алып келді. Қауіптің түрі бұл қоғамды сабырлыққа, мейрімділік пен бірлікке ұжымдастыратын діни идеологияның теріс талқылануының түрі болып шықты. Ата заңымыз Конституцияның 19 бабына сәйкес «Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы» деп көрсетілген [1]. Дінге қатысты ұстанымдарды анықтау еркіндігі жағымсыз әсерін беру мүмкіндігін ешкім болжай алмады.

Ислам діни және оның идеологиясы экстремистік идеологияға айналуының белгілерінің өзін жарқын көрсетуінің кезеңі 2001 жылы 11 қыркүйекте Америка Құрама Штатының Нью-Йорк қаласына жасалған террористік шабуыл болды [2]. Аталған оқиғаның салдарынан бүкіл әлемнің ислам дініне деген көз-қарастары күрт өзгерді. Еліміздің қоғамында дін жолындағы адамдарға қорқынышпен қарайтын және теріс діни идеологияға еліктейтіндер пайда болды.

Қазақстанда соңғы 20 жылдың ішінде бірнеше экстремистік терактілер орын алғанын білеміз, оның ішінде орындаушы ретінде көбі деструктивті діни ағымдардың ықпалына түскен және төмен өмірлік тәжірибесі бар жастар болып шықты [3]. Қоғамның ішінде деструктивті діни ағымдардың ықпалына түсудің негізгі себептерінің бірі, олардың сауаттылығының төмендігі, өмірде белгілі бір нәтижеге қол жеткізудегі қиындықтары, бос уақыттарын тиімді өткізу мүмкіншіліктерінің жоқтығы, жұмыссыздық пен қайғылы жағдайлары

итермелейтіні туралы айтылып келеді. Осы себептердің барлығы қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде де орын алатыны және сотталғандар арасында тез таралып келеді.

2022 жылы 11 қаңтарда мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев діни экстремизмге қарсы іс-қимылды жетілдіру, әсіресе қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде сотталғандар арасындағы қылмыстық элементтердің деструктивті діни идеологиялармен біте қайнарудың алдын алуды жетілдіруді тапсырған болатын [4]. Президенттің көтерген мәселесі шынында пенитенциарлық жүйесінде ашық түрде көтерілмейтін күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Қазіргі таңда ҚАЖ мекемелері деструктивті діни ағымдардың идеологияларын сіңдіру ұяшығына айналып келетін қауіпі туындап отыр. Деструктивті діни идеологияның қылмыстық элементтермен біте-қайнасуы, оның қауіп деңгейін жаңа деңгейге шығарып отыр.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі қылмыстық элементтердің деструктивті діни идеологиямен біте-қайнасуы, оның радикализацияланған сотталғандар санының өсуіне және шешімін табуға талап ететін маңызды мәселеге айналып кетуіне келесі факторлар әсер етті:

– ҚАЖ ізгілендіру (гуманизация) — 2003 жылдан бастап пенитенциарлық жүйесін ізгілендіру мақсатында сотталған азаматтардың міндеттеріне емес, оның құқықтарына көп назар аударылды. Бұл процесс сот үкімімен және ҚАЖ алдына қойылған міндеттерді орындауға кедергілер алып келді;

– қылмыстық субмәдениеттің осы уақытқа дейін қылмыстық-атқару мекемелерінде сотталғандарға кері әсерін тигізетін негізгі факторларының бірі ретінде көрсетіп келеді. Субмәдениеттің кері әсерін жоғары деңгейдегі қабылданған құжаттарда, семинарлар мен конференцияларда қаралғанымен талқыланған, олардың нақты құқық бұзушылықтар екені туралы ресми статистикалық мәліметтермен көрсетілмеуі және жалпы маңызды мәселе екендігінің ашық мойындалмауы [5];

– 2003–2011 жылдары аралығында пенитенциарлық жүйесі мекемелерінің басым көпшілігінде діни жораларын орындау үшін бөлмелер, мешіттер және әрбір ас дайындау орындары ашылған. Күші жойылған Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы қылмыстық-атқару кодексінің 12 бабына «Сотталғандардың ар-ождан бостандығын қамтамасыз ету» сәйкес, сотталған азаматтар «Діни жораларды орындау ерікті болып табылады. Ол ішкі тәртіпті бұзбауға, сондай-ақ жазасын өтеп жүрген басқа адамдардың құқықтарына нұқсан келтірмеуге тиіс» деп талап қойылған болатын [6];

– қылмыстық-атқару жүйесі сотталған азаматтардың дінге қызығушылығын қолдауы, олардың діни идеологияның ықпалы арқылы қайта тәрбиелеу нәтижесін жоғарлатуды көздеген, ал нәтижесінде олардың қылмыстық элементтермен біте-қайнасу процесін қалыс қалдырып қойды;

– деструктивті діни идеологияның және олардың қылмыстық элементтермен біте қайнасу белгілерін алдын алуға 2017 жылдың 4 сәуірінде Ішкі істер министрінің № 204 Бұйрығымен қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде теологиялық оңалту жұмыстарын ұйымдастыру инспекторларының лауазымдары бекітілгенімен, тәжірибеде олардың жұмысы дұрыс ұйымдастырылмады.

– қылмыстық-атқару жүйесі онықтау органдарының функцияларын жүргізе алады, алайда сотталғандармен жасалған құқық пен заң бұзушылықтар үшін тиісті жауаптылыққа тартылуды қамтамасыз ету бойынша әлсіз болып келеді. ҚАЖ әкімшілігінің әлсіздігі, прокуратура және басқада құзырлы органдардың құқық бұзушылықтарды ашық түрде тергеу барысында орын алған қылмыстар мен қылмыстың затты (есірткі, суық қару және т.б. тиым салынған заттар) қайдан кіргені, қандай жауапты қызметкердің салғырттығы қызықтырып, негізгі қылмыстың рөлі екінші қатарда қалып қояды. Нәтижесінде, ҚАЖ әкімшілігі сотталғандармен жасалған қылмыстар мен құқық бұзушылықтар байынша тәртіптік жаза қолданып, өздері қылмысты жасыруға мәжбүр, ал сотталған азаматтар жазықсыздықтарын сезіне отырып жасаған қылмыстарын қайталап отырады.

Жоғарыда көрсетілген кейбір кемшіліктер мен кедергілер қылмыстық-атқару жүйесі қызметінің негізгі мақсаттарын орындауға мүмкіндік бермейді. Жалпы елімізде пенитенциарлық жүйесінің қылмыскерлерді қоғамнан оқшаулауды ғана емес, олардың бостандыққа оралған кездерінде қоғамның криминогендік жағдайына теріс әсер етуі және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жоғары үлес қосатын органдары ретінде тиісті көңіл бөлінбейді.

Орын алып жатқан кемшіліктер ескере отырып, 2014 жылы 5 шілдеде күшіне енген жаңа қылмыстық-атқару кодексінің «Сотталғандардың ар-ұждан және діни сенім бостандығы құқығын қамтамасыз ету» деп өзгертілген 13-бабы 3-тармағына сәйкес «Діни жораларды орындау кезінде жазаны орындайтын мекеменің немесе органның ішкі тәртіптеме қағидалары сақталады, ал сотталғандардың осы Кодексте көзделген өздерінің міндеттерін орындаудан бас тартуына түрткі болумен және Қазақстан Республикасының заңнамасын өзге де бұзумен ұштасатын әрекеттерге жол берілмейді» және осы баптың 6 тармағына «Жазаны орындайтын мекемелер мен органдардың аумағында ғибадат үйлерін (кұрылыстарын) салуға тыйым салынады» деп өзгерту енгізілді [7].

2011 жылдан бастап көптеген заңдарға енгізіліп жатқан өзгерістер мен қабылданған нормативтік құжаттардың бағыты пенитенциарлық мекемелеріндегі сотталғандардың құқықтық жағдайын реттеуге және олардың нәтижесін қамтамасыз ету үшін ҚАЖ қызметкерлерінің жұмысын ұйымдастыруға байланысты бағытталған болатын. Әсіресе, пенитенциарлық мекемелерінің радикализациялануын алдын алуға байланысты кешіктіріліп 2020 жылдың 26 наурызында бекітілген «Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі сотталған адамдармен теологиялық оңалту жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Ішкі істер министрінің № 247 бұйрығы [8], негізгі реттеуші нормативтік құжаттардың бірі болып табылады.

Аталған бұйрыққа сәйкес, ҚАЖ мекемелерінің сотталғандар арасында деструктивті діни идеологияның алдын алуға қойылған нақты бағыттары және бөлініс қызметкерлерінің міндеттемелері мен рөлдері көрсетілген. Реттеуші құжатқа сәйкес қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде теологиялық оңалту жұмыстарын сапалы өткізуге жеткілікті түрде қамтылған. Алайда, деструктивті діни идеологияға еліктеуші сотталғандардың саны азаймауда, керісінше олардың саны жылдам өсіп келуде. Қылмыстық-атқару мекемелеріндегі деструктивті діни идеологияға еліктеушілердің санының өсуі, мекемелерде 1 ғасыр бойы қалыптасқан қылмыстық субмәдениеттің негізгі қағидаларына өзгерістер енгізілуіне ықпал етуде.

Осыдан 10 жыл бұрын қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде деструктивті діни идеологияның қылмыстық элементтерімен біте-қайнасу белгілерінің көрінісін ғана көрсеткен болса, қазіргі таңда көптеген мекемелерде деструктивті діни идеологияның түсінігі ғасырлық тарихы бар қылмыстық субмәдениеттің идеологиясын толығымен сіңіруі руде.

2021 жылдың қараша және желтоқсан айларында Қостанай, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарының қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде деструктивті діни идеологияның қылмыстық элементтермен біте-қайнасу белгілері бойынша жүргізілген зерттеулердің нәтижелері келесі пікірлерге алып келіп отыр:

– ҚАЖ кейбір мекемелерінде қылмыстық субмәдениеттің негізгі қағидаларымен қолдау алатын құмар ойындар, есірткі және алкогольді заттарға тиым салынауда;

– қылмыстық субмәдениеттің талабы бойынша мекемелердегі сотталғандарды белгілі бір топтарға бөлінуі және оның қатаң сақталу деңгейінің әлсіреуі көрініс табуда. Мысалы, қылмыстық субмәдениет бойынша мекеме әкімшілігімен қарым-қатынас жасайтын сотталған азаматтар қызыл «красные» деген топқа жатады және ол топтағы сотталған азаматтар ешқашан ол топтан ақталып шығуға мүмкіндіктері жоқ. Жүргізілген зерттеулерге сәйкес аталған топқа жататын сотталғандардың дінге берілуі, басқа ұлт өкілдерінің ислам дінін қабылдау арқылы жалпы сотталғандардың алдында ақталу мүмкіндіктеріне ие болып отыр;

– ҚАЖ мекемелеріндегі сотталған азаматтардың басым көпшілігі деструктивті діни идеологияға еліктеуге мәжбүр болып отыр, бұл олардың діннің негізгі құндылықтарын білмеуінен көрінуде. Сотталған азаматтармен жүргізілген сұхбаттарға сәйкес еліктеуші сотталғандардың басым көпшілігі мекемедегі жамағаттан қамқоршылық алу үшін ғана барып отырғанын көрсетуде;

– ҚАЖ мекемесінің әкімшілігімен қарым-қатынас жасайтын қызыл топтағы «СПП — красные» сотталған азаматтардың деструктивті діни ағымдардың қатарына қосылу себептері болып, олардың мекемедегі құқықтық тәртіп секциясының «СПП — секция правопорядка» жұмысы тоқталғаннан кейін, сотталғандардың басым көпшілігінен қысымға ұшырауы себеп болып отыр.

Қазіргі таңда еліміздің пенитенциарлық жүйесі мекемелеріндегі деструктивті діни идеологияға қарсы іс-қимылдың нәтижелі болмауы, бұл реттеуші заңдар мен нормотивтік құжаттарға сәйкес жұмыс атқару бағыты бойынша келесі кемшіліктер себеп болып отыр:

Біріншіден — қылмыстық-атқару жүйесінің жергілікті басқару органдарынан деструктивті діни идеологияның ықпалына түскен немесе түспегені жайлы жіберілген құжаттардың зерттеліп, оған тиісті сараптаманың алудағы қиындықтары. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазанындағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 5 және 6 бабына сәйкес діни сараптамаларды жүргізуді жергілікті атқару органдары атқаратыны көрсетілген [9]. Алайда, кейбір өңірлердің ҚАЖ мекемелеріндегі деструктивті діни идеологияның ықпалына түсу мүмкіндігін анықтауға жергілікті атқару органдарымен сараптама беруге міндетті емес екендігімен шектеледі. Нәтижесінде, сараптаманың жоқтығы деструктивті діни идеологияның ықпалына түскен сотталған азаматтарды есепке қоюға, оларға қатысты теологиялық оңалту бойынша жеке іс жоспарын бастауға мүмкіндік бермейді;

Екіншіден – пенитенциарлық мекемелерінде теологиялық оңалту жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізу бойынша біркелкі талаптардың болмауы, әрбір өңірдің қылмыстық-атқару жүйе мекемелері өзбетінше жұмыстар атқарумен ерекшеленіп келеді. Нәтижесінде, мекемелерде деструктивті діни идеологияның алдын алу міндеті теологиялық оңалту жұмыстарын ұйымдастыру бойынша инспекторларына ғана жүктелген. Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 26 наурызындағы «Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі сотталған адамдармен теологиялық оңалту жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі қағидалары» № 427 Бұйрығының 3 тарауына сәйкес [8], мекемедегі бөлініс қызметкерлерінің өзара әрекеттесу жұмыстарының дұрыс реттелмеуі.

Үшіншіден — қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде сотталғандар арасында деструктивті діни идеологияны еліктеушілердің өзі үш топқа бөлініп отыр:

– Бірінші топ — аз сотталғандар азаматтар санынан тұратын (экстремистік қылмыстар үшін сотталғандар), өздерін Шариғат заңдарын қатаң түрде ұстанушы ретінде деп санайтын, өлімнен қорықпайтындығын ашық түрде айтатын, мекемедегі заңды талаптар мен еліміздің заңдарын және қылмыстық субмәдениет талаптарын мойындамайтын, басқада дін жолындағы жорамалдарын жасайтын сотталғандарды өздеріне тең санамайтындар;

– Екінші топ — (экстремистік қылмыстар үшін сотталғандар, «жусан» іс-шарасымен елімізге жеткізілген) аз сотталған азаматтардан тұратын, қылмыстық субмәдениеттің талаптарын мойындамайтын, мекемедегі заңды талаптар мен заңдарды өз пайдасына ғана қабылдайтын, дін жолында жорамал жасайтын басқа да сотталғандарға оң көз-қарастарын білдіретіндер;

– Үшінші топ — деструктивті діни идеологияның белгілері бар ең көп сотталған азаматтардан тұратын, мекемедегі заңды талаптар мен заңдарды мойындайтын, олардың Шариғат заңдары мен қылмыстық субмәдениеттің талаптарын біте-қайнастыру жөн көретіндер.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде қылмыстық элементтердің деструктивті діни идеологиямен біте-қайнасуға қарсы іс-қимыл әдістемелерінің нәтижелі болуы үшін, ең ал-

дымен қылмыстық субмәдениеттің қылмыстық-атқару жүйесіне тигізетін кері әсерін ашық түрде мойындауымыз қажет. Қылмыстық субмәдениеттің деструктивті діни идеологиямен біте-қайнарудың себептерін алдын алу. Мысалы, ҚАЖ мекемелерінде тәрбиелік ықпал ретінде жұмыс атқарылып отырған «СПП — секция правопорядка» тіркеуде тұрған сотталғандарды жаңғырту, олардың қылмыстық субмәдениетінің талаптарына сай қысымнан және деструктивті діни идеологияға еліктеуге мәжбүр болуының алдын алу болып табылады.

ҚАЖ мекемелерінде қылмыстық элементтердің деструктивті діни идеологиямен біте-қайнасу белгілерін алдын алудың тиімді болуы үшін 2 лауазымдық штаттан тұратын теологиялық оңалтуды ұйымдастыру инспекторларының бірін тиісті діни мамандығы бар қызметкерден, ал екіншісі қылмыстық субмәдениетті терең білетін және сотталғандармен жұмыс атқаруы бойынша үлкен тәжірибесі бар қызметкер қатарынан тағайындалған жөн. Сонда ғана, аталған қызметкерлермен бірлесіп жұмыс атқарудың нәтижесі, қылмыстық элементтердің біте-қайнасу белгілеріне уақытылы назар аударылуы, мекемедегі басқада бөліністермен жүргізілуге қажет іс-шаралардың жоспарлануына әсерін тигізеді.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі деструктивті діни идеологияның алдын алу және олардың қылмыстық элементтермен біте-қайнасу белгілеріне қарсы іс-қимылдың нәтижелі болуына кепіл болатын, бұл осы бағыттағы құзырлы органдардың қылмыстық-атқару жүйесімен өзара әрекеттесу деңгейін реттеу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 ж / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ (кіру уақыты: 05.02.2022 ж).
2. September 11 attacks / <https://www.britannica.com/event/September-11-attacks> (кіру уақыты: 05.02.2022 ж).
3. Қазақстанда 30 жылда қандай терактілер болды / <https://aikyn.kz/160594/kazakstanda-30-zhyldakanday-teraktieler-boldy-2/> (кіру уақыты: 05.02.2022 ж).
4. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтің халыққа жолдаған үндеуі / <https://www.akorda.kz/kz/prezident-kasym-zhomart-tokaev-parlament-mazhilisinin-plenarlyk-otyrysynakatysty-1103454> (кіру уақыты: 05.02.2022 ж).
5. Тоқыбаев З.С., Кайнар Е.Е., Адам құқықтарын қорғау ұйымдарының сотталғандардың құқықтарын қорғау бағытында қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерімен өз-ара байланыстарының өзекті мәселелері // Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының «Хабаршы — Вестник» журналы. — 2021. — № 4(74). — 92–97 б. / <https://kpa.gov.kz/category/9-nauka/9-4-o-zhurnale-habarshi-vestnik/journal/> (кіру уақыты: 05.02.2022 ж).
6. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы қылмыстық-атқару кодексі / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000208_ (кіру уақыты: 05.02.2022 ж).
7. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі 5 шілде 2014 ж. / <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000234> (кіру уақыты: 05.02.2022 ж).
8. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 26 наурызындағы № 427 Бұйрығы «Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі сотталған адамдармен теологиялық оңалту жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» / <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020200> (кіру уақыты: 12.02.2022 ж).
9. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазанындағы Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Заңы / <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483> (кіру уақыты: 12.02.2022 ж).

Токубаев З.С.,

*первый проректор, проректор по науке и стратегическому развитию,
доктор юридических наук, профессор
(Центрально-Казахстанская академия, г. Караганда, Республика Казахстан,
e-mail: zairulla_@mail.ru);*

Кайнар Е.Е.,

*начальник кафедры общеправовых дисциплин,
доктор философии (PhD), подполковник полиции
(Костанайская академия МВД РК им. Ш. Кабылбаева, г. Костанай,
Республика Казахстан, e-mail: kainar-1986@mail.ru)*

Проблемы предотвращения «срачивания» криминальных элементов в учреждениях УИС с деструктивными религиозными идеологиями

Аннотация. Авторы статьи рассматривают причины возникновения и развития деструктивной религиозной идеологии в пенитенциарных учреждениях, причины быстрого роста числа приверженцев деструктивной религиозной идеологии и признаки их срачивания с криминальными элементами. Раскрывают некоторые проблемы взаимодействия с местными исполнительными органами в сфере теологической реабилитационной работы в пенитенциарных учреждениях, в ходе которого возникают проблемы, не позволяющие реализовать основную работу. Рассмотрены актуальные проблемы реализации основных задач пенитенциарных учреждений, предложено изучить некоторые недостатки во взаимодействии сотрудников соответствующих отделов уголовно-исполнительных учреждений по направлению теологической реабилитации осужденных, приверженцев деструктивной религиозной идеологии в пенитенциарных учреждениях.

Ключевые слова: уголовно-исполнительная система, пенитенциарная система, осужденные, криминальная субкультура, криминальные элементы, деструктивная религиозная идеология, срачивания, экстремизм, учреждения, радикализация.

Z.S. Tokubaev,

*First Vice-Rector, Vice-Rector for Science and Strategic Development,
Doctor of Law, Professor
(Central-Kazakhstan Academy, the city of Karaganda, Republic of Kazakhstan,
e-mail: zairulla_@mail.ru);*

Y.Y. Kainar,

*Head of the Department of General Legal Disciplines,
Doctor of Philosophy (PhD), police lieutenant colonel
(Kostanay Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan
named after Sh. Kabylbayev, e-mail: kainar-1986@mail.ru)*

Problems of preventing the merging of criminal elements in penitentiary institutions with destructive religious ideologies

Annotation. The authors of the article consider the causes of the emergence and development of destructive religious ideology in penitentiary institutions, the reasons for the rapid growth in the number of adherents of destructive religious ideology and signs of their fusion with criminal elements. They reveal some problems of interaction with local executive bodies in the field of theological rehabilitation work in penitentiary institutions, during which problems arise that do not allow the implementation of the main work. The actual problems of the implementation of the main tasks of penitentiary institutions are considered, it is proposed to study some shortcomings in the cooperation of employees of the relevant departments of penitentiary institutions in the direction of theological rehabilitation of convicts committed to destructive religious ideology in penitentiary institutions.

Keywords: Penitentiary system, convicts, criminal subculture, criminal elements, destructive religious ideology, splicing, extremism, institutions, radicalization.



ӘОЖ 159.9

Тоқыбаев З. С.,

*Академияның бірінші проректоры, ғылым және стратегиялық даму жөнінде проректор,
заң ғылымдарының докторы, профессор*

*(Орталық Қазақстан академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.,
e-mail: zairulla_@mail.ru);*

Кайнар Е.Е.,

*жалпы заң пәндері кафедрасының бастығы,
(PhD) философия докторы, полиция подполковнигі*

(e-mail: kainar-1986@mail.ru);

Темиргалиева А.Т.,

магистрант, әділет капитаны,

*Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы,
Қазақстан Республикасы, Қостанай қ., e-mail: aida-tem@mail.ru)*

Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің зейнеткерлік жасқа жетпей қызметтен ерте кету мәселелері

Аннотация. Мақалада қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің қызметтегі эмоционалдық жай-күйлердің ықпалымен туындайтын проблемалары, оның ішінде қызметкерлер арасында суицид жағдайларының жиілеуі, оқумен қызмет атқаратын қызметкерлердің стресске төзімділігінің төмендігі, төтенше жағдай туындаған жағдайда қызметке төзбеушілік, еңбек уақытының өзгеруіне байланысты отбасындағы жанжал жағдайларының көбеюі қарастырылады? сондай-ақ, жетекшімен, ұжыммен туындайтын жанжалдар, күту мен шындық сәйкес келмеген жас қызметкерлердің жұмысындағы қиындықтар. Нәтижесінде бұл проблемалар қызметкерлердің пенитенциарлық жүйеде қызметін жалғастырғысы келмеуін тудырады және медициналық куәландырудан өту арқылы ерте зейнетке шығу себебі болып табылады.

Негізгі сөздер: қылмыстық-атқару жүйесі, сотталған, психолог, маман, мекемелер, құқық қорғау органдары, эмоционалды, қызметкер, психология.

Психология — бүгінгі ғасырдың мамандығы. Қазіргі таңда кез келген қызмет саласы психологты қажет етеді. Адамдар тығырыққа тіреліп, шырғалаңға түскен шақта қол ұшын беріп, дұрыс жол көрсете алатын білгір психолог маман болам деуші талапкерлер саны жылдан-жылға көбеюде. Ал, бұдан біраз жыл бұрын бұл мамандық беделді деп есептелмейтін, тіптен сұранысқа көп ие бола бермейтін мамандықтар қатарында еді. Бүгінгі таңда «психология» мамандығы әлемдегі ең танымал мамандықтардың үздік бестігіне кіреді. Психология ғылымы адам іс-әрекетінің түрлі салаларында қарқынды орын алуда. Олар: саясат, құқық қорғау, білім, бизнес, басқару, медицина, бұқаралық ақпарат кеңістігінде т. б. салалар айқын көрініс табып келеді. Тарихқа назар аударатын болсақ А. Эйнштейннің өзі ХХІ ғасыр — психология ғасыры деп болжап кеткен [1].

Психология мамандығының беделі күннен күнге артуына — ең алдымен қоғамның, адамзаттың қоршаған ортаға деген көзқарасының өзгеруі болып табылады. Мысалы елімізде ХХІ ғасырға дейін халықтың жағдайы, әл-ауқаты мемлекет тарапынан қорғалып, қадағаланып барлық жағдайлары жасалынып, тең деңгейде болатын. Сол кездердің өзінде елде жұмыссыздық, ашаршылық, кедейлік дегенді көрмейтін еді. Сондықтан қылмыс, өзін-өзі өлтіру басқада құқықбұзушылық әрекеттер сирек кездесетін. Ал, қазіргі заманда халықтың жағдайының төмендігі, күнделікті бұқаралық ақпараттар арқылы беріліп жатырған төтенше жағдайлардың көбеюін ашық түрде көруі, әртүрлі құқықбұзушылық жағдайлардың заңға қайшы келетін іс-әрекеттердің әлеуметтік желіде еркін қолдануға мүмкіндіктің болуы адамның ойын өзгертеді. Адам шошырлықтай оқиғалардың көбеюі, келеңсіз жағдайлардың жиіленуі қарапайым адамға теріс әсер етеді. Сондықтан, көптеген азаматтар қоғам арасындағы жағдайды өзгертуге, өз бойындағы кемшіліктермен жағымсыз әсерлерінен арылу мақсатында жұмыс жасайтын мамандарға ұсыныстарын артып, көмектеріне жүгінеді.

Осындай жағдайлармен жұмыс жасайтын болашақ психолог мамандар өз білімдері мен біліктерін қолдана алатын салалардың күннен күнге артып, кеңейе түсуі әсер етсе керек. Болашақ психолог бүгінгі күні адам өмірінің барлық саласына қатысты қызмет етеді. Яғни, балалар бақшасынан бастап, аса ірі коммерциялық ұйымдарға дейін жұмыс істей алады. Бұл жерде психологияның ғылым екендігін және оның айтарлықтай жас ғылым екендігін айта кету қажет. Психологияның зерттеу пәні — адам психикасы екендігін ескерсек, психология әрдайым және әрқашан қызығушылық тудыратын мамандық екеніне еш күмән тудыра алмаймыз. Сондықтан да психология мамандығының болашағы зор екенін бүгінгі уақыттың талап-тілегінен туындап отыр. Қай заманда да сұранысқа ие және сұраныстан шығатын мамандық болған және бола бермек.

Қазіргі таңда қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің өздеріне де психологиялық қолдауды талап ететін жағдайға түсіп отыр. Қылмыстық-атқару жүйесінің тарихында қызметкерлерде жиі кездесетін қиындықтарына назар аударсақ, мекемелерде кең көлемде лауазымдардың ұзақ уақыт бойы жасақталмауы, жүктемелердің үлкен болуы, қызметкерлердің арнайы контингентпен қызмет атқаруы, олардың қызметкерге негізсіз шағымдарын басшыларға, прокурорға және тағы басқа бағыттарға жазулары, қызметкерлердің өз қызметін жүзеге асыру кезіндегі қолдаудың жоқтығынаносы салада жұмыс атқаратын қызметкерлердің эмоционалдық көңіл-күйлері төмендеп, апатияға ұшырайтын кездері жиі болып тұрады. Әр қызметкердің бойында мотивацияның жетіспеушілігінен жұмысқа деген енжарлық, алдына қойған мақсаттары мағынасыз күйге айналып жатады.

Аталған мәселелер жеке құраммен жұмыс жасайтын мамандар үшін қылмыстық-атқару жүйесіндегі үлкен мәселелердің бірі болып табылады.

Құқық қорғау қызметінің тиімділігі кадр әлеуетінің сапасымен айқындалады. Тәжірибеде кадрлардың тұрақтамауының жоғары деңгейін, олардың кәсіби және арнайы даярлық деңгейінің сәйкес келмеуінен, тәжірибелі мамандардың айтарлықтай қысқарғанын көрсетеді. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері іс-әрекеттің ерекшелігіне жұмыс басталғаннан 1-2 жыл өткен соң бейімделетіні анықталады, тиісті деңгейге жету үшін маманға 5-7 жыл қажет, ал 8-10 жылдан кейін ғана қызметке толық кәсіби бейімделу жүреді. Осылайша жеке құрамның басым бөлігінде кәсібилік жеткілікті деңгейде жоқ. ҚАЖ мекемелерінде білікті кадрлар тапшылығы үрдісі байқалады, ал қабылданатын қызметкерлер арасында қажетті деңгейде кәсіби қасиеттері төмен [2].

Аталған пікір, біздің ойымызбен сәйкес келеді. Құқық қорғау органдарында, соның ішінде қылмыстық-атқару жүйесі қызметіне жаңадан жұмысқа кіріскен жас мамандардың өз лауазымында тұрақтамауының себептері қызмет бабын жеткілікті деңгейде ұғынбай, қайда жұмыс жасайтындарын түсінбей, жұмысқа кіріскен сәттен бастап еңбек регламентінің ұнамауы, жұмыстың ауырлығын сезінуі, қызметте өсу жағдайын сезінбеуі, жалақының жетіспеушілігі салдарынан 1 жылға жетпейтін уақыт аралығында бейімделе алмай қызметтен кетіп жатады. Ал, жұмыста белгілі бір тәжірибе жинақтаған, зейнеткерлікке уақыты жақындаған қызметкерлер осынша қызметке берілген өмірін зая кетірмей құқықбұзушылыққа жол бермей, аман-есен зейнеткерлікке шығуын жөн көреді.

Мысалы осы саланы үлгі тұтып, болашағын жарқын елестетіп төрт жыл өмірін арнаған, арнайы ведомстволық оқу орнын бітірген жас мамандар тәжірибеде көптеген мәселелерді көріп, көңілдері қалып жатады. Айта кетсек, кейбір басшы тарапынан заңға қайшы нұсқауларды орындауы, қаражаттың жетіспеушілігі, әріптестері немесе сотталғандар тарапынан арнайы құқықбұзушылық жағдайларға тап болуы, соның салдарынан өздерінің бас бостандығынан айырылуы, қылмыстық-атқару жүйесінің басқа салалар арасында беделінің төмендігі жас қызметкерді ойландырады. Ал, зейнеткерлігі жақындаған қызметкердің ойы- бойына түскен қаншама әділетсіз әрекеттермен заңға қайшы нәрселерге көз жұмуы қылмыстық-

атқару жүйесінің құлдырауына алып келуі мүмкін. Осындай әділетсіз жағдайларды көрген қызметкерлер басқа салаға немесе азаматтық жұмысқа ауысуды жөн көріп жатады.

Осындай сәттен қызметкерлер кәсіби деформацияға тап болады. Кәсіптік деформация — бұл жаңа ұғым. Бұл ХІХ ғасырдың соңында адамның кәсібі оған қалай әсер ететінін зерттеу үшін пайда болған ғылым. Аталмыш терминді Х. Ландерок қолданысқа енгізген [3]. Кәсіптік деформация-түсінуге қиын құбылыс. Оны көп жылдық тәжірибесі бар адамда және жұмысын жақында бастаған адамда сезіну мүмкін. Бұл тек уақыт сұрағы. Сол себепті, кәсіптік деформация кез-келгеннің өмірінде орын алуы мүмкін. Кәсіптік деформация көптеген факторлардың әсерінен қалыптасады. Соның ішінде қатаң тәртіп, бірсарынды әрекетпен шығармашылық құлдырауды нақты себептерге жатқызуға болады. Кәсіптік деформацияның көріністерімен формалары әртүрлі. Алайда осы тұста басқарушылық эрозиямен эмоциялық күйзеліс жиі аталады. Бұның ішіндегі ең күрделісі — басқарушылық эрозия. Бұл лауазымды қызметтегілерде болатын құбылыс. Аталмыш симптомның механизмі өте оңай түсіндіріледі. Басшы уақыт өте келе билікке деген аран ашыла түседі. Бұл өз кезегінде әріптестерінің жұмысын оңтайландыруға емес, керісінше оларды құлша жұмсауға итермелейді [4, 55]. Алайда басшының қылмыстық-атқару жүйесінде авторитарлық стильді қолдануы қызметте өз пайдасын тигізіп жатады. Басқарудың ғылым ретінде қалыптасуы Фредрик Тейлор есімімен байланысты, ол өзінің «Ғылыми басқару принциптері» деп аталатын еңбегінде басқару және атқарушы қызметтердің нақты бөлінуін қарастырып, басшының негізгі міндеті өзінің тікелей қарамағындағы қызметкерлердің қызмет өнімділігін іздестіру деп көрсеткен [5].

ҚАЖ қызметкерлерінің жұмысы сотталғандарды қоғамнан мәжбүрлеп оқшаулау жөніндегі міндеттерді іске асыруға, оларды тәрбиелеуге және олардың жаңа қылмыстар жасауының алдын алуға бағытталған негізгі мақсаттардың орындалуын қамтамасыз етуге арналған. Қызметтік міндеттерді кәсіби түрде шеше алатын, мекемелердің жұмыс істеуінде адамгершілік қағидатын іске асыра алатын, сотталғандармен жұмыс істеудің заңды және тиімді нысандарын қолдана алатын білікті кадрларды даярлау мәселесі ҚАЖ қызметіндегі негізгі мәселелердің бірі болып табылады.

Кәсіби дайындықтың нәтижелілігі жоғарғы оқу орны түлегінің лауазымдық міндеттерді нәтижелі шешуге дайындығын, қабылдауын білдіреді. Қылмыстық-атқару жүйесінде жұмыс істейтін қызметкерлер қоғамның сотталғандардан қорғану қажеттілігіне жауап береді. Бұл санаттағы адамдардың өзі: бақылаушылар, жасақ бастығы, психологтар психологиялық сүйемелдеумен диагностиканы қажет етеді.

Қылмыстық-атқару жүйесіндегі қызметкерлерінің жұмысы жанжалды, қорқынышты, өмірге қауіп төндіретін жағдайларда жүреді. Мұндай төтенше жағдайлар қызметкерлерге қатты әсер етеді, кәсіби мәселелерді шешуде қиындықтар туғызады. Қызметтің сәттілігі қызметкерлерден психологиялық тұрақтылықты, ерекше дайындықты, қиын жағдайларда әрекет етудің ерекше дағдыларын талап етеді. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің өмірі күйзеліспен өтеді. Олар өздерінің жұмыстарын төтенше жағдайға тап болуы мүмкін деген қорқынышпен жүреді. ҚАЖ-де болатын төтенше жағдайлардың бірі тәртіпсіздік, бағынбау және т. б. Кейбір жағдайда құқықбұзушылықтардың басқа түрі де байқалады.

Қызметкердің кәсіби қызметінің ерекшеліктері оның жұмысында шамадан тыс жүктеменің болуы. Жұмыстағы шиеленіс қызметкердің өз іс-әрекетінің төтенше жағдайына байланысты физикалық және психикалық стресстермен, жанжал жағдайындағы әрекеттермен, әртүрлі стресс факторларының әсерімен, іс-әрекеттің теріс эмоционалды түрінің болуымен, оның қызметінің күрделі жағдайымен байланысты.

Осындай жағдайлардың салдарынан соңғы жылдары қызметкерлер арасында өз-өзіне қол жұмсау фактілерінің көбеюі, қару-жарақпен жұмыс атқаратын қызметкерлердің стресстік жағдайға төзімсіздігі, төтенше жағдай туындаған кезде жедел түрде шешім таба алмауы, қаражаттың жетіспеушілігіне байланысты несиелік қаражаттың көп мөлшерде алып, тығы-

рыққа тіреліп, құқықбұзушылықтарға баруы, сотталғандар арасында жабық мекемедегі суицидтік жағдайдың жиіленуі қылмыстық-атқару жүйесіндегі психологтардың қызмет атқарудағы маңызды мәселелердің бірі болып отыр.

Біздің айтылған пікірімізбен ресейлік С.В. Кулаковамен Н.А. Цветкованың «Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің суицидтік мінез-құлқы өзекті мәселе ретінде» атты мақаласында қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлері арасында болуы мүмкін суицидтік жағдайларға алып келетін мәселелер туралы бізбен келісетін пікірлерін көре аламыз.

Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің арасындағы суицид тек Қазақстандық мәселе емес. Бүкіл әлем бойынша дерт болып отыр. Сонымен, 2013 жылы АҚШ-тың Мюнхендегі диагностикалық орталығы түрме қызметкерлерінің полиция қызметкерлеріне қарағанда екі есе жиі суицид жасайтындығын көрсететін мәліметтерді жариялады. Сонымен қатар, американдық қауіпсіздік күштерінің 94 % суицидтік жағдайда табельдік қаруды қолданады екен. Сол жылы американдық психолог Катерина Спинарис — Desert Waters жобасының бастамашысы түрме қызметкерлерінің үштен бірінде (31 %) клиникалық депрессия немесе жа рақаттан кейінгі стресстің белгілері, ал 17 % қызметкерлерде осы екі аурудың белгілері бар екенін атап өтті. Детройттағы Уейн университетінің қызметкерлері С. Стак пен О. Цудияның айтуынша, түрме бақылаушыларының суицид жасау қаупі басқа маман өкілдеріне қарағанда 39 % жоғары.

Көптеген жағдайларда өзін-өзі өлтіру жағдайын болжау қиын деп саналды. Олардың басым көпшілігі түсініксіз жағдайларда жасалған өзіне-өзі қол жұмсау болды. Бұл көптеген жағдайларда ҚАЖ қызметкерлерінің өзін-өзі өлтіруі факторлардың жиынтығымен байланысты деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді; Олар а) отбасылық қақтығыстар, оның ішінде күнделікті өмірде алкогольді шектен тыс пайдалану; б) кәсіби қызметтің ерекшелігі; в) материалдық қиындықтар, қаржылық қарыздар және несиелік міндеттемелер; г) психологиялық қарсы көрсетілімдері бар қызметкерлерді қызметке қабылдау, оның ішінде олардың анамнезінде жақын туыстары арасында суицидтердің болуы; д) қызметкерлермен кадр, тәрбие, психологиялық және басқа да жұмыстағы кемшіліктер жатады [6].

Атап айтсақ, қылмыстық-атқару жүйесіндегі қызметкерлерінде кездесетін, жұмысында және жеке тұлғаға қатысты туындайтын мәселелер немесе жұмыстан өз еркімен кету себептері:

– Өз-өздеріне қол жұмсау фактілерінің көбеюі. (тапаншамен өзін атуы, белгісіз жағдайда асылып өлуі).

– Қаражат жеткіліксіздігінен несие алып, құмар ойындар ойнап, төлей алмау салдарынан тығырыққа тірелу. (жемқорлық жағдайының өсуі).

– Қызметкерлер арасында дәстүрлі емес діни бетбұрысқа баруы.

– Ұжым арасында немесе басшы құраммен дау-дамайдың әсерінен эмоционалдық күйдің төмендігі.

– Жас қызметкерлердің жұмыстағы жұмыс мөлшеріне бейімделе алмау салдарынан қызметкерлердің жаппай жұмыстан кетуі.

– Қару-жарақпен жұмыс жасайтын қызметкерлердің стресстік жағдайға төтеп беру деңгейінің төмендігі.

– Жұмыс уақытының ретсіздігіне байланысты отбасындағы жанжалдың көбеюі.

– Қызметкерлердің қызмет бабы бойынша тығырыққа тірелген жағдайдағы өмірге деген құлшыныстың жоғалуы, жұмысқа деген ынта-ниеттің төмендеп, сенімсіздікпен қарауы. Зейнеткерлікке ерте кетуі (сотталғандарға қатысты қызметкерлердің кінәлі саналуы, бас бостандығынан айырылуы) (*пытки*)).

– Төтенше жағдай туындаған кезде жедел шешім таба алмау салдарынан қиындықтарға душар болуы.

Аталған мәселелердің барлығы жеке құрам бойынша жұмыс жасайтын психологтар үшін үлкен мәселелі жұмыс болып есептеледі.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасы аумағындағы қылмыстық-атқару жүйесінде, қызметкерлердің өзіне-өзі қол жұмсау фактілерінің көбеюі байқалады. Бұл фактілер жұмысқа жаңа кірген бақылаушыдан, Департамент басшылығы арасында кездесіп жатыр. Мәселен, Қостанай облысы бойынша ҚАЖД бастығының орынбасарының бірі 2019 жылы іссапар уақытында Нұр-Сұлтан қаласының қонақ үйінде өз-өзіне қол жұмсауы. Осындай жағдайға қызметкерлердің бару себептері көп және кейбіреулері әліде жұмбақ күйде қалып отыр.

Осы мәселелердің барлығы қылмыстық-атқару жүйесі саласындағы қызметкерлер және олармен жұмыс жасайтын мамандар үшін өзекті мәселелердің бірі болып қалады. Қызметкерлер үшін, таң атқаннан бастап кешкі уақытқа дейін түрменің ішінде сотталғандармен бірге жүруінің өзі сол адаммен бір деңгейде оқшауланғандай сезінеді. Басқа ішкі істер органдары жұмысындағы қызметкерлермен салыстырғандағы айырмашылықта осында.

Бас бостандығынан айырылған азаматтармен жұмыс жасайтын қызметкерлердің жалпы психикасын зерделеп, бақылауға алып отыратын психолог мамандарының қызметінде де туындайтын мәселелерді шешуде кедергілер кездесуде. Өздерінің лауазымдық міндеттеріне сай жұмыс атқармауы, кадрлардың жетіспеушілігі осы тақырыптың өзектілігін арттырады. Жоғарыда аталған мәселелерді шешу барысында төмендегі ұсынымдар ұсынылады:

1. Бос лауазымдарды толықтыру мақсатында бақылаушы қызметкерлердің жалақыларын көбейту, жетілген мамандарды: пробация қызметі және кадр саясаты тобы қызметкерлерінің өз лауазымдарында тұрақтандыру мақсатында тұрғын үйге қаражат төлеу мәселесін қарастыру.

2. Азаматтық үміткерлерді жұмысқа қабылдау процесін жылдамдату мақсатында ҰҚК тексеріс ұзақтығын 1 ай шамасына дейін қысқарту, медициналық куәландырудан өту кезінде ер балалардың бойын 165 см, қыз баланыкін 160 см дейін төмендету, осы үміткерлермен жұмыс жасайтын кадр қызметкерлері штатына әр мекемеге тағы бір инспектордан енгізу.

3. Ұжымда моральды-психологиялық ахуалды тұрақтандыру, жұмыстағы құқықбұзушылықтарды болдырмау, қызметкерлердің заңға сай жұмыс атқаруын қадағалау тікелей басшыға байланысты. Сондықтан, басшы құрамның жеке құраммен жұмыс жасау, ұйымдастырушылық қабілетін дамыту мақсатында ІМ, ҚАЖК, шет ел мамандарымен өткізілетін конференция, семинарларға қатыстыру. Осының нәтижесінде, қызметкерлердің өз білімдерін арттырып отыруға, ораторлық қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндіктері жоғарлайды.

4. Қызметкерлердің мәртебесін сотталғандар алдында көтеру мақсатында, олардың құқықтарын қорғаумен қатар сенімділік таныту туралы мәселені қарастыру.

5. Жас қызметкерлерді лауазымға тағайындар алдында оларға бекітілетін тәлімгерлердің жұмыстары формальды болмау, олардың жұмысының нәтижесінің тиімділігін арттыру мақсатында, тәлімгерлерге қосымша ақы төлеу туралы мәселені қарастыру.

6. Тәжірибеде ҚАЖ қызметкерлердің спортпен шұғылданду сабағын ұйымдастыру кадр қызметкерлерімен басшылық үшін жыл сайынғы мәселе болып отыр. Үнемі азаматтық мекемелерден дене шынықтыру жаттығулары бар спорт кешенін табу қиынға түсіп жатады. Сондықтан қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлеріне арналған дене шынықтыру және атыс дайындығы өткізілетін арнайы стандартқа сай спорт кешенімен ату тирін салу.

7. Пробация қызметінде жұмыс жасайтын қызметкерлер үшін шартты түрде сотталғандарды тұрғын-мекендерін тексеру кезінде немесе белгілі құжаттарды қаланың әр түпкірінде орналасқан жерлерге апару мақсатында қызметкерлердің көп уақыты тек жолда қоғамдық көлікпен жүрумен кетіп жатады. Осыған орай, пробация қызметкерлері жұмыс уақытын өткізетін әр бір тірек пунктерге қызметтік көлікпен қамтамасыз ету.

Ал, осы қызметкерлермен жұмыс атқаруын психолог мамандардың жұмысын жетілдіруге қатысты мына ұсынымдар ұсынылады:

– Әр мекемеде қызметкерлерге жауапты, психокоррекциялық, психодиагностикалық, психологиялық жұмыстар өткізетін аттестатталған психолог қызметкерлерін лауазымын енгізу.

– Психолог лауазымын кадр саясаты тобынан бөлек шығарып, психологиялық қамтамасыз ету бөлімін ҚАЖ департаментінде енгізу.

– Қызметкердің жұмыс барысындағы қиыншылықтармен мәселелерге алаңдамай, тынығу, ойын серіктіру үшін ҚАЖ департаментінде және оған қарасты мекемелерде арнайықызметкерлерге арналған стандарттық үлгіге сай релаксациялық бөлмелермен қамтамасыз ету, соған сай барлық құрал-жабдықтарды алуға қаражат бөлу.

– Психолог мамандарының лауазымға тұрақтандыру, ынталандыру мақсатында лауазымдық шендерін майор шеніне дейін, лауазымдық деңгейлерін аға инспектор, бас маман штаттарын енгізу.

– Қызметкерлердің өздерін психолог мамандарының алдында еркін ұстауы, шынайы болу мақсатында қызметкерлермен психологиялық кеңес беру, диагностикалық, коррекциялық жұмыстар жүргізу уақытында азаматтық киім үлгісімен қабылдау туралы өзгеріс енгізу.

Жоғары көрсетілген ұсыныстар бір-бірімен тығыз байланысты және олардың ескерілуі ҚАЖ мекемелерінде психологиялық оналту жұмыстарының тиімді болуына, ал нәтижелері білікті мамандардың қызметін ұзақ уақыт жүргізуіне, жас мамандарға өздерінің тәжірибесімен бөлісіп, бұдан әрі қылмыстық-атқару жүйесі саласын жетілдіруге тікелей үлесін қосады.

Қорытындылай келе, атақты жазушы Пауло Коэльо пікірінше «Әр нәрсені өз уақытымен жасау керек, егер тұлға жұмыста-жұмыспен, үйде-отбасымен, демалыста-сүйікті ісімен айналысатын болса ғана адам бақытты болады» [7].

Қылмыстық-атқару жүйесі саласында қызметкердің жұмыста кездесетін мәселелердің туындауына байланысты жұмыс жағдайын жеңілдетіп жақсартуға, қызметке деген құштарлығын арттыру, моральдық және материалдық жағынан ынталандыру мақсатында көрсетілген ұсыныстар жүзеге асырылса, қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің жұмысында сапалы әрі нәтижелі болатын еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Искалиева Р.Д. Психолог мамандығының қоғамда алатын орны мақаласынан. Ақтау қ. // <https://bilimainasy.kz> (кіру уақыты: 21.12.2021 ж.)
2. Психологические особенности деятельности сотрудников уголовно-исполнительной системы // https://referatwork.ru/uis_psy-ped/section-5.html (кіру уақыты: 21.12.2021 ж.)
3. Кәсіптік деформацияның себебі неде? // <https://likeme.kz> post (кіру уақыты: 08.12.21 ж.).
4. Полякова О.Б. Категория и структура профессиональных деформаций // Национальный психологический журнал. — 2014. — № 1(13). — 55–62 б.
5. Б. Әбдіәшім. Ішкі істер органдарында тиімді басқарудың критерийлері мен психологиялық факторлары // Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының «Хабаршы — Вестник». — 2020. — № 1. — 62б.
6. Кулакова С.В., Цветкова Н.А. Суицидальное поведение сотрудников уголовно-исполнительной системы как актуальная проблем // <https://cyberleninka.ru/article/n/suicidalnoe-povedenie-sotrudnikov-ugolovno-ispolnitelnoy-sistemy-kak-aktualnaya-problema> / (кіру уақыты: 21.12.2021 ж.)
7. Қуанжанова Қ.Т. Ішкі істер органы қызметкерлерінің кәсіби деформацияның пайда болуына әсер ететін факторлар // library.wku.edu.kz/index.php... (кіру уақыты: 16.12.2021 ж.)

Токубаев З.С.,

*первый проректор Академии, проректор по науке и стратегическому развитию,
доктор юридических наук, профессор
(Центрально-Казахстанская академия, г. Караганда, Республика Казахстан,
e-mail: zairulla_@mail.ru);*

Кайнар Е.Е.,

*начальник кафедры общеправовых дисциплин,
доктор философии (PhD), подполковник полиции
(e-mail: kainar-1986@mail.ru);*

Темиргалиева А.Т.,

*магистрант, капитан юстиции
(Костанайская академия МВД РК им. Ш. Кабылбаева, г. Костанай,
Республика Казахстан, e-mail: aida-tem@mail.ru)*

Проблемы досрочного увольнения сотрудников уголовно-исполнительной системы до достижения ими пенсионного возраста

Аннотация. В статье рассматриваются проблемы сотрудников уголовно-исполнительной системы, возникающие под влиянием эмоциональных состояний на службе, в том числе учащение случаев суицида среди сотрудников, низкая стрессоустойчивость работников, несущих службу с оружием, нетерпимость к службе в случае возникновения чрезвычайной ситуации, нарастание конфликтных ситуаций в семье в связи с изменением трудового времени? а также возникающие конфликты с руководителем, коллективом, трудности работы молодых сотрудников, у которых не совпали ожидания и реальность. В результате эти проблемы вызывают нежелание сотрудников продолжать службу в пенитенциарной системе и являются причиной раннего выхода на пенсию путем прохождения медицинского освидетельствования.

Ключевые слова: уголовно-исполнительная система, осужденные, психолог, учреждение, правоохранительная органы, эмоциональный, сотрудник, психология.

Z.S. Tokubaev,

*First Vice-Rector, Vice-Rector for Science and Strategic Development,
Doctor of Law, Professor
(Central-Kazakhstan Academy, the city of Karaganda, Republic of Kazakhstan,
e-mail: zairulla_@mail.ru);*

Y.Y. Kainar,

*Head of the Department of General Legal Disciplines,
Doctor of Philosophy (PhD), police lieutenant colonel
(e-mail: kainar-1986@mail.ru);*

A.T. Temirgaliyeva,

*master student, Captain of justice
(Kostanay Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan
named after Sh. Kabylbayev, e-mail: aida-tem@mail.ru)*

Problems of early dismissal of employees of the penitentiary system before they reach retirement age

Annotation. The article deals with the problems of employees of the penal enforcement system arising under the influence of emotional states in the service, including the increase in suicide cases among employees, low stress tolerance of employees serving with oru, intolerance to service in the event of an emergency, the increase in conflict situations in the family due to changes in working hours? as well as emerging conflicts with the manager, the team, the difficulties of the work of young employees who did not have the same expectations and reality. As a result, these problems cause unwillingness of employees to continue serving in the penitentiary system and are the reason for early retirement by passing a medical examination.

Keywords: Penitentiary system, human rights organizations, psychologist, convicts, law enforcement, emotional, employee, psychology.

Төлеген М.Ә.,

*ректор, профессор, заң ғылымдарының кандидаты, философия докторы (PhD),
Қазақстан Республикасы педагогика ғылымдары академиясының академигі
(e-mail: Mukhtar_T80);*

Орсаева Р.А.,

*заң ғылымдарының кандидаты (PhD), қауымдастырылған профессор
(С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Қазақстан Республикасы, Өскемен қ., e-mail: r_orsaeva_60@mail.ru)*

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған іс-қимылға жалпы сипаттама

Аннотация. Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Сыбайлас жемқорлық экономика мен әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына кері әсерін тигізетіні, ең алдымен мемлекеттік органдарға әсер ететіні белгілі. Мемлекеттік және муниципалдық қызметкерлердің көпшілігінің сыбайлас жемқорлыққа ұшырауынан азаматтар білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру салаларындағы тегін міндетті қызметтер аясынан ығыстырылуда, осылайша, сыбайлас жемқорлық қазіргі қоғамның ажырамас атрибуты болып отыр.

Мақалада сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған заңдарға талдау жасалып, қылмыстық-құқықтық тұрғыда жалпы сипаттама берілген.

Негізгі сөздер: сыбайлас жемқорлық, қылмыстық жауаптылық, қылмыспен күрес, тиімділік

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде кеңесте «... елімізде жемқорлықтың дендеп кеткеніне алаңдаушылық білдіріп, бұның қоғамға қауіпті дерт екенін айта отырып, «...жыл сайын Қазақстанда орташа есеппен 2 мыңнан астам сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыстық іс тіркеледі. Мыңнан аса адам жауапқа тартылады. Сыбайлас жемқорлықтың «батпандап кіріп, мысқалдап шығатын кесел. Осы ауруды қазір шұғыл түрде емдемесек, ертең кеш болуы мүмкін» екендігін, «... ұлттық қауіпсіздік пен мемлекеттің болашағына нұқсан келтіретінін ... Сондықтан, оның тамырына балта шауып, түбегейлі жою қажеттігін» алға тартты.

Шынында да, сыбайлас жемқорлық — әлем мойындаған ғасыр дерті десек, қателеспейміз. Ғасыр дертімен күрескен мемлекеттер арасында Қазақстан мемлекетінің де бар екенін жоққа шығара алмайтынымыз анық.

Сәл кейін шегініп, өткенге көз жүгіртіп қарасақ, Қазақстан мемлекеті ТМД елдерінің ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң қабылдаған алғашқы мемлекет. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (02.07.1998) «... мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы сыбайлас жемқорлық деп ұғынылады» деп жемқорлыққа анықтама берген.

Жалпы елімізде сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы 1991 жылдан айтыла бастады. Сол жылдың наурыз айында Қазақстан Республикасы Президентінің «Қылмыстың ұйыдасқан түрлері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту туралы» Жарлығы шыққаны белгілі. Бірақ, ол құжатта сыбайлас жемқорлықтың ресми анықтамасы берілмеді.

Қазақстан Республикасы жемқорлыққа қарсы Біріккен Ұлттар Ұйымы Конвенциясын бекітті, экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымдарының ұсынымдарына ден қоя

отырып, ұлттық заңнамаға өзгерістер енгізді. Ұлттық заңға енгізілген өзгерістер мемлекеттік қызметшінің оған белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлау міндетін жүктеп, сотталған адамның қылмыстық жолмен алынған және басқа адамдардың меншігіне берілген мүлкін тәркілеуді баса көрсетті. Сондай-ақ, заңға «мүдделер қақтығысы» ұғымы енгізіліп, жемқорлық құқық бұзушылық жасап, қызметтен босатылған адамдар үшін мемлекеттік органдарда кез келген лауазымды атқаруға өмір бойы тыйым салуды қарастырды.

Өзімізге белгілі, мемлекет тәуелсіздікті алған күннен бастап Қазақстан жүйелі және мақсатты түрде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын жүзеге асырып келеді. Біздің пікірімізше, бүгінгі қазақстандық қоғамда жемқорлыққа қарсы іс-қимыл — күрделі де жауапты міндет, ол құқық қоғау органдарының бүкіл жүйесінің ғана емес, сонымен бірге азаматтық қоғам институттарының да күш-жігерін топтастыруды талап етеді.

Лауазымды адамдар жасаған жемқорлыққа қарсы саясат — мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттары жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін пайдаланатын шаралар мен құралдардың тұтас жүйесі жиынтығы. Жемқорлыққа қарсы пайдаланылатын іс-қимыл шаралар мен құралдар ретінде Қазақстан Парламентінің жемқорлықпен күреске тікелей бағытталған 15 заң қабылдағанын айтсақ та жеткілікті. Бұл жалпы елімізде жемқорлықпен күресу үшін заңнамалық база қалыптасып болғандығын көрсетсе керек.

Қазіргі қолданыстағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтарға 17 қылмыс құрамы жатқызылса, ал Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінде құқық бұзушылықтың аталған түрі үшін арнаулы тарау көзделген.

Сыбайлас жемқорлықты түбегейлі жоюға бағытталған Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» (02.02—2022) Жарлығына (№ 802) қол қойылып [1], жол тартқаны белгілі. Тұжырымдаманы әзірлеу — Қазақстан Республикасы Президентінің тікелей тапсырмасы. Нақтырақ айтсақ, Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар — ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 88-тармағына сәйкес негізделген тұжырымдама.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы маңызы зор, тарихи құжат деуге болады. Стратегиялық құжат халықаралық стандарттарға, үкіметтік емес ұйымдардың, бизнес-қоғамдастықтың, мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен азаматтардың ұсыныстарына негізделген. Тұжырымдама сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын жүйелі түрде жоюға, жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз етуге, қоғамдық сананы түбегейлі өзгертуге бағытталған.

Өзіміз білетіндей, «Адалдық алаңы» жобасының ауқымы ел бойынша кеңейтілді, ол сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелерінде мемлекеттік органдардың азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл арналарын құруға мүмкіндік берді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық қозғалысқа барлық мүдделі топтар: оқушылар, студенттер, оқытушылар, мемлекеттік қызметшілер, кәсіпкерлер, инвесторлар, тәуелсіз сарапшылар, еріктілер және басқалар тартылғаны белгілі. Жастар бойында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру, парасаттылық идеологиясын және сыбайлас жемқорлыққа «мүлдем төзбеушілікті» ілгерілетуге» мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты — саналы ұрпақтың санасына сыбайластылыққа төзбеушілікті қалыптастыру, адалдыққа тәрбиелей отырып, рухани дамуын жетілдіру, әділдік пен әділеттілікті бойларына дарыту, парасатты болуға дағдыландыру болатын болса, оның барлығы жастардың бойынан табылады деуге негіз бар.

Жастар бойынан табылатын адалдық, әділдік сияқты құндылықтар жөнінде сөз қозғаған ғалымдар жетерлі. Ресейлік ғалым А.С. Никифоров «сыбайлас жемқорлық мемлекеттік аппараттың, қоғамдық және жеке қызметтердің ыдырауына, оларға жүктелген функциялардың бұзылуына алып келетінін» айтып, жемқорлықтың алдын-алу үшін шетел тәжірибесін қолданды ұсынды [2, 88].

Шетелдік ғалымдар жүргізген сыбайлас жемқорлыққа қатысты зерттеулері белгілі бір қызығушылық тудырады, олардың талдауы осы мәселені шешуде жаңашылдыққа негізделген мүлдем басқа тәсілді қолдану туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Шетелдік тәжірибені қолдануды қолдамайтын кейбір ғалымдар (В.А. Шабанин, И.Г. Тарусина) сыбайластылықты «девиантты саяси мінез-құлық» деп атап көрсеткен [3, 5].

Көптеген ғалымдар отандық, ресейлік (Н.Ф. Кузнецова, Я. Гилинский), батыстық (Г. Лассвелл, А. Этуционни) ғалымдар сыбайлас жемқорлыққа ғылыми баға бере отырып, оның арасындағы түбегейлі айырмашылық — сыбайлас жемқорлық тек жеке адамдардың немесе топтардың пайдакүнемдік әрекеттерімен ғана емес, сонымен бірге қолданыстағы саяси жүйемен де байланысты екендігін жоққа шығармайды. Яғни ғалымдар пікірінше, сыбайлас жемқорлық қатынастарының негізгі қатысушысы басым саяси элита болып табылады, ол қоғамның артықшылықты қабаты — сыбайлас жемқорлық әрекеттері көбінесе құқықтық қатынастардан тыс болатын саяси билік тетігін қолдану арқылы болып жатқан әлеуметтік процестерге белсенді әсер ететін адамдардың шектеулі тобы [3, 46].

Саяси элитаны сыбайлас жемқорлық қатынастарының әлеуетті қатысушысы ретінде анықтайтын бірнеше заманауи батыстық элиталық теориялар бар. Олардың ішінде Г. Лассвеллдің тұжырымдамасы қызығушылық тудырады, оның пікірінше, «ең көп байлықты қолына шоғырландырғандар арасында сыбайлас жемқорлар көп». Тағы бір батыстық ғалым Дюпре «сыбалас жемқорлық қоғамда белгілі бір орны бар, айналасына әсер ете алатын адамдарға тән» екен. Ал, батыстық ғалым А. Этуционни «лауазым иесінің өкілеттілігі барлық жағдайды шешуге жол ашатынын» айтса, В. Геттсмен «кез келген элита саяси, экономикалық, мәдени өмірдегі жетекші позициясын иемдене алады» деп тұжырым жасады [4, 148].

Ғалымдар пікірімен келісуге де, келіспеуге де болады. Біздің ойымызша, ғалымдар көзқарасы дұрыс, тек келіспейтін жақтары басымырақ дегіміз келеді. «Байлықты шоғырландыратындар» мен «лауазым иесінің лауазымын пайдаланып, барлығын шешетіні» біздің еліміз үшін жат әрекет екенін ескерсек, кез келген дамыған мемлекеттерде ол қылмыстық жауаптылық көздейтіні хақ. Байлық, одан түскен табыс-адамның адал еңбегіннің жемісі болса, ол сыбайластылық емес, керісінше, өсу мен өнуді көрсетсе керек. Лауазым иесінің өкілеттілігін пайдаланып, заң нормаларын бұзуы — жоғарыда айтқандай, қылмыстық жауаптылық жүктейтінін ескерсек, лауазым иесінің әдептілік этикасын «аттап» өтпей, сақтайтынына сенім мол.

Сол тұрғыдан қарасақ, батыстық ғалымдар айтқан «бәрін шеше алатын, байлықты қолына шоғырландыратындар» арасында сыбайлас жемқорлыққа жиі барады дегенге сену қиынырақ сияқты. Десек те, бұл жерде, сыбайлас жемқорлық мүлдем жоқ дегендік емес, аз болса да бар екенін жоққа шығара алмайтынымыз да шындық.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 1-бабы «сыбайлас жемқорлық анықтама бере келіп, нақты талдаулар жасап, түсіндірмелер берген. Мәселен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат-сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар; сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер — сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл — сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыпта-

стыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган — өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласын үйлестіру жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы орталық атқарушы орган; оның ведомствосы, аумақтық бөлімшелері; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық — бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік); сыбайлас жемқорлық тәуекелі — сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі; сыбайлас жемқорлықтың алдын алу — сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі деп көрсеткен. Қарап отырсақ, «сыбайлас жемқорлық» өте күрделі құбылыс. Себебі, сыбайлас жемқорлық құқықтық қана емес, криминологиялық, криминалистикалық, психологиялық, әлеуметтік категория да болып табылады. Осы орайда сыбайлас жемқорлықтың жалпы белгілері ретінде бірнеше белгіні бөліп алып көрсетуге болатынын айтып кетсе, артық болмас.

Ол белгілер сыбайлас жемқорлықты әлеуметтік құбылыс; тарихи құбылыс; моральға және діни нормаларға жат қылық; құқыққа қайшы құбылыс ретінде көрсетеді.

Сыбайлас жемқорлық — әмбебап әлеуметтік құбылыс. Қай мемлекетті алып қарасақ та, оның даму тарихы осы құбылыспен қатар жүріп, қоғамдағы басқа да құбылыстармен, оның ішінде саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени институттармен тікелей байланысты.

Саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени салалардың дамуы мемлекеттегі сыбайлас жемқорлықтың да деңгейін анықтаса керек. Оған мысал ретінде мәдени саланы алатын болсақ, құқықтық мәдениетті, онымен байланысты құқықтық нигилизм, құқықтық сананы жалпы мәдениеттің ажырамас бөлігі деп қарастырсақ, құқықтық мәдениетті жоғары деп бағалай алмаймыз. Себебі, оның деңгейі құқықтық салада заң нормаларының орындалуымен, құқықтық реттеумен тікелей байланысты болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық — тарихи құбылыс. Сыбайлас жемқорлық тамырының кең тарап, «жайылуы» көне заманнан басталса керек. Оған дәлел ретінде, біздің э.д. XXIV ғасырда Ежелге Вавилон патшасы Урукагина парақорлықпен күресу үшін мемлекеттік қызметке реформалар жүргізгені туралы деректерді тілге тиек етсек, артық болмаған болар еді.

Елімізде қабылданған «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» заңдарында мемлекеттік аппарат қызметінің бір қалыпты, дұрыс, заңды қызметіне кедергі келтіретін құбылыстарға қарсы құқықтық шаралардың түрі саралап көрсетілген жоғарыда айтып өттік.

Десек те сот, тергеу тәжірибесі көрсетіп отырғандай, мемлекеттік, үкімет және басқару билігі саласында, сыбайлас жемқорлыққа байланысты «ақ жағалылар» қылмыстық құқық бұзушылықтары әлі де болса бар екенін жоққа шығара алмаймыз.

Мәселен, Шығыс Қазақстан облысының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі ұлттық бюросы мәліметі бойынша, 2017 жылдың алғашқы жеті айында Шығыс Қазақстан облысының соттарында 13 лауазымды тұлғаға қылмыстық іс қозғалып, сол тұлғаларға қатысты 12 үкім шығарылып, заңды күшіне енген. Ал, 2018 жылы жалпы экономика саласындағы қылмыстық құқық бұзушылық 113 рет орын алса, 2019 жылы 140-қа жеткен, сойтіп 23,9 %-ға өскенін көрсеткен. 2019 жылы сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыстық құқық бұзушылық 136 рет тіркелсе, 2021 жылы бұл көрсеткіш 109-ға дейін азайған екен. Қазақстан Республика-

сының Қылмыстық кодексінің 366, 367, 368-баптары [5] бойынша жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтың азаюы істеліп жатқан құқықтың шаралардың нәтижесін көрсеткендей.

Өзімізге белгілі, Мемлекет басшысы ауыр, аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылығын істеп, бас бостандығынын айырылып, жазаға кесілгендердің мерзімінен бұрын босап шығуына тиым салатын заңға (желтоқсан 2020) қол қойғаны белгілі. Біздің ойымызша, бұл — бірден — бір дұрыс, дер кезінде қабылданған, азаматтық, қылмыстық заңдылықтарға толықтырулар енгізген шешім болды. Дұрыс шешім екендігін ақпарат құралдарында үздіксіз берілген сұхбаттар мен халықтың әлеуметтік желідегі талдауы мен қолдауы да дәлеледеп бергендей. Сонымен, сыбайлас жемқорлық кез келген мемлекетті әлеуметтік, экономикалық жағынан құлдырауға ұшырататын қоғамға жат қылмыстық құқық бұзушылық. Қазіргі кезде мемлекетімізде сыбайла сжемқорлықтың деңгейі барлық қылмыстылықтың 1,0 %-дан 10 %-ға дейінгі мөлшерін қамтиды екен. Бұл ең алдымен жүргізіліп отырған саясаттың дұрыстығын паш етсе, екінші жағынан әлеуметтік жағдайдың жақсы екенін көрсетсе керек. Үшіншіден, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге қабылданған заң нормаларының тиімділігін айқындап бергендей.

Осы жерде қазақстан криминологтарының көшін бастаған заң ғылымдарының докторы, профессор Е.О. Алаухановтың «...сыбайлас жемқорлық қылмыстарды және олармен күресуге көзделген заңнамаларды жетілдіру мәселелерін зерттеуге...» [6, 238] бағытталған тұжырымды ойын айтпаса болмайды. Белгілі заңгер-ғалым Е.О. Алаухановтың құнды пікірімен келісе отырып, Біздің ойымызша, қылмыстылықты болдырмай, алдын-алу үшін кез келген адамды «...күресуге дайын дала халқының бойында жауынгерлік рухта...» тәрбиелеу керек [7, 95].

Біз де құнды пікірді қолдай отырып, «...күресуге көзделген заңнамаларды жетілдіру мәселелерін» [8, 164] толық қолдайтынымызды айтқымыз келеді.

Тағы бір айта кететін жайт, сыбайлас жемқорлыққа қарсы төзбеушілікті, парасаттылықты қалыптастыруымыз қажет. Төзбеушілік заң нормаларын сақтауды, қылмыстық әрекетке бармауға тиым салса, парасаттылық — адам бойындағы кісілік қасиет. Парасаттылық — ақылдылық пен білімпаздық, мәдениеттілік, көрегенділік, зерделілік. Парасатты адамға адамгершілік, инабаттылық, салиқалылық, мейірімділік, ізгілік, әдептілік, ұстамдылық, талғампаздық қасиеттері тән.

Барлық қасиеттерге ие адам сыбайлас жемқорлыққа бармасы анық, себебі, ол адам үшін адами құндылықтар бірінші орында болмақ. Қалай болғанда да, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шаралары алдын-алу, ескерту шараларымен шектелмей, іс-қимыл нақты мәселелерді шешуге бағытталуы керек. Шешімін тапқан мәселе өзімізге белгілі, өміршендігімен құнды болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық бағдарлама. — Астана, 2017. — 5 б.
2. Никифоров А.С. Юридическое лицо как субъект преступления и уголовной ответственности. — М., 2012. — С. 88.
3. Шабанин В.А. Политика и преступность // Государство и право, 2004. — № 4. — С. 46.
4. Тарусина И.Г. Элитисты и плюралисты в современной политической теории // Полис: политические исследования, 1997. — № 4. — С. 148.
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 жылғы 3 шілдедегі ҚРЗ (қолданыстағы редакциясында) // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>
6. Алауханов Е.О. Сыбайлас жемқорлықпен күрес: теория және практика: Оқулық. — Алматы: Заң әдебиеті, 2009. — 238 б.

7. Төлеген М.Ә. Ұлы дала заңы — Тәуке ханның «Жеті жарғысы» // Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының «Хабаршы — Вестник». — 2021. — № 3(73). — 95 б.

8. Орсаева Р.А. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес негіздері: Оқу құралы. — Өскемен, 2017. — 170 б.

Төлеген М.А.,

*ректор, профессор, кандидат юридических наук, доктор философии (PhD),
академик Академии педагогических наук РК
(e-mail: Mukhtar_T80);*

Орсаева Р.А.,

*кандидат юридических наук (PhD), ассоциированный профессор
(Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова, Республика Казахстан,
г. Усть-Каменогорск, e-mail: r_orsaeva_60@mail.ru)*

Общая характеристика действий, направленных на предупреждение коррупции

Аннотация. Борьба с коррупцией является одним из самых актуальных вопросов для любого цивилизованного общества. Коррупция — это болезнь, которая «расцвела» с течением времени, «пустила корни» в тех областях, где возникли деньги и социальная конкуренция, и до сих пор не искоренена. Известно, что коррупция негативным образом сказывается на развитии экономики и социальной инфраструктуры, поражая в первую очередь органы государственной власти. Вследствие коррумпированности большей части государственных и муниципальных служащих граждане вытесняются из сферы бесплатных обязательных услуг в области образования, здравоохранения, социального обеспечения, тем самым, коррупция становится неотъемлемым атрибутом современного общества. В статье анализируется антикоррупционное законодательство и дается уголовно-правовая характеристика.

Ключевые слова: коррупция, уголовная ответственность, борьба с преступностью, эффективность.

M.A. Tolegen,

*Rector, Professor, Candidate of Legal Sciences, Doctor of Philosophy (PhD),
Academician of the Academy of Pedagogical Sciences of the Republic of Kazakhstan
(e-mail: Mukhtar_T80);*

R.A. Orsaeva,

*Candidate of Legal Sciences (PhD), Associate Professor
(S. Amanzholov East Kazakhstan University, Republic of Kazakhstan,
Ust-Kamenogorsk c., e-mail: r_orsaeva_60@mail.ru)*

General characteristics of actions aimed at preventing corruption

Annotation. The fight against corruption is one of the most pressing issues for any civilized society. Corruption is a disease that «blossomed» over time, took «root» in those areas where money and social competition arose, and has not yet been eradicated. It is known that corruption has a negative impact on the development of the economy and social infrastructure, affecting primarily public authorities. Due to the corruption of the majority of state and municipal employees, citizens are being forced out of the sphere of free compulsory services in the field of education, health care, social security, thereby corruption becomes an integral attribute of modern society. The article analyzes the anti-corruption legislation and gives a criminal-legal characteristic.

Keywords: corruption, criminal responsibility, combating crime, efficiency.



Төлеген М.Ә.,

*ректор, профессор, заң ғылымдарының кандидаты, философия докторы (PhD),
Қазақстан Республикасы педагогика ғылымдары академиясының академигі
(e-mail: Mukhtar_T80);*

Орсаева Р.А.,

*заң ғылымдарының кандидаты (PhD), қауымдастырылған профессор
(С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Қазақстан Республикасы, Өскемен қ., e-mail: r_orsaeva_60@mail.ru)*

**Шығыс Қазақстан облысы бойынша жасөспірімдер
қылмыстық құқық бұзушылықтарының деңгейі
(2016–2020 жылдар бойынша)**

Аннотация. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын-алу өзекті мәселе. Алдын алу мәселесі ескерту, профилактикалық шаралармен қатар құқықтық санын қалыптастырумен тікелей байланысты. Бұл ең алдымен кәмелетке толмағанның жасына байланысты және оған әсер ететін тұлғалық өзгерістерге байланысты. Кәмелетке толмағандардың әлеуметтік-құқықтық байланыстар мен қатынастарға белсенді түрде енуі олардан құқықтық нормалар мен талаптарды меңгеруді, құқықтық сипаттағы құбылыстар мен жағдайларды өз көзқарасы тұрғысынан түсінуді, өз ұстанымын анықтауды талап етеді. Бұл жасөспірімдер арасындағы қылмыстың деңгейін азайтуға көмегін тигізеді.

Мақалада авторлар Шығыс Қазақстан облысы бойынша жасөспірімдер қылмыстық құқық бұзушылықтарының деңгейіне нақты статистикалық талдау жасайды.

Негізгі сөздер: уголовные правонарушения, уровень преступности, профилактика, эффективность.

Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамның «қасіретіне» айналып, ерекше мәнге ие болғаны жасырын емес.

Кәмелетке толмаған жасөспірім шақ баланың дамуындағы үлкен бетбұрыс десек, ол балалық шақтан ересек өмірге «көшу» дегендікті білдіреді. Ересек өмірге «көшу» кезінде жеке тұлғаны қалыптастыру, дамыту көбінесе, проблемалы жайттарды туындатып жатады. Ол проблема жасөспірімнің қоғамдағы өмір сүру жағдайларына бейімделу уақытымен тығыз болғандықтан, олар әлі ересектер кеңістігінде қалай жүруді, өзін ұстауды білмегендіктен, бейімделу, жүру, тұру арасында тепе-теңдік сақталмай, қылмыстық норманың бұзылуына алып келеді.

Қылмыстық норманың бұзылуы — заң бұзушылық. Заң бұзушылық — тиым салынған, істеме деген нәрсені істеу арқылы қылмыстық теріс қылық пен қылмыс жасаудан көрінеді.

Кәмелетке толмаған жасөспірімдер тарапынан тиым салынған норманы бұзу әрекеті қылмыстық құқық бұзушылық әрекетпен ғана шектелмей, әкімшілік құқық бұзушылықпен де ерекшеленетінін айтпасқа болмайды.

Ішкі Істер Министрлігіне қарасты Әкімшілік полиция комитетінің мәліметі бойынша, 2018 жылдың 8 айында ғана республика бойынша, барлығы 1300 қылмыс тіркелген екен. 2019–2020 жылдар да жасөспірімдер қылмысының өсуімен ерекшеленген.

Өткенге көз жүгіртсек, Қазақстан Республикасында 2007 жылы барлығы кәмелеттік жасқа толмағандармен жасалған қылмыстар – 5365 құраса, 2009 жылдың 11 айында ішкі істер органдары кәмелетке толмағандар жасаған 5 мың қылмыстық құқық бұзушылықты тіркеген, бұл көрсеткіш 2013 жылдың 6 айында 2736 қылмысқа жетсе, 2017 жылы – 966 қылмыс, 2018 жылдың төрт айында 945 рет орын алған.

Біздің ойымызша, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстық құқық бұзушылық деңгейінің өсуі — жасөспірімдерді үнемі қадағалауды, бақылауды, ескертуді қажет етеді. Қадағалау ата-ана, мектеп тарапынан орын алатыны белгілі, десек те, кей кездері оның өзі де

аздық етіп жатады, нәтижесінде өзіміз тілге тиек етіп отырған қылмыстық құқық бұзушылықтың орын алатыны жалған емес.


Біз Шығыс Қазақстан облысы бойынша кәмелетке толмаған жасөспірімдер тарапынан орын алатын қылмыстық әрекетті саралау барысында қылмыстың өсу деңгейінің ауытқушылық танытқанына куә болдық. Жалпы жасөспірімдер жасайтын қылмыстық құқық бұзушылықтың «қол таңбасы» ұқсас болып келеді. Сол тұрғыдан қарасак, Шығыс Қазақстан облысында кәмелетке толмаған жасөспірімдермен жасалған қылмыстық әрекеттер қылмыс санаттары бойынша да, жалпы өсу деңгейі бойынша да, алаңдатушылық туғызады. Алаңдатарлық нәрсе Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 15-бабында (2-тармағы) қарастырылған ауыр қылмыстардың кәмелетке толмағандар қолымен жүзеге асуы [1].

Шығыс Қазақстан облысы бойынша, 2016–2020 жылдар арасында кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстарды сараласак, 2020 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша облыста жасөспірімдер қылмысының 19,4 %-ға немесе 206-дан 166 фактіге дейін төмендегені байқалады.

2016–2020 жылдар арасында кәмелетке толмаған жасөспірімдердің қатысуымен жасалған қылмыстар саны 2016 жылы – 332, 2017 жылы – 367, 2018 жылы – 265, 2019 жылы – 206, 2020 жылы – 166 санын құраған [2].


Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмаған тұлғалардың өсуі Риддер қ. ПБ-да 43,8 %-ға (16-дан 23-ке дейін), Бесқарағай аудандық ПБ-да 75 %-ға (4-тен 7-ге дейін), Көкпекті ауданында 200 %-ға (3-тен 9-ға дейін), Жарма ауданында 100 %-ға (2-ден 4-ке дейін), сондай-ақ Абай ауданында 0-ден 1-ге дейін қылмыс жасалған.

Кәмелетке толмағандар қылмысының динамикасын талдай отырып, соңғы 3 жылдағы қылмыстың тұрақты төмендеуін байқаймыз. 2016–2020 жылдары кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстардың өсу динамикасы төмендегі көрсеткішті көрсеткен:



Сонымен қатар, егер 2016 жылы кәмелетке толмағандар 332 қылмыс жасаған болса, 2020 жылы бұл көрсеткіш 50 %-ға төмендеп, 166-ны құрады.

2020 жылдың қорытындысы кәмелетке толмағандар жасайтын ауыр, аса ауыр қылмыстар санының 69 %-ға (24-тен 78 фактіге дейін) өскенін көрсетті, ауыр қылмыстардың өсуі әсіресе, Өскемен қ. ПБ-да 90 %-ға (10-нан 19-ға дейін), Семей ПБ-да 183 %-ға (6-дан 17-ге дейін), Алтай ауданының ПБ-да 100 %-ға (5-тен 10-ға дейін), Риддер ҚБ-да 60 %-ға Көкпекті (0-ден 5-ке дейін), Бесқарағай (0-ден 4-ке дейін), Тарбағатай (0-ден 2-ге дейін) Бородулиха, Катонқарағай, Аягөз және Шемонаиха аудандарында (0-ден 1-ге дейін) белең алды. 2016–2020 жылдар аралығында кәмелетке толмағандар қолымен жүзеге асқан қылмыстарды қылмыс түрлері бойынша бөлу нәтижесі қылмыстық әрекеттің төмендеу, өсу, төмендеу сияқты сипатқа ие болғанын көрсетеді:



Жасөспірімдер қолымен жасалатын қылмыстардың арасында денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, алаяқтық сияқты қылмыстар облысқа қарасты кейбір аудандарда пайыздық жағынан өсуді байқалтады. Дәлірек статистикалық мәліметтерге жүгінсек:

– денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру 160 % (5-тен 13-ке дейін): Өскемен қаласы – 3 (2019 ж. – 2), Семей қаласы – 2 (2019 ж. – 0), Тарбағатай – 2 (2019 ж. – 0), Риддер, Бесқарағай, Глубокое, Катонқарағай аудандарында (2019 ж. – 0) – 1-ден өскен.

– алаяқтық 36,3 %-ға (11-ден 15-ке дейін): Өскемен қаласында 9-дан 12-ге дейін, Семей қаласы бойынша 0-ден 2-ге дейін, Алтайда – 0-ден 1-ге дейін жеткен.

Сондай-ақ, ұрлықтың жалпы санының төмендеуіне қарамастан, өсім Семей қ. – 36,3 %-ға (12-ден 16-ға дейін) Риддер – 18 %-ға (9-дан 11-ге дейін), Бесқарағай – (1-ден 4-ке дейін), Көкпекті – 60 % (2-ден 5-ке дейін) орын алды.

Қылмыстық әрекеттің бұл түрлері қылмыстық заң бойынша жазасыз қалмайтын қылмыстық әрекеттер, сондықтан, оның нақты профилактикалық шаралар арқылы алдын алу кезек күттірмес мәселе болып табылады. Осы орайда белгілі ғалым Е.І. Қайыржановтың «...қылмыстың салдарымен емес, себептерімен күресу керек» [3, 98] деген қанатты сөзі ойға оралады.

Белгілі криминолог-ғалым, заң ғылымдарының докторы Елеген Ізтілеуұлы Қайыржановтың пікірімен келіспеске болмайды.

Біздің ойымызша, кәмелетке толмағандардың қылмыстылықтарын алдын-алу ең бастысы «... қабілетті, ... күресуге дайын дала халқының бойында жауынгерлік рухта ...» тәрбиелеуге ықпал етеді [4, 95].

Жалпы жасөспірімдер қылмысының құрылымын анықтау алудың маңыздыдылығы зор болып табылады, анықтау өзімізге белгілі, жасөспірімдердің қандай қылмысқа көп баратынын анықтау мен сол бағытта жұмыс істеп, алдын-алуға көмегін тигізері белгілі.

Жасөспірімдер қылмысының құрылымы зерделеу барысында Шығыс Қазақстанда 2016–2020 жылдар аралығында адам өлтіру (99-бап), денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру (106-бап), денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру (107-бап), ұрлық (188 бап), тонау (191-бап), қарақшылық (192-бап) т. б. сияқты қылмыстар легінің жалғасқанын көреміз. Біздің сөзіміздің нақты айғағы төмендегі кесте болмақ:

	2016	2017	2018	2019	2020	%
Барлық жасалған қылмыстар	332	367	265	206	166	-19,4
6. Нугманова А.Т. Преступления в сфере высоких информационных технологий: теория и практика их расследования на первоначальном этапе: Дис. ... канд. юрид. наук. — Караганда, 2007. — 155 с.
7. Сырбу А.В. Процессуальный порядок получения и использования информации с технических каналов связи в уголовном судопроизводстве: Дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.09. — Караганда, 2005. — 172 с.
8. Шульгин Е.П. правовые и организационные основы деятельности органов досудебного расследования МВД Республики казахстан, осуществляющих производство в электронном формате: Дисс. ... канд.юрид.наук. — М., 2021. — 262.
9. Ответ ГУ «Управление комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной Прокуратуры РК по г. Алматы», за исх. № 2-21603-20-00146 от 10 января 2020 г.
10. Rossinskaya E.R. Modern methods of computer crimes and patterns of their implementation // Lex Russica. — 2019. — № 3. — PP. 87–99.
11. Нурпеисова А.К. Уголовно-правовые и криминологические проблемы компьютерной преступности. — Караганда, 2013. — 170 с.

Шульгин Е.П.,

*қылмыстық процесс кафедрасының доценті,
философия докторы (PhD), полиция майоры*

*(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., e-mail: shulgin_e @internet.ru);*

Корякин И.П.,

*криминалистика кафедрасының доценті, заң ғылымдарының докторы
(Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы,
Қазақстан Республикасы, Қостанай қ., e-mail: pikovy @yandex.ru)*

Жоғары технологиялар саласындағы қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасын қылмыстық-құқықтық талдау мәселелері

Аннотация. Мақалада жоғары технологиялар саласындағы қылмыстардың криминалистикалық сипаттамаларын қылмыстық-құқықтық талдау мәселелері қарастырылады. Жоғары технологиялар ұғымының анықтамасының ерекшелігі салыстырмалы тәсілде ашылады және объектінің, алгоритмнің, білім мен шеберліктің болуына негізделген критерийлерді анықтаумен байланысты, олардың жоғары технологиялық сипаттамалары оларды қолдану мұндай әрекеттің жоғары технологиялар саласындағы қылмыстардың бірі екенін көрсетеді. Осыған байланысты осы типтегі негізгі және қосымша өлшемдер ерекшеленеді. Олардың жиынтығы қылмыстың барлық әдісі аясында осы белгілердің ерекше бейнесін жасауға мүмкіндік береді. Қарастырылып отырған қылмыс түрі Жеке мәліметтер мен мәліметтер базасына рұқсатсыз қол жеткізу арқылы жасалады.

Негізгі сөздер: құқықтық талдау, ақпараттандыру, сотқа дейінгі іс жүргізу, жоғары технологиялар саласындағы қылмыстар, құқық қорғау қызметі.

E.P. Shulgin,

*associate professor of the Department of criminal procedure,
Doctor of Philosophy (PhD), police major
(Karaganda academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan
named after B. Beysenov, e-mail: shulgin_e@internet.ru);*

I.P. Koryakin,

*associate professor of criminology department, Doctor of Law,
(Kostanay academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan
named after Sh Kabyrbayev, e-mail: pikovy@yandex.ru)*

**Issues of criminal law analysis of criminalistic characteristics of crimes
in the field of high technology**

Annotation. The article deals with the issues of criminal law analysis of the criminalistic characteristics of crimes in the field of high technology. The specificity of the definition of the concept of high technology is revealed in a comparative approach and is associated with the definition of criteria based on the existence of an object, algorithm, knowledge and skill, whose high-tech character suggests that their use indicates that such an act belongs to the number of crimes in the field of high technology. In this regard, the main and optional criteria of this type are highlighted. Their combination allows you to create a unique image of these signs in the context of the entire method of committing a crime. The type of crime in question is committed with the help of unauthorized access to personal information and databases.

Keywords: legal analysis, informatization, pre-trial proceedings, crimes in the field of high technology, law enforcement.



**КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҚТЫ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІН
ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ЖЕТІЛДІРУ
СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ И
СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ ПРАВООХРА-
НИТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ
IMPROVEMENT OF PROFESSIONAL TRAINING AND SOCIAL AND
PSYCHOLOGICAL SUPPORT OF LAW ENFORCEMENT**

ӘОЖ 10.01.79

Абугалиев Қ.Н.,

*Ғылыми-зерттеу институты ІІО тарихын зерттеу орталығының бастығы,
филология ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.,
e-mail: kanat_an@mail.ru);*

Серімов Е.Е.,

*Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің басшысы,
заң ғылымдарының кандидаты
(«Bolashaq» академиясы, Қазақстан, Қарағанды қ.,
e-mail: mr.serim@mail.ru)*

Тергеушілердің кәсіби әдеби мәселелері

Аннотация. Мақалада тергеушілердің кәсіби моральын жеке объект етіп алудың өзі мұның маңызын көрсетіп қана қоймай, сонымен бірге белгілі бір қызметтегі, белгілі бір жағдайлардағы кәсіптік мораль нормаларын жүйелеп жинақтау қажеттілігімен айқындалатыны да сөз етіледі. Осы кәсіптік моральмен қылмыстық процеске қатысты тергеушілердің әдебі де етене астасып жатыр. Тергеушілер қызметінің өздеріне тән әдеби кәсіби моральдың күрделі бөлігін құрайды. Ол қылмыстық істі тергеудегі тергеушінің ұстанымдары арқылы барынша айқын көрінеді. Сондай-ақ ғылыми мақалада құқық қорғау органдары қызметкерлерінің моральдық жауаптылықтарының да аумақ-шегі де кеңінен қарастырылады. Тергеушілердің әдебін сөз еткенде, моральдық жауаптылықтың сипатын, айқындылығын, нақтылық дәрежесін, сондай-ақ құқықтық шектеудің міндеттілік шегін анықтаудың айрықша маңызы барлығы дәлелденеді. Авторлар жауаптылықтардың ара-жігін ашып-айырып, ғылыми негіздеп, заңдық қалыпқа түсіргенді жөн деп біледі.

Негізгі сөздер: тергеуші, кәсіби мораль, әдеп, кәсіби әдеп, қылмыстық процесс, жауаптылық.

Қазақстан Республикасының Конституциясы адамды ең жоғарғы құндылық деп жариялауына орай, оның құқықтары мен бостандықтарының кепілдері алдыңғы қатардан орын алады. Тергеуші мамандығының да негізгі объектісі — адам және оның мүдделері, құқықтар ауқымы, жеке тіршілігі және жалпы оның тағдыры.

Кәсіби әдептің бір тұлғасы – тергеуші. Тергеуші қызметіндегі әдеп негіздері біздің қарастырып отырған мәселеміздің негізгі арқауын құрайды. Өйткені біздің зердемізге салып, сөз етіп отырған тақырыбымыздың күрмеуі қалың да күрделі болғандықтан, көп нәрсені тереңнен қаузауды, кеңінен қамтуды керек етеді. Сондықтан да қыры мен сыры көптергеуші қызметіндегі әдеп негіздерін қылмысты тергеу сатысындағы процессуалдық нормалардың, тактикалық және әдептілік қағидаларының өзара үйлесімділігі тұрғысынан қарастыру шешімі оңай тарқатылар мәселе деп айта алмас едік.

Әдетте, қызметтік міндеттерін атқарудағы тергеушінің жүріс-тұрысы мен іс-әрекеті үш арнадан бастау алады. Бірінші арнасы — процессуалдық нормалар. Процессуалдық нормалар

қылмысты тергеу барысында нені және қандай түрде, қандай тәртіппен жүргізетінін баян қылса, екінші бір арнаны — тактикалық ережелер құрайды. Бұрыннан белгілі криминалистиканың негіздері тергеушінің қылмысты із суытпай тез арада ашып, кінәліні анықтау мақсатындағы өзінің тактикалық жүйесін, әдіс-айласын күні бұрын анықтап қоюына толықтай жағдай жасайды. Ал үшінші — әдебілік қағидалары әлеуметтік мораль талаптарынан туындап, тергеу жүргізілгенде қай тәсілді қолдану-қолданбауды саралауға, бағалауға мүмкіндік туғызады. Осылайша тергеуші бүтіннің екі жағындай бірінсіз-бірі жоқ аталған осы үш тоқтам-қағиданы басшылыққа алып, өзінің атқарып отырған тікелей қызметін баянды етеді. Басқаша айтқанда, процессуалдық заң — мазмұн мен форманы, криминалистика — тергеудің әдіс-тәсілін, ал әдебілік нормалары тергеуші қызметінің адамгершілік негіздерін айқындайды.

Бұл тоқтамдар бір-бірімен өзара тығыз қабысып жатыр. Процессуалдық нормалардың мән-маңызын жеткілікті дәрежеде ұғына алу, оны қажетті жерде иінді пайдалана білудің өзі қылмысты ашу барысында іс-әрекетті иінді қолданудың жойқын кепілі болмақ. Көптеген процессуалдық нормалардың, солардың ішінде ең бастылары деуге тұрарлық: істің мән-жайын толық, жан-жақты зерттеу, сезіктінің заң бойынша қорғалуын қамтамасыз ету секілді қызметтік әрекеттің мән-маңызын айқындайтын мәселелердің моральдық аспектілері тым тереңнен қаулап қарастыруды қажет етеді. Тергеушінің адамгершілік бейнесі қызметінде адамдық нормаларына қылау түсірмейтіндей, оларды сәт сайын дерлік қатаң сақтаудан көрінеді. Мұның өзі қылмысты ашу барысында тергеу тиімділігін арттыру әрі алдын ала тергеу органдарының беделін нығайта түсі үшін аса қажетті фактор саналады. Бұл мәселелер тек тергеушіге ғана емес, құқық қорғау органдары қызметкерлеріне тікелей қатысы бар. Тәжірибе көрсетіп жүргендей, процессуалдық жағдайлардың ерекшелігіне қарай тергеушілер мен өзге де қызметкерлер белгілі бір адамгершілік нормаларын өз қызметтерінде әр қилы ұстанатынын байқаймыз.

Сөз жоқ, тергеуші үнемі қылмыспен күрестің алдыңғы шебінде жүреді. Заң әділдігін жүзеге асыру барысында қылмыспен әрі оны жүзеге асырған қылмыскермен басқалардан бұрын бетпе-бет кездесетін де сол адам. Тергеуші үшін қылмыстың болған уақыты және қылмыс жасаған кінәлі адамдарды анықтау мақсатында заңда көрсетілген шараларды қолдану секілді қылмыстық сот өндірісінің негіздерінің айрықша маңызы болады. Өзіне телінген міндетті ойындағыдай атқару — тергеушінің басты қызметтік борышы мен адамгершілік парызы.

Процессуал-ғалымдардың бір тарабы тергеушінің қызметіне байланысты үш негізгі кәсіби функцияны атап өтеді, бұлар: «қылмыстық ізге түсу немесе айыптау, қорғау және істің шешілуі» [1, 226] десе, екінші біреулері: «тергеуші қызметінің барлық қыр-сырын қылмысты тергеу делінетін бір-ақ функция қамтиды» [2, 59–61] дегенді айтады. Бұл мәселе өз алдына бөлек әңгімені қажет ететіндіктен, бұл жерде оны кеңінен қарастыруды жөн көрмедік. Ол міндет те емес. Әйтсе де, алдын ала тергеуде өз алдына бөлек айыптау немесе қорғау функциясы әлі де болса айқындалмай тұрған кезде (өйткені әр сатыдағы тергеу амалдарына қатыса бермейтіндіктен), тек тергеушіге ғана мән-жағдайлардың ауанына қарай ауырлататын не жеңілдететін айыптаушыны айыптайтын не ақтап шығатын міндет жүктеледі.

Сөз жоқ, қылмыстыны анықтауда белсенділік пен тегеуірінділік танытатын, айыпталушыға бейтарап болып, оның құқықтарын қорғалуын қамтамасыз ететін тергеушінің алдына күрделі мәселелер тұрады. Адам тағдырын шешуде оған шексіз билік берілген. Ендеше алдын ала тергеудің жариялылығы, соған орай тергеушінің қай бір әрекетіне сын айту мүмкіндігі шектеулі болғандықтан, қызмет бабындағы оның жіберген қателері мен адасулары үлкен зардаптарға соқтыруы мүмкіндігін жоққа шығара алмаймыз. Мұндай қателіктерді болдырмау үшін тергеуші тек заңға ғана бағынып, ұдайы адамгершілік қағидаларын берік ұстануы керек.

«Қызметтік ережелер тәп-тәуір болғанымен тәжірибесі, адами қасиеттері аз адамдардың қолында ол өзінің күшін жоғалтады» — деп әйгілі адвокат А.Ф. Конидің ағынан жарылуы тегін емес-ті [3, 34-35]. Сондықтан да тергеушіге үлкен адамгершілік мұраттарды ұстану талабы қойылады.

Қылмыстық іс тергеуіндегі басты кейіпкері — тергеушінің ішкі-сыртқы келбетін әбден біліп алуға міндеттіміз. Өйткені, тергеушінің жай-күйін, оның ішкі бұғып, тұнып жатқан жұмбақ қасиеттерін егжей-тегжейлі біліп алсақ, қилы қабаттардан тұратын тергеудің де тылсым сырларына етене қанығып, көп жайттарға көзіміз ашылар еді. Задында, тергеушінің қызметтегі түпкі тұтқасы, түпкі негізі — оның адамгершілігі.

Тергеуші көпті көріп, көнекті тоздырса да қатардағы адам секілді өзінің бойындағы туа бітер дарқан даналықты біле бермейді, сезбейді, өйткені өзінің ойын оятпайды. Осы тұрғыдан өзінің төлтума зерттеулерінде Ә. Нілібаев былай деп ой түйеді: «Адам түйсігін түркілеп, ізденбейді. Тіпті осы күнде білгір тұлғаларымыз да осындай ой жетпес, ой жетсе де тіл жетпес өзінің тылсым тереңін түсінбейді. Адам өзін-өзі ұқпайды. Адам өзін-өзі әлі де тереңдеп танымайды. Сол танымның таяздығы себепті адам өзінің осал тұстарын түсінбегендіктен, өзінен-өзі ұялмайды. Міне, осынау өзін-өзі шектеулік адамды алға қарай бақтырмайды» [4, 175].

Тергеуші қызметінің әдеп негіздерінің бірі тергеудің жан-жақтылығынан көрінеді. Тергеудегі жан-жақтылық пен объективтіліктің тергеушінің алдына қойған қызметтік міндеттерін адал шешуде, ақиқатты анықтауда, алдын ала тергеудің тәрбиелік мәнін арттырып, тергеу органдарының беделін көтерудегі ықпалы зор. Жан-жақтылық пен объективтілік талаптары заңда айқын көрінісін тапқан. Қылмыстық сот ісін жүргізудің негізі саналатын Қылмыстық процесстік кодекстің 24-бабына сәйкес, тергеуші істі дұрыс шешуге қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты толық және объективті зерттеу үшін заңда көзделген барлық шараларды қолдануға міндетті.

Қылмыстық іс жүргізудегі бұл маңызды қағиданың процессуалдық қана емес, адами мұраттарды көздейтін сипаты да бар. Кез келген қылмысты шешуде жан-жақтылық, объективтілік тұрғысынан келу — тергеушінің адамгершілік парызы. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (ҚПК) 24-бабында көрсетілгендей, істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін «тергеуші заң мен ар-ожданды басшылыққа алады» (ҚПК 25-б.).

Істің мән-жайын жан-жақты зерттеудегі жан-жақтылық — жасалған қылмысқа қатысты ұсынылған барлық жорамалдарды, оларды бекітетін не олардан бас тартқызатын дәлелдемелерді тексеруден байқалады. Мән-жайларды ұсақ-түйегіне дейін егжей-тегжейлі зерттеу дәлелдеме бағыттарын айқындайды, біржақтылық пен субъективизмді болдырмай, дәлелдеудің объективтілігін қамтамасыз етеді.

Объективтілік — әр қылмыстық істің мән-жайын нақты шықдықпен сәйкестендіре зерттеу, дәлелдемелерді жинақтап, тексеріп, бағалауда бейтараптылық таныту деген сөз. Оның ұғымы айыптау үшін қажетті-қажетсіз барлық мәнжайларды бірдей ескеруге келіп саяды. Байыптап айтқанда, ол қылмыстық іс жүргізу органдарының жинақталған нақты материалдарға барынша әділдікпен қарап, бейтараптылық танытып, бір ғана адалдықты негізге алатын құқықтық және адамгершілік талабы десек, асырып айтпаспыз.

Қылмыстық жауапкершілікке кінәсізді немесе оның кінәсінен да артық күнә жүктеудің өзі — арам құлқынның кісәпір адамы — қылмыскерді жазаламау секілді, қылмыстық процесстік заңнаманың 2-бабындағы міндетіне қарама-қайшы келіп қана қоймайды, сондай-ақ аморальды, адамгершілік нормаларына еш үйлеспейтін, біздің түсінігіміздегі адамгершілікке сыймайтын кері құбылыс.

Судьядан да, прокурордан да жан-жақтылықты талап етудің тергеуші үшін үлкен маңызы бар. Ол тергеушінің қызметтік ерекшелігіне байланысты туындайды. Егер соттық

тергеудегі объективтілік пен жан жақтылық айыптау, қорғау функцияларымен (прокурор мен адвокат), істі шешуде қылмыстық іс жүргізудің әр түрлі нысандарымен қамтамасыз етілсе, ал алдын ала тергеуде мұндай жағдайлар жоқ.

Айыпталушы күдіктінің не сезіктінің процессуалдық құқығы болғандықтан, айыптағудан қорғана алады. Заң тілімен айтқанда, айыпталушының қорғану құқығы — адамның заңсыздық және әділетсіздік жолымен қылмыстық жауапкершілікке тартылуынан құтылу үшін қорану жөніндегі субъективтік құқығы; екінші жағынан, жәбірленуші де өзіне тиісті құқықтардан құр алақан ада емес. Олардың өздеріне телінген өз құқықтарын нақты пайдалану тергеушінің істі тергегендегі жан-жақтылығы мен бейтараптылығына тікелей байланысты келеді. Осының бәрі де тергеушіге үлкен жауапкершілік жүктейді, бұған тергеу өндірісін дұрыс жүргізуіне заңдық және моральдық жауапкершілік негіз болады.

Басқы кезде дұрыс-ау деген ұсынылған қате жорамалына тексеру кезінде салқын қандылықпен бейтараптық таныту оңай шаруа емес. Тергеуші өзіне-өзі сын көзбен қарап, әрбір мән-жайдың анық-қанығына жету үшін әрбір ақпараттарды тереңнен қаузап зерттегені дұрыс, адамның тағдыры таразыға салынар тергеуде ұсақ-түйек нәрсе жоқ. Тергеушіні «үнемі күдіктенуші адам» деп атайтыны жайдан-жай емес. Әуел бастағы жорамалына сын көзбен қараған сайын, жинақталған материалдарына күдіктене түсіп, басқа жорамалдармен салыстыра-салғастырып, өзінің шығарған қорытындыларын шынайы деректермен өлшеп бағалайды. Осылайша, бірте-бірте, жалғандықтан арылып, күдік келтірген қате пікірінен айналып, түптің түбінде ақиқатқа келіп жүгінеді.

И.К. Шахриманьян: «Күдіктің психологиялық тұрқы қырағылықтың бір элементі, біржақтылыққа ұрындырмайтын түр болып табылады. Тергеушінің өзіне-өзі күдіктене қарауы сенімділіктің психологиялық көпірі» [5, 148] дейді.

Тергеушінің өзінің қорытындылары мен келген шешімінің дұрыстығына сын көзбен қарап, керек болған жағдайда өз қатесін мойындай білуі — адамдық болмысының ең маңызды бөлігі десе болғандай.

Тәжірибеде көріп жүргеніміздей, дәлелдеу барысында тергеушінің қателікке ұринуының басты себебі өзінің әуел бастағы жорамалынан оңайлықпен бас тарта қоймауында жатыр. Іс-әрекетіне сын көзбен қарау жоқ. Алдын ала ұстанған жорамалынан таймай, ақиқаты осы деп, жинақталған өзге дәлелдемелерді көзіне ілмеуі тергеушінің істі объективті қарамауына түрткі болады. Осылайша істі біржақтылықпен шешу, өз жорамалына ыждағатты қарамауы да оны әділдіктен алыстата береді. Алдын ала бұрмалау процессуалдық заңды бұзуға тікелей апаратын теріс әрекет. Өзінің әуелгі таңдаған жорамалына сеніп, сезіктіні кінәлі деп санап, істің мүддесіне қайшы шығады деп біліп, істің мән-жайының ұсақ-түйегіне мән бере бермейді. Бір қарағанда, ұсақ-түйек болып көрінетін нәрселердің өзі ертеңгі күні орны толмас үлкен тергеу қателіктеріне апарып соқтыратыны болады.

Тергеуші іс сотқа түскен соң кейіннен сот түзете жатар деп жеңіл-желпі қарамағаны дұрыс. Сот тергеуін дұрыс өткізуге болар сот өндірісінде мағлұматтар жетіспесе не егер тергеу материалында кемшін тұстар мол болып, шығарылатын айыптау қорытындысына тікелей әсер ете алатын мән-жайлар сот назарынан тыс қалар болса, онда соттың қателікке ұрынатыны даусыз дейміз. Тергеуде жіберілген кемшіліктерден туындайтын мұндай қауіпті кезінде көптеген ғалымдар ескертіп өтеді. [6, 87].

Алдын ала тергеуді одан әрі жетілдіре түсудің мүддесі, шынтуайтында, айыптаудың басымдық алып бара жатқан жайларды қатаң сын тезіне салып отыруда жатыр. Мұнда тергеу жүргізгенде объективтіліктің болмағандығын айғақтайтын, алдын ала белгіленіп қойған істерді тексерудің маңызы ерекше саналады. Алайда бұл кемшіліктердің, көбіне, сотта ғана беті ашылып, әйгілі болып қалады. Мұндай істерді талқылау тергеушіге өзінің жіберген қателігін, іске маңызды делінген мән-жайлар бойынша өзінің ұстанған позициясының дұрыс еместігін ұғуына, олар дер кезінде анықталып, ескерілсе, тергеудің сыңаржақтылыққа ұрын-

бауына түрткі болатынын түсінуге септігі тиер еді. Кезінде ғалым заңгер И.Д. Перлов: «өз жұмысына сын көзбен қарағысы келген тергеуші үшін сот үдерісі біліктілігін жетілдіре түсетін үлкен мектеп» [7, 21] деген болатын.

Бұл сонымен бірге тергеушіні адамдық тұрғыдан тәрбиелейтін маңызы айрықша мәселе. Мұндай қажеттілігі мол мәселелер тергеушінің бойындағы жауаптылық, шынайылық, істі толықтай ашу қасиеттерін бекітуге түрткі де болады.

Тергеушінің күдіктіге және қылмыстық іс жүргізілдегі басқа да қатысушыларға қатынасында да осы біз сөз етіп отырған әдеп мәселесінен көрінеді. Қай кезде, қай істе адамгершілікті арқау ету, осы тұрғыдан пайымдап, кесім-билік айту — қазақтың құқық тарихында бабалардан қалған игі дәстүр десек, артық айтпаймыз. Қай кезде де дауды шешудің алтын қазығы — әділдік, нысанасы — ақиқат, арқауы — адамгершілік болмақ. Осындай орайда, қылмыскерлердің жүректеріне адамдық, иман ұялатып, түзу жолға салып, адалдық пен арамдықтың парқын кемеңгірлікпен ұқтыра білген кешегі би-шешендеріміздің дауды зерттеп, кесім шығару өнері кейінгі толқын ішкі істер органдары қызметкерлері үшін өнегелі үлгі. Оның адамның тағдырын шешудің кілті қолында болатын бүгінгі із кесу қызметкерлеріне үйретер сабағы да, тағлымы да мол.

Тергеушінің айыпталушыға (сезіктіге), оның қорғаушысына және жәбірленушіге қатынасы, негізінен, жоғарыда айтқанымыздай, тергеу ісіне объективтілікпен қарауын талап етумен айқындалады.

Қылмыстық істі айыпталушы жасады деген тұрғыдан келіп, соның нәтижесінде айыпталушыға белгілі мөлшерде зиян келтіріледі деген тұжырымның тергеу аяқталғанынша басы ашық тұратыны рас. Қылмыстық іс тергеудің осы кезеңінің негізгі мазмұнын құрайтындықтан тәпшітеліп, жан-жақты анықталуын қажет етеді. Айыпталушы сезікті мен жәбірленушінің құқықтары мен заңды мүдделерін, тергеудің дұрыс шешімін табуды қамтамасыз ету үшін тергеуші өз шешімін бірден-бір дұрыс болжам деп танудан әуелден тым аулақ болғаны жөн.

Тергеушінің сезіктіге де, жәбірленушіге де олардың кінәсі толық анықталып болғандай қатынас жасамауда процессуалдықпен бірге адамгершілік талаптар да қажет етеді. Тергеуші өзінің пікірінше жауапкершілікке тартылған адамның кінәлілігіне соншалықты сенімді болса да, тергеу әрекеттері аяқталғанша кінәсіздік жорамалын басшылыққа алуы тиісті. Осы кінәсіздік жорамалы бойынша тергеуші «айыпталушыға мен сезіктіге алдын ала тон пішпеуі; айыптауды жоққа шығаруға немесе жауапкершілікті жеңілдетуге бағытталған айыпталушы мен қорғаушының барлық пайымдарын мұқият тыңдап, жадыға алып отырғаны; оны дәлелдемелер арқылы тексеруі; жаңа дәлелдемелердің табылуы, оларды тексеру туралы айыпталушы (қорғаушының) тілектерін ескеріп, іс үшін маңызы бар болған болса, осы мақсатта тергеу әрекеттерін жүргізгені дұрыс» [8, 350].

Тергеудің объективтілігі айыптау айтылса да, өз күшінде болуы тиіс. Бұл ереже ешкімнің күмәнін тудырмаса да, кейбір қылмыстық процесті зенттеуші ғалымдар бұған кереғар пікірлер айтатыны кездесіп қалады. Оның мәні мынаған келіп саяды: тергеушіде ешқандай күман болғанда ғана адамды айыпталушы (сезікті) ретінде тартады» [9, 23, 28–31].

Бұндай ұстанымның негізінде, әдеттегідей, адамды қылмыстық жауапкершілікке тартуды қамтамасыз етуге ұмтылу, аз-кем күмән болған жағдайда, кінәлілікке тартылған адамды айыптамау керегі айқын көрінеді. Қылмыстық жауапкершілікке мейлінше байқап тартуда заңдық және адамгершілік талаптары жатыр. «Қылмыстық іс жүргізуде адамның қылмыс жасағандығы туралы кінәсін бүге-шігесіне дейін тексерілген дәлелдемелер айғақтаса ғана айыптау айтылып, қорытындысы жасалуы тиіс» [10, 195]. Әрине, айып тағу тек тергеушінің сезігі мен болжамына негізделмесі анық. Ашығын айтқанда, бұл көзқарасты қолдаушылардікі дұрыс та. Бірақ бұдан тергеуші айып таққанда нақты кінәлі бірден-бір — осы сезікті деген түсінік тұмауы керек.

Тақырыпты кеңінен тарқатар болсақ, қызметтегі әдеп категориясын сөз еткенде қызметкердің моральдық жауаптылық мәселесін айналып өтпеуге болмайды. Кейбір ғалымдар қызметкерлердің құқықтық мәртебесіне заңдық (қылмыстық, әкімшілік, азаматтық, тәртіптік) жауаптылыққа белгілі бір көлемде саяси жауаптылықтың да кірігіп кететінін ескертіп өтеді. Зерттеушілер «моральдық жауаптылықты адамның қоғамдық талап пен моральдық нормаларды саналы, шынайы түрде орындауы» дей келе, оның екі түрін ортадан ойып алып бөліп айтады: 1) жасалған іс-әрекеттер мен теріс қылықтардың объективтік сипатынан туындайтын жауаптылық; 2) адамның барынша оң шешім таңдай алу еркінен туындайтын және саналы түрде теріс қылық жасау жауаптылығы [11, 67].

Моральдық жауаптылықтың кей түрі қызметкердің өз пікірінің көпшілік алдында талқыға салынғанынан көрінеді. Моральдық жауаптылыққа заңсыз мәжбүрлеу шаралары арқылы ықпал ететіннегативті (келеңсіз) түрлері тән. Жауаптылықтың бұл түрі полиция (тергеуші) қызметкерінің әрекетінде белгілі бір ықпал ету шараларын қолдану қажеттілігімен сипатталады. Моральдық жауаптылықтың позитивтілігі, ұтымдылығы — саналы түрде моральдық парызын білу, өзіне қатысты талаптардың бәрін берік ұстанудан көрінеді.

ПО қызметкерлерінің кәсіби қасиеттерін қалыптастыруға құқықтық мәдениет пен құқықтық сананың өзара байланысы мен өзара әсерін анықтау мәселесі өзекті болуы қажет. Олар құқық нормаларын біліп қана қоймай, сонымен қатар құқықтық мәдениеті, терең құқықтық санасы жоғары білікті қызметкер болуы керек [12, 34].

Қорытындылай келе, кәсіптік моральдың тергеуші қызметімен тікелей байланысып жатқан мораль түрі болып табылады. Ал кәсіптік мораль әлеуметтік басқарудың өте маңызды міндеттерін орындайды. Ол кәсіби қызметте жалпы моральдық қағидат талаптарын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Ол үшін қызметкер өзінің кәсіби міндеттерін табысты атқаруға, өзінің қызметіндегі түрлі жағдайларда дұрыс бағыт алуға міндетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Строгович М.С. Курс советского уголовного процесса. Т. 1. — М.: Наука, 1968.
2. Рахунов Р.Д. Участники уголовно-процессуальной деятельности. — М.: Госюриздат, 1961;
- Элькинд П.С. Сущность советского уголовно процессуального права. — Л.: Изд-во ЛГУ, 1963.
3. Кони А.Ф. Сборник сочинений. — М.: Юридическая литература, 1967. Т. IV.
4. Ә. Нәлібаев. Қос қағида // Жұлдыз журналы. — 2009. — № 3.
5. Шахриманьян И.К. Общая психологическая характеристика деятельности советского следователя // Правоведение. — № 2. — 1965.
6. Васильев А.Н., Мудьюгин Г.Н., Якубович Н.А. Планирование расследований преступлений. — М.: Госюриздат, 1957.
7. Перлов И.Д. Судебное следствие в советском уголовном процессе. — М.: Госюриздат, 1955.
8. Теория доказательств в советском процессе. — М.: Юридическая литература, 1973.
9. Лукашевич В.З. Гарантии прав обвиняемого в советском уголовном процессе (стадия предворительного расследования). — Л.: Изд-во ЛГУ, 1959. Акинча Н.А. Подозреваемый и обвиняемый на предворительном следствии. — Саратов, 1964.
10. Жогин Н.В., Фаткуллин Ф.Н. Предворительное следствие в советском уголовном процессе.
11. Горский Г.Ф., Кокарев Л.Д., Котов Д.П. Судебная этика. — Воронеж, 1973.
12. Тулегенова С. Ш. Некоторые вопросы правовой культуры сотрудников ОВД как фактора повышения профессионального имиджа // «Хабаршы — Вестник» Карагандинской академии МВД РК им. Б. Бейсенова. — 2020. — № 2.

Абугалиев К.Н.,
начальник центра по исследованию истории органов внутренних дел
Научно-исследовательского института,
кандидат филологических наук, полковник полиции
(Карагандинская академия МВД РК им. Б. Бейсенова, г. Караганда,
Республика Казахстан, e-mail: kanat_an@mail.ru);
Серимов Е.Е.,
руководитель отдела послевузовского образования,
кандидат юридических наук
(Академия «Bolashaq», Республика Казахстан, г. Караганда,
e-mail: mr.serim@mail.ru)

Вопросы профессиональной этики следователей

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы значения профессиональной этики в деятельности следователя, в том числе при производстве следственных действий, служебного и бытового поведения следователя, а также их детерминирующая роль при решении отдельных следственных задач. С профессиональной моралью тесно связаны и нравственно-этические принципы следователей, участвующих в уголовном процессе. Этика в деятельности следователей составляет сложную часть профессиональной этики. Авторами затрагиваются вопросы моральной ответственности сотрудников правоохранительных органов. Делается вывод о том, что нравственная направляющая деятельности следователя лежит в основе многих принимаемых им решений и особенно важна в ситуациях выбора и усмотрений. Предпринята попытка осветить некоторые вопросы профессиональной морали, прежде всего применительно к деятельности следователя при расследовании преступлений.

Ключевые слова: следователь, профессиональная мораль, этика, профессиональная этика, уголовный процесс, ответственность.

K.N. Abugaliev,
Head of the Center for the Study of the History
of the Internal Affairs Bodies of the Research Institute,
Candidate of Philological Sciences, Police Colonel
(Karaganda academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan
named after B. Beysenov,
e-mail: kanat_an@mail.ru);
E.E. Serimov,
Head of the Postgraduate Education Department,
Candidate of Law
(Academy «Bolashaq», Republic of Kazakhstan, Karaganda,
e-mail: mr.serim@mail.ru)

Questions of professional ethics of investigators

Annotation. The article discusses the importance of professional ethics in the activities of investigators, including in the production of investigative actions, official and domestic behavior of the investigator, as well as their determinative role in solving individual investigative tasks. The moral and ethical principles of investigators involved in criminal proceedings are closely related to professional morality. Ethics in the activities of investigators is a complex part of professional ethics. The authors touch upon the issues of moral responsibility of law enforcement officers. It is concluded that the moral guiding of the investigator's activity underlies many of his decisions and is especially important in situations of choice and discretion. An attempt is made to highlight only some issues of professional morality, primarily in relation to the activities of the investigator in the investigation of crimes.

Keywords: investigator, professional morality, ethics, professional ethics, criminal procedure, responsibility.



УДК 343.97

Галым Ф.Г.,

*профессор кафедры уголовного права, уголовного процесса и криминалистики,
кандидат юридических наук
(e-mail: galyim-faiz@mail.ru);*

Саханова Н.Т.,

*начальник кафедры уголовного права, уголовного процесса и криминалистики,
магистр юридических наук, полковник полиции
(Актюбинский юридический институт МВД РК им. М. Букенбаева,
г. Актюбе, Республика Казахстан, e-mail: nelli_uralsk@mail.ru)*

Роль патриотического воспитания несовершеннолетних в профилактике правонарушений, а также в обеспечении общественного согласия и единства народа Казахстана

Аннотация. В научной статье рассмотрена роль патриотического воспитания несовершеннолетних как инструмента профилактики правонарушений, а также обеспечения общественного согласия и единства народа Казахстана. Авторы исследуют существующие в Казахстане проблемы профилактики подростковой преступности и маргинализации общества, обнажившиеся на фоне произошедших в стране трагических событий в январе 2022 года. Раскрывается необходимость консолидации государства и институтов гражданского общества в обеспечении патриотического воспитания подростков и молодежи в организациях образования. Акцентируется внимание на проблемных вопросах, связанных с противодействием коррупции и развитием государственного языка, имеющих непосредственное отношение к патриотическому воспитанию подрастающего поколения.

Ключевые слова: подростки, молодежь, закон, подростковая преступность, патриотизм, коррупция, маргинализация, государственный язык, спорт.

В настоящее время в большинстве стран, в том числе и в Казахстане, особую актуальность и значимость приобретает патриотическое воспитание подростков и молодежи, направленное, в числе прочих, на укрепление гражданственности, формирование правосознания, вовлечение молодежи в социально-экономическую и общественно-политическую жизнь страны.

Еще в 2019 г. Глава государства поднимал существующие в Казахстане острые проблемы, связанные с маргинализацией общества [1], отметив, что ежегодно около 21 тысячи выпускников школ не могут поступить в профессиональные и высшие учебные заведения, пополняя ряды безработных и маргиналов, при этом, в большинстве своем, попадая под влияние криминальных и экстремистских группировок. И трагические январские события 2022 г., когда несколько сотен маргиналов и безработной молодежи, примкнув к экстремистам, стали активными участниками массовых беспорядков, погромов, краж и грабежей, еще больше обнажили эту проблему.

Январская трагедия также показала, что в настоящее время существует ряд серьезных вызовов и угроз, способных привести к дестабилизации общественно-политической и экономической ситуации в стране. По мнению большинства ученых-юристов [2, 56], вполне очевидно, что действия одних лишь государственных органов не способны полностью нейтрализовать подобные угрозы, а значит, необходимо объединить усилия государства и институтов гражданского общества. В этой связи возникла необходимость более детально рассмотреть роль патриотического воспитания подростков и молодежи в профилактике правонарушений, а также в обеспечении общественного согласия и единства народа Казахстана.

На всем постсоветском пространстве несовершеннолетние правонарушители из года в год становятся все более агрессивными, жестокими и циничными, о чем свидетельствуют регулярные новостные ленты средств массовой информации, а также «авторские» видеокadres жестоких и кровавых преступлений, отснятые самими подростками и выложенные в свобод-

ный доступ в социальных сетях. Если рассматривать состояние подростковой преступности в Казахстане, то по итогам истекшего 2021 г. [3] в целом по стране зарегистрировано 1529 уголовных правонарушений, совершенных несовершеннолетними, из них это убийства – 8 фактов, или 0,5 %, покушения на убийство – 3, или 0,2 %, умышленные причинения тяжкого вреда здоровью – 68, или 4,4 %, умышленные причинения средней тяжести вреда здоровью – 68, или 4,4 %, изнасилования – 24, или 1,6 %, насильственные действия сексуального характера – 13, или 0,8 %, половое сношение или иные действия сексуального характера с лицами, не достигшими шестнадцатилетнего возраста – 88, или 5,7 %, похищение человека – 1, или 0,1 %, возбуждение социальной, национальной, родовой, расовой, сословной или религиозной розни – 3, или 0,2 %, кражи – 654, или 42,8 %, грабежи – 118, или 7,7 %, разбои – 8, или 0,5 %, вымогательства – 12, или 0,8 %, хулиганства – 98, или 6,4 %, пропаганда терроризма или публичные призывы к совершению акта терроризма – 4, или 0,3 %, незаконное приобретение, передача, сбыт, хранение, перевозка или ношение оружия, боеприпасов, взрывчатых веществ и взрывных устройств – 11, или 0,7 %, наркопреступления – 30 фактов, или 2,0 %, и т. д.

Из 1515 несовершеннолетних, привлеченных к уголовной ответственности 280 человек, или 18,5 %, находились в возрасте 14-15 лет, и 1235, или 81,5 %, – в возрасте 16-17 лет. При этом подростками в возрасте 14-15 лет совершались такие преступления, как убийство – 4 факта, умышленное причинение тяжкого вреда здоровью – 18, изнасилование – 9, насильственные действия сексуального характера – 4, грабеж – 17, разбой – 1, вымогательство – 1 и т. д. 776 подростков, или 51,2 % являются учащимися организаций образования, из них 350, или 45,1 % – учащиеся школ и гимназий. 156 подростков, или 10,3 %, ранее уже совершали уголовные правонарушения. И если официальная статистика показывает в последние годы устойчивое снижение количества зарегистрированных уголовных правонарушений, совершенных подростками, то сами преступления стали приобретать большой общественный резонанс. Кроме того, казахстанские подростки, проводящие все свободное время в социальных сетях, все больше стали подвергаться влиянию криминальных идеологий и субкультур, пропагандируемых в Интернете.

Так, например, с 2011 г. на постсоветском пространстве стремительно развивается криминальное подростковое движение «АУЕ» [4], идеи которого распространились и среди казахстанских подростков. На платформах популярных социальных сетей стали появляться сотни страниц, чья деятельность направлена на популяризацию «блатной романтики» и так называемых «воровских понятий». Несовершеннолетние последователи «АУЕ» совершают убийства, кражи, грабежи, разбои, вымогательства, изнасилования и т. д., зачастую фиксируя свои преступные «подвиги» на видеокамеры, с последующей их демонстрацией в социальных сетях.

Следует отметить и тот факт, что часть совершеннолетних представителей безработной молодежи в целях быстрой и легкой наживы стала осваивать преступные способы интернет-мошенничества и киберпреступлений. Например, проведенными исследованиями [5, 44] установлено, что лица, совершающие уголовные правонарушения в сфере информатизации и связи, находятся в возрасте от 21 до 39 лет, из них 62 % являются безработными. Если говорить о мошенничестве, то по итогам 2021 г. из 46668 фактов мошенничества 23351 факт, или ровно 50 %, занимает интернет-мошенничество, при этом 45,4 % правонарушителей находятся в возрасте от 16 до 29 лет [3].

В этой связи авторы полагают, что назрела необходимость пересмотра системы профилактики подростковой преступности, в рамках которой большее внимание должно быть уделено не карательным функциям правоохранительной системы, а укреплению роли патриотического воспитания подрастающего поколения.

Патриотизм — довольно емкое понятие, содержанием которого является любовь и привязанность к своей Родине. Патриот гордится своей страной, гражданством, государственным языком, традициями, а также стремится защищать интересы Родины и своего народа [6]. Президент страны К.-Ж. К. Токаев не раз отмечал, что главная наша задача – привитие молодежи общечеловеческих ценностей, пропаганда в обществе таких качеств, как патриотизм, стремление к знаниям, трудолюбие, сплоченность и ответственность [7]. И реализация указанных поручений Главы государства по-настоящему может оказать мощнейшее влияние на воспитание нового поколения казахстанцев — интеллектуалов, созидателей и патриотов, которым будут чужды идеи «преступного мира» и экстремистских организаций.

В этом плане вызывает интерес система патриотического воспитания подрастающего поколения в Соединенных Штатах Америки, Китае и Российской Федерации. К примеру, граждане США гордятся тем, что являются одной из крупнейших экономик мира, верят в свою исключительность и непобедимость. И в основе этих возвышенных чувств, конечно же, лежит патриотизм граждан. С раннего детства американцы получают важную воспитательную установку о социальном продвижении личности, где каждый может стать тем, кем пожелает, в том числе президентом страны, что формирует чувство сопричастности к судьбе страны, ответственность за происходящее внутри нее и за ее пределами, желание принимать участие в общественных инициативах [8]. Или, например, каждый китаец также является искренним патриотом. Главными ценностями для китайца являются его Родина, китайский язык, семья и домашний очаг. Безусловно, все это связано только с патриотическим воспитанием, которое является главной идеей всей китайской педагогики. Еще с 80-х годов прошлого столетия в материалах китайской прессы отмечалось, что «патриотизм — лучшая традиция и наивысшее нравственное качество китайской нации», а «формой патриотического воспитания» было заявлено изучение отечественной истории [8].

В Российской Федерации система патриотического воспитания также имеет общественно-государственный характер и реализуется во всех сферах образования и культуры. Проводником патриотических ценностей являются уполномоченное от имени государства в проведении патриотической работы Федеральное агентство по делам молодежи (Росмолодежь), а также Общероссийская общественно-государственная детско-юношеская организация «Русское движение школьников» и Всероссийское детско-юношеское военно-патриотическое общественное движение «Юнармия». Кроме того, свою деятельность, финансируемую из государственного бюджета, ведут ФГБУ «Росвоенцентр» и ФГБУ «Роспатриотцентр», ориентированные на патриотическую работу со всеми возрастными группами населения. Благодаря данной работе понятие «патриотизм» сегодня активно набирает популярность среди граждан Российской Федерации [6]. В этот ряд можно отнести и созданный в 2007 г. Указом Президента РФ В.В. Путина Фонд «Русский мир», целями которого являются популяризация русского языка как национального достояния России и важного элемента российской и мировой культуры, а также поддержка программ изучения русского языка за рубежом. Примечательно, что любовь и уважение к государственному языку является одной из важнейших форм патриотизма в Китае и Российской Федерации.

В свою очередь, в Республике Казахстан особую роль государственного языка неоднократно отмечал Глава государства К.-Ж. К. Токаев: «каждый гражданин, связывающий свое будущее с нашей страной, должен приложить все усилия к изучению государственного языка. Это и есть одно из проявлений настоящего патриотизма» [7]. Данный призыв весьма актуален по той причине, что за последние 30 лет выросло целое поколение казахстанцев, родившихся в суверенном Казахстане, но вопросы развития и популяризации государственного языка, несмотря на ежегодные доклады ответственных чиновников о стопроцентном овладении государственным языком всеми госслужащими и гражданским населением, по-прежнему остаются на первом месте. Данный факт зачастую приводит к некоторой социальной напря-

женности, проявлению бытового национализма, а также созданию скандально известных «языковых патрулей», размещавших на видеохостинге YouTube провокационные видеоматериалы с признаками разжигания национальной розни [9]. Вместе с тем, нужно признать тот факт, что в казахстанском обществе, к сожалению, нет искренней заинтересованности и необходимой мотивации в овладении государственным языком. По существу, казахский язык в обязательном порядке необходимо знать только на государственной службе, хотя и сегодня можно наблюдать, как отдельные чиновники пытаются читать с листа тексты докладов на «ломаном» государственном языке, впоследствии становясь «героями» интернет-мемов в социальных сетях.

По мнению большинства, проблема заключается в отсутствии качественных образовательных программ и языковых центров, позволяющих изучить казахский язык за один год до уровня B2, как, например, в Чехии, Турции, Польше, Германии и Китае. Ведь каждый казахстанский подросток, желающий обучаться в вузах перечисленных зарубежных стран, за 9-12 месяцев с нуля без особых усилий изучает ранее абсолютно неизвестные сложные иностранные языки, например, чешский, турецкий, польский, немецкий и т. д. В то же время множество казахстанцев не в состоянии выучить казахский язык, даже находясь десятилетиями в языковой среде. Кроме того, допускаем здесь и отсутствие необходимой мотивации к изучению государственного языка. Так, большинство казахстанцев в социальных сетях объясняют и оправдывают свое незнание государственного языка тем, что, проживая в русскоязычных регионах Казахстана, вполне обходятся знаниями только русского языка. В этой связи было бы результативным принятие долгосрочной программы государственного ежемесячного материального стимулирования совершеннолетних казахстанцев неказахской национальности за владение государственным языком, независимо от рода деятельности, но в зависимости от уровня знания языка в соответствии с сертификатом Казтест, самостоятельно подтверждаемым ежегодно. Это означает, что каждый совершеннолетний казахстанец — обязательно неказахской национальности — в течение действия программы, независимо, работает он или нет, студент он или военнослужащий, домохозяйка или пенсионер, госслужащий или бизнесмен, но в зависимости от уровня, устанавливаемого ежегодным прохождением тестирования, будет получать ежемесячно государственную премию за знание казахского языка (при этом, чем выше уровень, тем выше и сумма премии).

Кроме того, целесообразно было бы обеспечить бесплатное обучение студентов на казахском языке во всех вузах страны всех форм собственности для обучающихся лиц неказахской национальности, в том числе и иностранных граждан (по примеру Турции, Чехии, Польши, Германии и Китая). Таким образом, материально стимулируя казахстанцев неказахской национальности массово изучать государственный язык, в условиях естественной конкуренции будут изучать родной язык и представители казахской национальности, в особенности государственные служащие.

Патриотическое воспитание затрагивает также вопросы здоровья нации и физической подготовленности казахстанцев. Так, с учетом относительного дефицита спортивных школ либо неудобного их расположения, в целях повышения качества спортивного воспитания подростков можно рассмотреть возможность изменения учебной программы по физической культуре, в соответствии с которыми занятия спортом должны проходить в школьных спортивных секциях, вне основного расписания уроков (например, секции казахской борьбы, бокса, тяжелой и легкой атлетики, художественной гимнастики и т. д.), с проведением ежегодных республиканских спортивных соревнований между учебными заведениями. Тем самым мы достигнем 100 %-го охвата детей и юношей профессиональными спортивными секциями без дополнительной постройки спортивных школ, а также обеспечим достаточное количество рабочих мест для тренерского состава. Кроме того, это позволит качественно организовать

досуг несовершеннолетних, что положительно отразится на результатах профилактики подростковой преступности.

Следует также отметить, что 1 февраля 2022 года на совещании по вопросам коррупции Глава государства отметил, что бескомпромиссная борьба с коррупцией является одним из приоритетов государственной политики. По его мнению, чтобы установить верховенство закона и построить настоящее правовое государство, прежде всего, нужно искоренить коррупцию и сформировать общество, чистое от коррупции [10]. Вместе с тем, именно патриотическое воспитание подрастающего поколения имеет все шансы на полное искоренение коррупции во всех ее проявлениях, построение конкурентоспособного правового государства с процветающей экономикой и обновленным интеллектуальным и нравственным обществом.

Таким образом, мы уверены, что патриотическому воспитанию детей и молодежи должна быть отведена главенствующая роль в обеспечении общественного согласия, в общей системе профилактики подростковой преступности и в целом правонарушений, в т. ч. коррупционных. Именно всеобщий, подлинный казахстанский патриотизм станет прочным фундаментом обеспечения общественного согласия и единства многонационального народа Казахстана, построения нового общества, в котором нет места преступности, коррупции, экстремизму и терроризму.

Список использованной литературы:

1. Токаев К.-Ж. Конструктивный общественный диалог — основа стабильности и процветания Казахстана: Послание Главы государства народу Казахстана от 2 сентября 2019 г. // URL: https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana (дата обращения 02.02.2022 г.).
2. Лакбаев К.С., Нургалиев Б.М., Ханов Т.А. Совершенствование институтов гражданского общества в предупреждении экстремизма // «Хабаршы — Вестник» Карагандинской академии МВД РК им. Б. Бейсенова. — 2021. — № 3(73) — С.5 6–60.
3. Сведения Комитета по правовой статистике и специальным учетам ГП РК по итогам 2021 г. // URL: https://qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravstat?piref36_258157_36_223082_223082.ora_navigState (дата обращения 01.02.2022 г.).
4. Материал из Википедии — свободной энциклопедии // URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki/АУЕ> (дата обращения 15.01.2022 г.).
5. Дарменов А.Д., Жолжаксынов Ж.Б. Криминологическая характеристика лиц, совершающих уголовные правонарушения в сфере информатизации и связи // «Хабаршы — Вестник» Карагандинской академии МВД РК им. Б. Бейсенова. — 2021. — № 4(74) — С. 41–48.
6. Материал из Википедии — свободной энциклопедии //URL: [https://ru.wikipedia.org/wiki/ Патриотизм](https://ru.wikipedia.org/wiki/Патриотизм) (дата обращения 15.01.2022 г.).
7. Токаев К.-Ж. Единство народа и системные реформы — прочная основа процветания страны: Послание Главы государства народу Казахстана от 1 сентября 2020 г. // URL: https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g (дата обращения 02.02.2022 г.).
8. Иваненко В.С. Международный опыт патриотического воспитания подрастающего поколения // Управленческое консультирование. — 2018. — № 10. — С. 160–168. // URL: <https://www.acjournal.ru/jour/article/view/954/938>(дата обращения 25.01.2022 г.).
9. Кадырбеков Т. В Казахстане расследуется деятельность «языковых патрулей» // Sputnik-Казахстан. 24.08.2021 г. // URL: <https://ru.sputnik.kz/20210824/V-Kazakhstane-rassleduetsya-deyatelnost-yazykovykh-patruley-17936947.html> (дата обращения 20.01.2022 г.).
10. Глава государства провел совещание по вопросам противодействия коррупции // URL: <https://www.akorda.kz/ru/glava-gosudarstva-provel-soveshchanie-po-voprosam-protivodeystviya-korrupcii-1128> (дата обращения 05.02.2022 г.).

Галым Ф.Г.,

*қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика
кафедрасының профессоры заң ғылымдарының кандидаты
(e-mail: galym-faiz@mail.ru);*

Саханова Н.Т.,

*қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика
кафедрасының бастығы заң ғылымдарының магистрі, полиция полковнигі
(Қазақстан Республикасы ІІМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты,
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.,
e-mail: nelli_uralsk@mail.ru)*

**Құқық бұзушылықтың алдын алуда,
сондай-ақ қоғамдық келісіммен Қазақстан халқының бірлігін қамтамасыз етуде
кәмелетке толмағандарға патриоттық тәрбие берудің рөлі**

Аннотация. Ғылыми мақалада құқық бұзушылықтың алдын алу құралы ретінде кәмелетке толмағандарға патриоттық тәрбие берудің, сондай-ақ қоғамдық келісім мен Қазақстан халқының бірлігін қамтамасыз етудің рөлі қарастырылған. Авторлар 2022 жылғы қаңтарда елде орын алған қайғылы оқиғалар аясында ашылған Қазақстандағы жасөспірімдер қылмысы мен қоғамның маргинализациясының алдын алу проблемаларын зерттейді. Білім беру ұйымдарында жасөспірімдер мен жастарға патриоттық тәрбие беруді қамтамасыз етуде мемлекет пен азаматтық қоғам институттарын топтастыру қажеттігі ашылууда. Өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеуге тікелей қатысы бар Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік тілді дамытуға байланысты проблемалық мәселелерге назар аударылады.

Негізгі сөздер: жасөспірімдер, жастар, заң, жасөспірімдер қылмысы, патриотизм, сыбайлас жемқорлық, маргинализация, мемлекеттік тіл, спорт.

F.G. Galym,

*Professor of the Department of Criminal Law, Criminal Procedure and Criminalistics,
Candidate of Legal Sciences
(e-mail: galym-faiz@mail.ru);*

N.T. Sakhanova,

*Head of the Department of Criminal Law, Criminal Procedure and Criminalistics,
Master of Law, Police Colonel
(Aktobe Law Institute of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan
named after M. Bukembayev,
e-mail: nelli_uralsk@mail.ru)*

**The role of patriotic education of minors in the prevention of offenses,
as well as in ensuring social harmony and unity of the people of Kazakhstan**

екені анық. Адамдарды жете бағаламауға болмайды. Оларға қолдарынан келетін өкілеттіктерді беруден қорықпаған жөн [1].

Көптеген адамдар, соның ішінде ең беделді заңгерлер, саясаткерлер мен әлеуметтанушылар бұл ережені жергілікті өзін-өзі басқарудың мемлекеттен бөлінуі, оның абсолютті дерлік тәуелсіздігі деп түсінді — ал бірінші және екінші қабылдауға болмайды. Қазақстан Республикасы Конституциясының бұл нормасын ауыстырып, жергілікті өзін-өзі басқаруды мемлекеттік органдармен қалай болса да байланыстыру, әйтпесе биліктің біртұтас вертикалы болмайды деген талап қойылды. Бұл жерде жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құрылуын және олардың жаңа типтегі мемлекетпен байланысының нығаюын тежеген үлкен мәселе туындады.

Жаңашылдық Қазақстан Республикасының Конституциясында мемлекет пен жергілікті өзін-өзі басқарудың құқықтық синхронизациясын ұсынғанында жатыр. Егер Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының арасында қатаң ұйымдық қарым-қатынас орнатқанын елестетсек, онда халық депутаттары кеңестеріне қарағанда тоталитарлық тетікті байқауға болатындығында [2, 25].

Демек, мәселе жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мемлекеттік органдармен тең дәрежеде демократияның көрінісі болып табылады. Жергілікті өзін-өзі басқаруды мысалы, орталық мемлекеттік органдармен салыстырғанда төменгі санаттағы «билік» деп қарау дұрыс емес.

Халықпен тікелей байланыс, халыққа ықпал ету, халықты ұйымдастыру тұрғысынан қарағанда жергілікті басқару органдары маңыздырақ және тиімді. Мемлекеттік билік органдары бүкіл мемлекеттің бірлігін, оны қорғауды, күш-жігерді қайта бөлуді қамтамасыз етеді.

Алғашқы екеуінің арасында әкімшілік-ұйымдастырушылық байланыс, мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқару арасында — тек құқықтық синхронизация бар. Әкімшілік құқықтық қатынастардың элементтерінің толық болмауы мүмкін емес бірақ, олар заңның бақылауында болуы керек. Осылайша, жергілікті өзін-өзі басқаруды реформалаудың тиімділігі жұмыс істеп тұрған жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін жетілдіру үшін жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мәртебесі туралы ұстанымға көзқарасты өзгерту қажет. Биліктің барлық деңгейлері арасында құқықтық синхронизацияны саналы және мақсатты түрде қамтамасыз ету қажет. Заңнамалық олқылықтарға жол берілмейді. Заңдар қоғамның барлық салаларын толық қамтуы керек. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының халық өмірінің мәселелерін шешудегі өкілеттіктерін, құзыреттерді және іс жүргізу нысаналарын толық және дәл реттеуге тиіс.

Бұл ретте басымдық жергілікті өзін-өзі басқару органдарында сақталуы керек. Мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына қатысты құқықтық синхрондау тұжырымдамасы мен әдістемесін одан әрі дамыту қажет.

Егер, жергілікті өзін-өзі басқару Қазақстан Республикасының бүкіл аумағын қамтыса тиімді және өз функцияларын толық орындай алады.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың өткір мәселесінің бірі экономика болып табылады. Өндірістік — жергілікті өзін-өзі басқаруға жүктелген мәселелерді шешу үшін жеткілікті базасыз яғни өндірістік меншік, қаржысыз, елестету мүмкін емес. Түрлі деректерге сүйенсек, қазір елдегі жалпы ақша сомасының 2 %-ға жуығы жергілікті басқару органдарына тиесілі, ал қалғаны мемлекетке, жеке ұйымдарға (кәсіпорындарға) және жеке тұлғаларға тиесілі. Оларды бөлек қарастырмас бұрын, Еуропалық Хартияда жергілікті өзін-өзі басқарудың қаржылық негізі қалай көрсетілгенін қарастырайық:

Жергілікті билік органдарының қаржылық негізі:

1. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары өз қаражатын елдің экономикалық саясатына сәйкес өз өкілеттігі шегіндегі қызметтен еркін пайдалана алады.

2. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қаржылық негізі еліміздің конституциясы мен заңдарына сәйкес атқарылатын жұмыс шеңберіне сәйкес болуы тиіс.

3. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары қаражатының бір бөлігі жергілікті жерден алынатын салықтардан тұрады және олардың мөлшері дербес анықталады.

4. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына бөлінген ресурстар жұмыс тәртібінде жергілікті өзін-өзі басқару органдарының келісімін алғаннан кейін бөлінеді.

5. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары күрделі қаржылық несие алуға құқылы және заңда көрсетілгендей, өз еліндегі несие нарығын да пайдаланады [3].

Ұлыбританияда мемлекеттік бюджетпен қатар жергілікті билік органдары және қайырымдылық көрсетуші жеке тұлғалар тарапынан қаржыландырылатын қамқоршылық көрсету [4, 22].

Бірнеше сөзбен айтқанда, жергілікті құрылым, заңды тұлға ретінде, өз бюджетін басқарады және оған иелік етудің ешқандай шегі жоқ. Өзін-өзі басқару жүйесінің міндетті жұмысын жүзеге асыру үшін жағдайлар бар. Жергілікті өзін-өзі басқару органы оны қалай жүзеге асыруды біледі, бірақ ең бастысы-заң шеңберінен шықпау тиіс [5, 34].

Жергілікті өзін-өзі басқару бюджетін қалыптастыру көзі шартты түрде келесі жолдардан тұрады:

1. Жергілікті алымдар мен салықтарды жинау.

2. Мемлекеттік салықтың бір бөлігі (пайызы) жергілікті өзін-өзі басқару органдарына қалады.

3. Мемлекеттік бюджеттен бөлінген.

Әрине, олардың ішіндегі ең тиімдісі жергілікті салық болса, ең қажетсізі — мемлекеттен бөлінген қаржы.

Жергілікті бюджеттің кіріс көзін жергілікті салықтар, алымдар мен өсімпұлдар, ұзақ мерзімді мерзімге белгіленген мемлекеттік салықтар, заңнамалық нормаларға сәйкес бөлінген қаражат, мемлекеттік органдардың жергілікті өзін-өзі басқару органдарына беретін жеке мемлекеттік өкілдіктердің қаражаты, жергілікті несиелер, коммуналдық кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар пайдасының бір бөлігі, субсидиялар, субвенциялар, трансферттік төлемдер және басқа да түсімдер мен қаражаттар.

Көптеген мемлекеттердің қаржы көздері жергілікті алымдар мен салықтардан құралады. АҚШ-та олар жалпы бюджеттің 60 %, Ұлыбританияда 30–40 %, Францияда 37 %, Германияда 25 % құрайды. Мемлекет тарапынан бөлінетін субсидия 20–40 % аспайды.

Жергілікті бюджеттер, әдетте, сайланбалы мемлекеттік органдары бар әкімшілік бірліктердің аумағында жұмыс істейді. Ұлыбританияда жергілікті бюджеттер аудандарда, округтерде және қалаларда кеңінен қолданылады; Германияда бірлестіктер мен қалаларда; Францияда департаменттер мен коммуналарда; Жапонияда префектураларда, аудандарда, қалаларда; Италияда, Бельгияда провинцияларда, коммуналарда; Норвегияда, Данияда, Швецияда ауылдық және қалалық қауымдастықтарда және т. б. [6, 29].

Жергілікті бюджеттердің жай-күйінде, олардың сипаттамаларында, жергілікті қаржыны мемлекеттік бақылаудың мөлшері мен нысандарында, сондай-ақ жергілікті билік органдарының құзыретінде, жергілікті бюджеттер мен банк секторы арасында қалыптасқан өзара қатынастарды айқындайтын қолданыстағы заңнамада әртүрлі елдерде қатты айырмашылықтар байқалады. Алайда, бірлестікте жергілікті қаржы саласындағы әртүрлі елдердің ортақ проблемалары, яғни олардың ішінде неғұрлым өткір проблема жергілікті бюджет тапшылығы болып табылады.

Жергілікті өзін-өзі басқару туралы Еуропалық Хартия өзінің басым шығындарын айқындауда қаржылық дербестікті қарастырады: «жергілікті билік органдарына өз өкілеттіктері шегінде елдің экономикалық саясаты шеңберінде еркін билік ете алатын өз қаржы құралдарын пайдалану құқығы беріледі». Қаржылық тәуелсіздік — жергілікті өзін-өзі

басқару органдары пәрменділігінің маңызды шарты және бұл мәселе Қазақстан Республикасы үшін ерекше өзекті, тіпті төмен деңгейдегі жергілікті мемлекеттік билік органдарының да өз бюджеттері мен сенімді кіріс көздері жоқ [7, 92].

Жергілікті бюджеттер экономикаға әсер ету, экономикалық процестерді реттеу, мәдениет пен білім беруді дамыту, әлеуметтік қайшылықтарды жою, халықты жұмыспен қамту және басқа да көптеген мәселелерді шешу үшін кеңінен қолданылады. Олар жергілікті қауымдастықтар өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі проблемасы істің қаржы-экономикалық аспектісі болып табылады. Аймақтардағы бюджетаралық қатынастар мағынасыз және аумақтардағы жұмыс пен салық базасын дамыту үшін мағынасы жоқ, өйткені барлық жиналған бюджет жергілікті жерде қалмайтындығында [8, 18].

Осыған байланысты жергілікті өзін-өзі басқару органдары үшін өз құзыреттерін іске асыру үшін бюджет кірісін қамтамасыз ету проблемасы өте маңызды болып табылады. Тиісінше, Қазақстан Республикасы кіретін ТМД-ның көптеген елдерінің жергілікті баптары туралы «заңдарда» мынадай баптар бар:

1. Жергілікті бюджеттің атқарылуын дайындауды, бекітуді және іске асыруды, бақылауды жүзеге асыруды жергілікті өзін-өзі басқару органдары жүргізеді.

2. Жергілікті бюджеттің тәуелсіздігі төменде көрсетілген шартпен сақталады:

– жергілікті өзін-өзі басқару органдары бюджет қорларын пайдалану бағыттарын нақтылауға өкілетті.

Жергілікті өзін-өзі басқару елдегі басқару жүйесінің толыққанды және берік буынына айналуға арналған. Мәслихаттар жергілікті мәселелерді шешу үшін жергілікті халық сайлайтын жергілікті өкілді органдар ретінде елдегі жергілікті өзін-өзі басқарудың негізі бола алады. Бұл азаматтардың бастамашылығын, олардың тұрғылықты жеріндегі жағдайға ұжымдық жауапкершілігін дамытуға ықпал етуі тиіс еді. Жергілікті маңызы бар мәселелерді жергілікті билік шешуі керек, олардың өз міндеттерін қалай атқаратынын тұрғындардың өздері шешуі керек [9, 37].

Жақында отандық мерзімді басылымдарға «аутсорсинг» термині белсенді түрде енгізілуде, оның мағынасы ұйымның кейбір қызмет көрсету функцияларын осы салада маманданған басқа компанияға беруі болып табылады. Бұл аутсорсингтің негізгі қағидасы негізінде жүзеге асырылады: «Мен өзіме басқалардан жақсырақ істей алатын нәрсені ғана қалдырамын, сыртқы орындаушыға оның басқалардан жақсырақ істейтінін беремін».

Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі де осы жолда дамитын көрінеді. Өйткені, мемлекет сол корпорация, басқару процестері бірдей, тек әлдеқайда ауқымды.

2007 жылдың мамырында конституциялық реформаны жүзеге асыру басталды, ол тек бүкіл ел үшін аутсорсингтің бір түріне айналды. Мемлекет жергілікті өзін-өзі басқару органдарына мәселелерді өз деңгейінде дербес шешу құқығын әдейі берді және сол арқылы оның аймақтарға ықпал ету аясын шектеді.

Жергілікті өзін-өзі басқару туралы айтқанда, бұл халық тұратын аумақты басқаруға тікелей «кіретін» әкімшілік жүйенің осындай төменгі сатысы екенін атап өткен жөн. Бірнеше үй шаруашылығының тұрғындары өздерінің тұрғын үй-коммуналдық мәселелерін бірлесіп шешу үшін өз еркімен бірігеді. Мысал ретінде жергілікті өзін-өзі басқарудың өзекті мәселелерін атауға болады: ауданды газдандыру, тұрғын үйлерді жылумен және жарықпен үздіксіз қамтамасыз ету, сумен қамту немесе іргелес аумақты ретке келтіру.

Енді жергілікті маңызы бар мәселелерді жергілікті билік шешуі керек, олар мұны бәрінен бұрын шешеді. Неліктен? Иә, өйткені бұл аулалар мен кондоминиумдардың тұрғындарының өздері жергілікті өзін-өзі басқару мекемелерінің қызметіне атсалысатын болады. Осылайша, өзін-өзі басқарудың жоғары тиімділігі тұрғындардың тікелей мүдделерімен анықталады, өйткені ол өздерінің тұрғылықты жеріне қатысты мәселелер.

Басқаша айтқанда, халық жергілікті маңызы бар проблемаларды неғұрлым тиімді және жедел шешу үшін өзін-өзі ұйымдастырады. Жергілікті өзін өзі басқару жүйесі маңызды басқару процестерін тек халықтың үлкен қатысуымен жаңғыртады. Халықпен «тікелей байланысқа» қатысты өзін өзі басқару органдары жергілікті деңгейде туындайтын мәселелерді тиімді шешуге қабілетті екенін нақты айту керек. Демек, жергілікті өзін-өзі басқару шынайы демократияның негізгі компоненттерінің бірі. Осыған сүйене отырып, жергілікті өзін-өзі басқару әрқашан еліміздің мемлекеттік саясатының басым бағыты болды деп айтуға болады.

Қазақстан жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін енгізу мен дамыту туралы мәселе ұзақ уақыт бойы «өлі нүктеден» жылжып келе жатпағанын атап өткен жөн.

Сонымен бірге, бұл мәселеге мемлекет тарапынан назар аударылмады деп айтуда қате. Өйткені, Президенттің жергілікті өзін-өзі басқарудың өзінді моделін құрудың саяси бағытын жариялауының алдында көп жылғы тынымсыз жұмыс себеп болады. Тек үкімет біраз уақытқа «тайм-аут» алды, өйткені түпкілікті саяси шешім қабылдағанда елдегі өзін өзі басқаруды жүзеге асыру үлгісін біржолата шешу қажет болады.

Жергілікті ерекшеліктер ескерілетіндей жергілікті билік органдарын қалай ұйымдастыруға болады, азаматтық қоғамның дамымаған жағдайында өзін-өзі басқарудың осы немесе басқа моделі қаншалықты тиімді жұмыс істейді, өзін-өзі басқаруды енгізудің әлеуметтік – саяси салдары қандай, бұл сұрақтардың барлығы нақты жауапты талап етеді. Нәтижесінде жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асырудың оңтайлы тетігін іздеу барысында белгілі бір тәжірибе жинақталды.

Тұжырымдар. Жоғарыда келтірілген мәліметтерді қорытындылай келе, Қазақстан Республикасы Конституциясының 89-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару туралы Заңына «жергілікті бюджет» деген бапты енгізу қажет деп санаймыз.

Біздің ойымызша, біріншіден, кез келген елді мекен деңгейінде бір ғана бюджет, жергілікті өзін-өзі басқару бюджеті болатынын нақты анықтау қажет. Жергілікті салықтардан түсетін бюджет жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуі керек. Сонда ғана жергілікті жердегі өзекті мәселелер өз шешімін табатынына сенімдіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ.-Ж. Тоқаев Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы: Қазақстан халқына Жолдауы. 2022 жылғы 16 наурыз // <https://www.akorda.kz/kz/kasym-zhomart-tokaev-kazakstan-halkyna-zholdauyn-zhariyalady-1624734>
2. Ясюнас В.Л. Основы местного самоуправления. — М., 1998. — 25 с.
3. Европейская хартия местного самоуправления, Страсбург, 15 октября 1985 года // <https://rm.coe.int/168007a105>
4. Балгожина М.Е., Абиев Е.С., Қаржасова Г.Б. Бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан адамдардың әлеуметтік бейімделуіне байланысты кейбір мәселелер // «Хабаршы – Вестник» Карагандинской академии МВД РК им. Б. Бейсенова. — 2021. — № 4(74). — Б. 22.
5. Жергілікті өзін-өзі басқару — азаматтық қоғамның алғашқы баспалдағы. — Алматы, 2002. — 34 б.
6. Ракитов А.И. Местные самоуправления в зарубежных странах. Информационный обзор. — М., 1994. — 29 с.
7. Местное самоуправление в Казахстане: особенности ситуации и перспективы развития // Фонд Сорос-Казахстан, Московский общественный фонд, Алматы, 21-23 мая 2003 г. — Алматы, 2003. — 92 с.
8. Кубаев К.Е. Местное самоуправление. — Алматы, 2003. — 18 с.
9. Сравнительное конституционное право / Отв.ред. проф. Чиркин В.Е. — М., 1996. — 37 с.

Абдрахманов М.К.,

докторант

(e-mail: medet-abdrahmanov@mail.ru);

Майшекина Э.С.,

доктор философии (PhD)

(Alikhan Bokeikhan University, г. Семей, Республика Казахстан,

e-mail: eldana_18@mail.ru);

Смоилов С.Ж.,

доктор философии (PhD), доцент

(Университет Тұран-Астана, г. Нур-Султан, Республика Казахстан,

e-mail: smoilovs@mail.ru)

Значение правового формирования местного бюджета в органах самоуправления

Аннотация. В статье на основе сравнения с зарубежным опытом изучено формирование местного бюджета в органах местного самоуправления, а также рассмотрены основная суть и цели внедрения местного бюджета. Исследуются проблемы, связанные с правовым статусом местных органов власти, функционированием системы государственной власти при местном самоуправлении. Изучаются механизмы и пути совершенствования местного самоуправления, структурные элементы бюджета их правовая сущность и правовая природа. Приводятся возможные механизмы сравнения опыта зарубежных стран для возможности его в органах реализации местного самоуправления. Рассматривается соответствие местного самоуправления в Республике Казахстан принципам организации местного самоуправления зарубежных стран. Уделено внимание проблемам финансирования местного самоуправления.

Ключевые слова: местное государственное управление, местное самоуправление, местный бюджет, зарубежные модели местного самоуправления, налог, местные финансы, местные органы власти, система местного самоуправления, народовластие.

M.K. Abdrakhmanov,

Doctoral student

(e-mail: medet-abdrahmanov@mail.ru);

E.S. Maishekina,

Doctor of Philosophy (PhD)

(University Alikhan Bokeikhan University, Semey, Republic of Kazakhstan,

e-mail: eldana_18@mail.ru);

S.Zh. Smoilov,

Doctor of Philosophy (PhD), associate professor

(Turan University-Astana, Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan,

e-mail: smoilovs@mail.ru)

The significance of the legal formation of the local budget in self-government bodies

Annotation. In this article, based on comparison with foreign experience, the formation of the local budget in local self-government bodies is studied, as well as the main essence and goals of the implementation of the local budget are considered. The issues and problems related to the legal status of local authorities, the functioning of the system of state power under local self-government are considered. Mechanisms and ways of improving local self-government are being studied. Structural elements of the budget, their legal essence and legal nature are studied. Possible mechanisms for comparing the experience of foreign countries for the practice of implementing local self-government are being conducted. The compliance of local self-government in the Republic of Kazakhstan with the principles of the organization of local self-government of foreign countries is considered. The article also explores the problem of financing local self-government.

Keywords: local public administration, local self-government, local budget, foreign models of local self-government, tax, local finance, local authorities, local self-government system, democracy.



УДК 34.096

Ажибеков М. К.,
докторант факультета послевузовского образования,
магистр юридических наук, подполковник полиции
(Карагандинская академия МВД РК им. Б. Бейсенова,
г. Караганда, Республика Казахстан,
e-mail: azhibekov_marat@mail.ru)

Содержание понятия «обеспечение информационной безопасности»

Аннотация. Автор рассматривает вопросы понятия обеспечения информационной безопасности. Задачу обеспечения информационной безопасности можно сформулировать следующим образом: построение оптимальной системы защиты базы данных заключается в выборе методов непосредственной защиты и их распределении между отдельными компонентами физической базы данных, при которых обеспечиваются экстремальное значение заданных критериев эффективности проектируемой системы. Развитие информационной инфраструктуры государства стало целым явлением в деятельности человека и всего гражданского общества. Человек, получивший доступ к информации и к информационной системе, приобретает огромный опыт и знания о мировой системе развития экономики, права, политики, на основе чего может удовлетворить личные нужды и расширить кругозор. Информатизация и цифровизация Республики Казахстан — это управление гражданского общества, организаций, государственных органов и т. д., все это подлежит защите и обеспечению информационной безопасности.

Ключевые слова: государство, информация, безопасность, обороноспособность, законодательство, угроза, противодействие, предупреждение, защита.

В Послании народу Республики Казахстан Глава государства К.-Ж. Токаев назвал цифровизацию ключевым инструментом для достижения национальной конкурентоспособности. Он также подчеркнул важность устранения цифрового неравенства, обеспечения максимального доступа к интернету и качественной связи [1].

Прежде чем рассматривать понятие «обеспечение информационной безопасности», необходимо определиться с рядом исходных понятий: «обеспечение», «безопасность», «информационная безопасность». Закон Республики Казахстан «Об информатизации» определяет информационную безопасность в сфере информатизации (далее — информационная безопасность) как состояние защищенности электронных информационных ресурсов, информационных систем и информационно-коммуникационной инфраструктуры от внутренних и внешних угроз [2].

А. Искаков, раскрывая понятия «информация» и «информационная безопасность», указал, что они должны расцениваться с различных точек зрения, так как раскрывают те или иные важные характеристики. Рассмотрение информационной безопасности исходит из указанных аспектов информации [3, 73].

В толковом словаре Ожегова информация толкуется как сведения об окружающем мире и протекающих в нем процессах, воспринимаемые человеком или специальным устройством, а также сообщения, осведомляющие о положении дел, о состоянии чего-н. [4, 250]. Слово «безопасность» в этом же словаре означает состояние, при котором не угрожает опасность, есть защита от опасности [4, 41].

В Новом иллюстрированном энциклопедическом словаре информация (от лат. Information — разъяснение, изложение) — первоначальные сведения, передаваемые людьми устным, письменным или другим способом (с помощью условных сигналов, технических средств и т. д.) [5, 286].

Согласно Юридической энциклопедии информация (от лат. Informatio — разъяснение, изложение; англ. information) — это сведения о лицах, событиях, фактах, предметах, явлениях и процессах независимо от формы их представления [6, 186]. Там же под безопасностью

(англ. safety, security) понимается состояние защищенности жизненно важных интересов личности, общества и государства от внутренних и внешних угроз. Основные объекты безопасности: личность — ее права и свободы; общество — его материальные и духовные ценности; государство — его конституционный строй, суверенитет и территориальная целостность [6, 47].

На основании вышеизложенного полагали бы, что информационная безопасность — это защита от неправомерного проникновения в электронно-вычислительные системы, абонентские устройства сотовой и мобильной связи, создание, использование и распространение вирусных программ.

Определяя содержание понятия «обеспечение информационной безопасности», А. Стрельцов подчеркнул, что оно заключается в разработке условий, при которых невозможно повреждение информационно-зависимых свойств или компонентов объекта безопасности [7, 54].

Несмотря на то, что понятие «обеспечение информационной безопасности» часто используется в правовых актах, научных трудах, усматривается, что не уделялось особого интереса раскрытию содержания данного понятия.

Слово «обеспечение» в русском языке толкуется, с одной стороны, как вид деятельности, с другой стороны — как средство деятельности. Как вид деятельности оно означает действия, направленные на то, чтобы сделать что-нибудь «вполне возможным, действительным, реально выполнимым» [8, 344], а как средство деятельности — «то, чем обеспечивают кого-нибудь или что-нибудь» [9, 364]. Здесь деятельность рассматривается как специальный путь к жизнедеятельности человека, отличающий его от мира животных, также она может представлять комплекс длительных действий для достижения конкретных целей и задач. Индивид выступает субъектом данной деятельности [10, 58], удовлетворяющий так свои потребности для условий жизни. Здесь можно выделить следующие виды потребностей: а) направленные на удержание жизнедеятельности; б) возникающие в связи с потребностью в благоприятном уровне существования, без которых рождается недовольство.

Потребности первого типа включают потребность в воздухе, в питании, в развитии, в способности понимания мира, тогда как потребность в жилье, образовании, финансовом и социальном благообразии образуют второй тип. Указанные потребности определяются для интересов, которые характеризуются средствами и активами, необходимыми для субъекта. Мотив, с помощью которого разрабатываются цели и планы, является прямой причиной для действий [11, 116]. К примеру, организованная преступная группа, т. е. деятельность группы людей, направленная на достижение конкретной преступной цели, и потребности в жажде наживы имущественного, денежного и телекоммуникационного обеспечения, а также пополнения в организованную группу новыми членами и специалистами.

В данном контексте «обеспечение» представляется как средство деятельности, т. е. ряд материальных и духовных объектов, экономических, правовых и организационных инструментов, повышающих эффективность деятельности для достижения поставленных целей. Содержание его определяется предметной областью поддержки как вида деятельности.

Основная цель деятельности может заключаться в поддержании устойчивого развития общества, в достижении и сохранении высокого уровня благосостояния его членов. Достижение данной цели, если понимать ее как «командный механизм социальной системы», обеспечивает надлежащее управление процессами социального становления [11, 232–233]. Такое обеспечение включает в себя совокупность обязанностей государства, к которым можно отнести социальную, экономическую, природоохранную, развитие научно-технических результатов, культуры и искусства, обеспечение правопорядка и укрепление законности, поддержание взаимовыгодной международной торговли и мира, усиление защиты [12, 29].

В случае, если предметом обеспечения является выполнение каким-либо должностным лицом возложенных на него задач, то обеспечение заключается в определении структуры необходимого аппарата, пополнения персонала, осуществлении определенных организационных, информационно-аналитических, экономических и других необходимых мероприятий.

В современных теоретических исследованиях безопасность рассматривается с разных точек зрения, но в настоящее время в научной литературе отсутствует единство мнений, определяющих сущность этого сложного социального явления. Анализ действующего законодательства Республики Казахстан показал, что безопасность определяется состоянием защищенности конкретного объекта от внешних и внутренних угроз. Согласно Закону Республики Казахстан «Об информатизации» защита от таких угроз возложена на оперативный центр информационной безопасности, который в свою очередь:

1) осуществляет деятельность по обнаружению, оценке, прогнозированию, локализации, нейтрализации и профилактике угроз информационной безопасности информационно-коммуникационной инфраструктуры, объектов информатизации, подключенных к оперативному центру информационной безопасности;

2) принимает меры по минимизации угроз информационной безопасности, незамедлительно информирует владельца информационно-коммуникационной инфраструктуры, а также Национальный координационный центр информационной безопасности о факте инцидента информационной безопасности [13].

Государство Республики Казахстан на законодательном уровне предусматривает защиту прав граждан и интересов государства в области информационной безопасности.

Понимание безопасности как состояния защищенности жизненно важных интересов личности, общества и государства от внутренних и внешних угроз предполагает рассмотрение ее как сложной многоуровневой функциональной системы. При этом в качестве целевой функции системы безопасности выступает защищенность определенной совокупности взаимодействующих интересов от угроз [14, 45].

На уровне обыденного сознания понятие «безопасность» определяется как «отсутствие опасности» [14, 67], «положение, при котором не угрожает опасность кому-нибудь, чему-нибудь» [14, 83]. Большинство исследователей отмечают, что понятие «безопасность» в более широком смысле рассматривается как философская категория, которая не является чем-то осязаемым, материальным и выступает интегральной формой выражения жизнеспособности и жизнестойкости объектов конкретного мира [15, 13].

Защищенность — это свойство социального организма гибко реагировать на изменения в окружающей среде, а степень жизнеспособности может определяться самодостаточностью, иммунитетом, умением определять свои жизненные интересы и действовать для воплощения их.

«Оценка безопасности... как свойства, вероятно, не создает чего-то принципиально нового, придает его характеристике остроту восприятия, поскольку потеря свойства приводит к разрушению... системы. Состояние же безопасности не что иное, как диагностика этого свойства на тот или иной фиксированный период» [16, 108–109].

Как указывают казахстанские исследователи, в первую очередь нуждается в уточнении понятия «опасность», поскольку как при расследованиях по вопросам безопасности указанное понятие выступает первоначальным [17, 6]. Теория безопасности определяет термин «опасность» как возможность неблагоприятного воздействия на социальный организм, которому причиняется ущерб, вред, негативно сказывающийся на его состоянии, отрицательно влияющий на динамику или параметры развития [17, 9]. Соответственно, понятие «опасность» в данном контексте можем трактовать как состояние тревоги, возникающее в результате возникновения реальных угроз, а также различных обстоятельств, способствующих созданию этой ситуации. Тогда как вероятная опасность, устрашение, обещание неприятностей

и причинения вреда обозначается единым словом «угроза» [16, 716]. Они возникают извне и, не зависимо от вида, могут быть в рамках рассматриваемого объекта.

Следовательно, термин «безопасность» трактуется как «отсутствие угрозы кому-то, чему-то». Также это понятие раскрывается в справочной литературе: «ситуация, в которой кому-то или кому-то не угрожает опасность, и не исключено наличие нескольких источников опасности одновременно. Безопасность возможных жертв обеспечивается, когда жертвы сталкиваются со всевозможными угрозами или когда им ничего не угрожает» [18, 56]. Из этого следует, что «безопасность» есть невозможность нанесения вреда никому (ничему) в результате угроз, соответственно, полная защита от них.

Как уже упоминалось выше, безопасность выражается в отсутствии ущерба для функционирования и свойств объекта или его структурных компонентов. Это правило является методологической основой для распределения типов безопасности. Один из важнейших структурных компонентов многих объектов безопасности — информация или деятельность, сутью которой является информация. Наличие или отсутствие угрозы для этих объектов позволяет говорить об их информационной безопасности.

На основании вышеизложенного, нами представляется, что обеспечение информационной безопасности — это защита общественных отношений, связанных с информационными данными и информационной инфраструктурой, где информация выступает как единственный инструмент для доведения до человека содержания социальных и технических норм, а также — в случае несоблюдения норм — предупреждения от вероятных негативных последствий.

Список использованной литературы:

1. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана от 1 сентября 2020 г. // <https://zonakz.net/2020/09/01/tokaev-cifrovizaciya-klyuchevoj-instrument-dostizheniya-nacionalnoj-konkurentosposobnosti/>
2. Закон Республики Казахстан «Об информатизации» от 24 ноября 2015 г. № 418-V ЗРК (с изм. и доп. по состоянию на 02.01.2021 г.) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33885902
3. Искаков К. Понятие информации и информационной безопасности // «Хабаршы — Вестник» Карагандинской академии МВД РК им. Б. Бейсенова. — 2020. — № 1. — С. 83.
4. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка: 80 000 слов и фразеологических выражений. — 4-е изд., дополненное. — М.: Азбуковник, 1999. — 944 с.
5. Новый иллюстрированный энциклопедический словарь / Ред. кол.: В.И. Бородулин, А.П. Гусев, Н.М. Ланда и др. — М.: Большая Российская энцикл. — 2001. — 912 с., ил.
6. Тихомирова Л.В. Тихомиров М.Ю. Юридическая энциклопедия / Под ред. М.Ю. Тихомирова. — М., 1997. — 526 с.
7. Стрельцов А.А. Правовое обеспечение информационной безопасности России: Теоретические и методологические основы / <http://test.iisi.msu.ru/UserFiles/File/publications/Streltsov.pdf>. — 2004. — 334с.
8. Обществознание: Пособие для поступающих в вузы Российской Федерации / Отв.ред.М.Н. Марченко. — М.: Зерцало, 2005. — 559 с.
9. Общая социология: Учеб. пос. / Под ред. А.Г. Эфендиева. — М.: ИНФРА. — М., 2002. — 654 с.
10. Кинг А., Шнайдер Б. Первая глобальная революция. Доклад Римского клуба. — М.: Прогресс-Пангея, 1991. — 344 с.
11. Сырых В.М. Теория государства и права: Учебн. для вузов. — М.: Былина, 1998. — 512 с.
12. Трухачев В.В. Криминалистический анализ сокрытия преступной деятельности. — Воронеж, 2000. — С. 29.
13. Закон Республики Казахстан «Об информатизации» от 24 ноября 2015 г. № 418-V ЗРК (с изм. и доп. по состоянию на 02.01.2021 г.) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33885902

14. Даль В. Толковый словарь живого великорусского языка. — М.: Русский язык, 1989. — С. 67, 83.
15. Кажегельдин А.М., Дзлиев М.И., Потрубач Н.Н. Безопасность социума. — М., 1997. — С. 13.
16. Семенов В.А. Безопасность России и ее методологические вопросы // Проблемы глобальной безопасности. — М., 1995. — С. 108–109, 716.
17. Национальная безопасность Казахстана: иерархия угроз. — Алматы: Центрально-азиатское агентство политических исследований, 2001. — 54 с.
18. Основы экономической безопасности. Государство, регион, предприятие, личность / Под ред. Е.А. Олейникова. — М.: ЗАО «Бизнес-школа «Интел-Синтез», 1997. — 288с.

Ажибеков М. К.,

*Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру факультетінің докторанты,
заң ғылымдарының магистрі, полиция майоры
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.,
e-mail: azhibekov_marat@mail.ru)*

«Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету» түсінігінің мазмұны

Аннотация. Автор ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ұғымының мәселелерін қарастырады. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеті келесідей тұжырымдалуы мүмкін: дерекқорды қорғаудың оңтайлы жүйесін құру тікелей қорғаныс әдістерін таңдау және оларды жобаланған жүйенің тиімділігінің берілген критерийлерінің экстремалды мәні қамтамасыз етілетін физикалық Дерекқордың жеке компоненттері арасында бөлу болып табылады. Мемлекеттің ақпараттық инфрақұрылымының дамуы адамның және бүкіл азаматтық қоғамның қызметіндегі тұтас құбылыс болды. Ақпаратқа және ақпараттық жүйеге қол жеткізген адам экономиканы, құқықты, саясатты дамытудың әлемдік жүйесі туралы үлкен тәжірибе мен білім алады, соның негізінде ол жеке қажеттіліктерді қанағаттандыра алады және көкжиегін кеңейте алады. Қазақстан Республикасын ақпараттандыру және Цифрландыру — бұл азаматтық қоғам, ұйымдар, мемлекеттік органдар басқармасы және т. б. мұның бәрі ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және қорғауға жатады.

Негізгі сөздер: мемлекет, ақпарат, қауіпсіздік, қорғаныс қабілеті, заңнама, қауіп, қарсы тұру, алдын алу, қорғау.

M. K. Azhibekov,

*doctoral student of the Faculty of Postgraduate Education,
Candidate of Law, police lieutenant colonel
(Karaganda academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan
named after B. Beysenov, e-mail: azhibekov_marat@mail.ru)*

The content of the concept of «information security»

Annotation. The author examines the issues of the concept of information security. The task of ensuring information security can be formulated as follows: the construction of an optimal database protection system consists in the choice of methods of direct protection and their distribution between the individual components of the physical database, in which the extreme value of the specified criteria for the effectiveness of the designed system is ensured. The development of the information infrastructure of the state has become a whole phenomenon in human activity and in the entire civil society. A person who has access to information and to the information system acquires vast experience and knowledge about the world system of economic development, law, politics, on the basis of which he can satisfy personal needs and broaden his horizons. Informatization and digitalization of the Republic of Kazakhstan is the management of civil society, organizations, state bodies, etc., all this is subject to protection and information security.

Keywords: state, information, security, defense, legislation, threat, countermeasures, prevention, protection.



Ажибекова С. К.,
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру факультетінің докторанты,
заң ғылымдарының магистрі, полиция майоры
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.,
e-mail: salta105105@mail.ru)

Қылмыстық құқықтағы «бала» ұғымының мәні мен түрлері

Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында кездесетін негізгі мәселелердің бірі — бала ұғымының мәні мен түрлері қозғалған. Автор бала ұғымы аталған заңнамада жеткілікті қалыптаспағанын айтады және оны жан жақты қарастырады, айтуынша, балаға қатысты сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық түріндегі қылмыстық құқық бұзушылықты дұрыс саралау үшін алдымен қылмыстық заңнамада «бала» ұғымын нақтылап алған жөн. Себебі бала құқығы, кәмелет жасқа толмағандар құқығы, ересек адам құқығына қарағанда кең ауқымда, жан жақты, толық қорғалуы керек. Сонымен қатар, мақалада автор отандық заң нормаларында жиі кездесетін «кәмелет жасқа толмаған», «жас бала» ұғымдарының ара жігін ажыратып, жас ерекшеліктеріне байланысты қандай ұғым қолданылу керектігін көрсетті. Бала құқықтары, оның ішінде жыныстық тиіспеушілік құқықтарының қатаң сақталуын қамтамасыз ету мақсатында автор қылмыстық құқықтарды реттейтін отандық заңнамаға өзгертулер мен толықтырулар енгізуді ұсынып отыр.

Негізгі сөздер: бала, жас бала, кәмелетке толмағандар, жыныстық қылмыстар, кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған жыныстық сипаттағы қылмыстар.

Адам мен азаматтың құқықтарының қамтамасыз етілуі мемлекетіміздің қылмыстық құқықтық саясатының негізгі мәселелерінің бірегейі екендігі баршаға аян. Аталмыш құқықтың ішінде ерекше назар аудартатыны — бала құқығы, яғни оның қажетінше қорғалуы. Бала құқықтарының бұзылуының алдын алуда төл заңнамамызда қаншалықты шаралар қарастырылған. Осы тұрғыда тағайындалатын жазаның өзгелерге қарағанда салмағының ауырлығы да бұған деген айрықша көзқарасты танытады. Дегенмен, аталған мәселені жан-жақты қарастырып, саралайтын болсақ, отандық қылмыстық заңнамада «бала» ұғымының жеткілікті дәрежеде ашылмағанына айқын көз жеткіземіз. Қылмыстық заңнамадағы бала ұғымын зерделей келгенде, «балаға кімдер жатады» деген заңды сұрақ туындайды. Енді осы сұраққа жауап іздеуге тырысайық.

Бала ұғымы отандық қылмыстық заңнамада бұрыннан қалыптасқан деуге келмейді. Себебі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Заңының 2-бөлігінің 14) тармағында қарастырылып, соның негізінде Қылмыстық кодекстің 99-бабы 3-бөлікпен толықтырылған адам өлтіру қылмысында жас баланы өлтіру саралау белгісі ретінде қарастырылады [1]. Бұл өз кезегінде жеке адам құқықтарының ішіндегі жас бала құқықтарының маңыздылығын білдірумен қатар, оның қорғалуын күшейту болып танылады. Сонымен қатар осы заң нормаларына сай зорлау қылмысы белгіленген Қылмыстық кодекстің 120-бабының 4-бөлігі мен сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері қарастырылған 121-бабының 4-бөлігіне де «жас бала» ұғымы енгізіліп, саралау белгілері ретінде танылды. Атап айтқанда, қылмыстық жауаптылық қарастырылып, қылмыс ретінде танылатын сексуалдық сипаттағы қылмыстар бойынша жас баланың жыныстық тиіспеушілік құқықтарының айрықша бағалануы аталған қылмыстардың алдын алуға септігін тигізеді деп сенуге болады.

Қазақстанның Қылмыстық заңнамасында орын алып отырған жас бала ұғымы тек жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарда ғана қарастырылғандығын ескеретін бол-

сақ, жас бала құқықтары адамның жеке құқықтарын құрайтын тек өмір сүруден, денсаулықтан, жыныстық тиіспеушіліктенен тұрады десек, қателескеніміз. Осыған орай біз жас бала құқықтары қылмыстық заңнамамен қорғалатын адам құқықтарының барлығында да өзіндік орнын алуы тиіс деген пікірдеміз. Сондықтан отандық заң нормаларында жас бала құқықтарының қорғалуын кеңейтіп, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне жас балаға қатысты толық мағынада түсінік беретін тиісті норма енгізіп, онда «жас бала» ұғымы тиісінше қарастырылса орынды болар еді. Сонымен бірге жас баланың жыныстық тиіспеушілігіне қатысты құқықтары Қазақстан Республикасының Қылмыстық заңнамасының 120-бабындағы зорлау мен 121-бабында қарастырылған сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерінде ғана қорғалғандығы біршама сұрақтардың туындауына себеп болады. Өйткені жыныстық тиіспеушілікке қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері ретінде белгіленген Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 122-бабындағы он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерді жасау және 123-бабындағы жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр ету қылмыстық құқық бұзушылықтары бойынша жас бала санатының арнайы қарастырылмауы бала құқықтарының бұл салада қорғалмағандығын аңғартады. Осыдан кейін біздің елімізде жыныстық тиіспеушілік жағынан жас бала құқықтарының жан-жақты және толық қорғалуы қамтамасыз етілген деп қалайша тұжырым жасауға болады?

Бүгінгі таңда жыныстық құқық бұзушылықтардың, әсіресе олардың кәмелет жасына толмағандарға қатысты жасалуы белең алуда. Бұл құқық бұзушылықтар әр мемлекеттің қылмыстық кодексіне сай әртүрлі саралануда [2, 4].

Аталған кемшіліктерді көрсете келе жас бала құқықтарының біз үшін маңызды екендігін ескере отырып, бала құқықтарының ішіндегі жыныстық тиіспеушілік құқықтарын қамтамасыз ету масатында Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіндегі он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерді жасау көзделген 122-бабын және жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр ету белгіленген 123-бабын «жас балаға қатысты жасалса» деген тиісті тіркеспен толықтыру қажет.

Еліміздің қылмыстық заңнамасында «жас бала», «кәмелетке толмаған» ұғымы кеңінен қолданылғанымен, осы жас бала мен кәмелетке толмағандардың ара жігін ажырату заң нормасында қарастырылмағанына аса мән дере бермейміз. Қылмыстық кодекстің 80-бабының 1-бөлігінде кәмелетке толмағанадам ретінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта жасы он төртке толған және он сегіз жасқа толмаған адам танылатындығы қарастырылады [2]. Онда бұл норма негізінен қылмыстық құқық бұзушылық жасаған қылмыстық құқық бұзушылық субъектісіне тікелей қатысты болмақ. Біз қарастырып отырған «жас бала» мен «кәмелетке толмаған» қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам емес ол керісінше қылмыстық құқық бұзушылықтың құрбандары, яғни қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісі немесе қылмыстық құқық бұзушылықтың заты ретінде танылып отыр. Осыған байланысты бүгінгі таңда балаға қатысты сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық түріндегі қылмыстық құқық бұзушылықты дұрыс саралауда алдымен «бала» ұғымын нақтылап алған жөн.

Негізінен «бала» ұғымы бірнеше құқықтық актілерде қарастырылып, оған өздігінше түсінік берілген. Интернет желісіндегі уикипедияға жүгінетін болсақ, бала дегеніміз әке мен шешенің перзенті, ұрпағы, олар жынысына қарай ұл-қыз, ал жасына қарай нәресте, сәби, бөбек, балдырған, жеткіншек, жасөспірім болып танылады [3]. Ал, қазақ халқы әуелден адам жасына қатысты төмендегідей атауларды қолданған:

- 1) бір жасқа дейін — шақалақ, нәресте;
- 2) бір жастан екі жасқа дейін — қыз бала бөпе, ал ұл бала бөбек;

- 3) екі жастан үш жасқа дейін — бүлдіршін;
- 4) үш жастан бес жасқа дейін — балдырған, балауса;
- 5) алты жастан жеті жасқа дейін — бала, балақай;
- 6) сегіз жастан он екі жасқа дейін — ойын баласы, жеткіншек;
- 7) он үш жастан он бес жасқа дейін — ересек бала, жасөспірім;
- 8) он алты жастан он тоғыз жасқа дейін — бозбала, бойжеткен деп атаған [4].

Халқымыздың адам атауларының ішінде баланың жас шамасына қатысты бұлайша жіктеуі, қазақ қоғамындағы баланың өзіндік рөлін аңғартады. Осыдан қылмыстық заңнамадағы «бала» ұғымымен қатар алдағы уақытта әлі де балаға қатысты бірнеше қосалқы ұғымдардың пайда болу мүмкіндігін байқауға болады.

Балаға қатысты ұғымды одан әрі қарастырар болсақ, Қазақстан қабылдаған «Бала құқықтары туралы» Конвенцияның бірінші бабында «бала болып — он сегіз жасқа толғанға дейінгі адам баласы танылатындығы» белгіленген [5]. Ата заңымыздың талабына сүйенер болсақ халықаралық шарттардың отандық заңдардан үстемдігі барлығын ескере отырып, отандық құқықтық актілердегі бала түсінігі бала құқықтары туралы Конвенцияға сай болуы тиіс. Осы Конвенцияға сай 2002 жылғы 8 тамызда қабылданған «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бөлігінің 2) тармағында «бала» ұғымы былайша түсіндірілген: «бала — он сегіз жасқа (кәмелетке) томаған адам» [6]. Қарастырып отырған заңда балаға «кәмелетке толмаған» — деген ұғымға жақын түсінік берілген. Демек, біз баланың кәмелетке толмағандығын растай отырып, қылмыстық заңнамадағы «кәмелетке толмаған» ұғыммен «бала» ұғымы қолданылатынын ескеруге тиіспіз. Себебі, кәмелетке толмағанға жасалған сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық пен балаға қатысты жасалған сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық бірдей сараланады деуге болмайды. Осыдан барып баланы кәмелетке толмағандар санатынан ажырату міндеттілігі туындайды.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы кодексінің 1-бабының 8) тармағында да балаға он сегіз жасқа толмаған адам ретінде қарап, кәмелетке толмаған ұғымы қоса қарастырылады [7]. Сонымен бірге балаға қатысты аталған «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексі мен «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңда белгіленген бала түсінігі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі кодексінде де бірдей қарастырылған [8]. Сайып келгенде, отандық құқықтық актілерде бала мен кәмелетке толмағандарды тең дәрежеде қарастырғанын байқаймыз. Біздің пікірімізше, бұл — дұрыс емес қағида. Себебі бала мен кәмелетке толмағандар — мүлдем алшақ мағынадағы ұғымдар деуге болады. Атап айтқанда кәмелетке толмағандар кең мағынада болса, бала сол кәмелетке толмағандардың бір бөлігі ретінде қарастырылады. Біз жоғарыда жаңа туылған баладан он тоғыз жасқа дейінгі адамдардың бала болып танылатындығын, сондай-ақ балалықтың өзін жас шамасына қатысты бірнеше кезеңдерге бөлуге болатындығын айтып өттік. Осыдан бала ұғымының өзі ауқымды дегенді білдіреді.

Бұл мәселе кімді болса да ойландырмай қоймайды. Осы бағытта Б.Е. Айтжан балаға қатысты мәселелерді ортаға сала келе, қандай адам бала болып танылады деген сұраққа, бала болып он сегіз жасқа толмаған тұлға танылғандығын көрсетеді [9, 11.]. Бұдан Б.Е. Айтжанның пікірі де біз қарастырып өткен құқықтық актілер шеңберінде қалып отырғанын айқын аңғаруға болады. Бала ұғымын әлі де болса тарқатып ашу мәселесі заң саласының ғалымдары мен іс-тәжірибе мамандарын толғандыруы қажет.

Бала түсінігіне қатысты сұрақтарды талдай келе Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулыларына шолу жасауды жөн көрдік. Сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттермен байланысты қылмыстарды саралуға байланысты қабылданған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Зорлау және өзге де сексуалдық сипаттағы зор-

лық-зомбылық әрекеттермен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» 2007 жылғы 11 мамырдағы № 4 Нормативтік қаулысының 5-бөлігінде он төрт жасқа толмаған балалар жас жәбірленуші болып танылатындығы қарастырылады [10]. Қарастырып отырған Нормативтік қаулының негізінде бізде «жас жәбірленуші» деген тағы түсінік пайда болғанына куә болудамыз. Біз «бала», «кәмелетке толмаған», «жас жәбірленуші» деген ұғымдардың болатындығын анықтай келе осы ұғымның басқа да түсініктерінің алдағы уақытта болуын жоққа шығара алмаймыз.

«Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы № 1 Нормативтік қаулысының 22-3-бөлігінде балаға қатысты мәселелер сараланғандығымен, балаға кімнің жататындығы қарастырылмаған [11].

Бала ұғымына берілген құқықтық түсініктерді зерделей келе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 23-бабының 1-бөлігінде он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар жас балалар болып саналатындығы қарастырылғанына көз жеткіземіз [12]. Аталған заң нормасының талаптарын басшылыққа ала отырып біз бала ұғымына он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмағандарды жатқызуды ұсынамыз. Осыған орай «бала» мен «кәмелетке толмаған» ұғымдарын өзара ажырата отырып, негізінен кәмелетке толмағандарды «он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар» және «он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар» — деп екіге бөліп қарастыруға болады. Заң нормаларында жас бала ұғымының қолданылуы балалардың өзін бала және жас бала деп бөліп қарауды талап етеді. Бала деген сол кәмелетке толмағандардың барлығын айтар болсақ, жас бала ұғымына қатысты тек он төрт жасқа толмаған балаларды тануымыз керек.

Жоғарыда қарастырылғандарды ескере отырып отандық қылмыстық заңнамадағы «бала», «жас бала», «кәмелетке толмағандар» ұғымдарына берілген түсініктерді және осы «жас бала» ұғымы қолданылатын қылмыстық заң нормаларына шолу жасай отырып, ол ұғымның жақын арада пайдаланыла бастағандығын ескере келе, әлі де болса осы бағыттағы институттарды жетілдіру қажет деген пікірге келеміз.

Жас баланың жалпы құқықтарының сақталуын және жас баланың жыныстық тиіспеушілік құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Қылмыстық заңнамасын жетілдіру бағытында оған төмендегідей өзгертулер мен толықтырулар енгізу қажеттігі ұсынылады:

– Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 122-бабын жас балаға қатысты жасалған іс-әрекетті көздейтін 4-бөлікпен толықтырып, бөліктің мәтіні келесі редакцияда жазылсын:

– Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген жас балаға қатысты іс-әрекеттер жасау — белгілі бір лауазымдарды атқару немесе

белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

– Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 123-бабын жас балаға қатысты жасалған іс-әрекетті көздейтін 3-бөлікпен толықтырып, бөліктің мәтіні келесі редакцияда жазылсын:

